



2019  
31 ҚАЗАН  
ОКТАБРЬ  
OCTOBER  
NUR-SULTAN

Халықаралық білім және ғылым академиясы  
Международная академия образования и науки  
International Academy of Education and Science




# ЖИНАҚ

## «БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ДАМУЫН ҚОҒАМНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ»

Халықаралық ғылыми-практикалық интернет конференция

# СБОРНИК

Международная научно-практическая интернет конференция  
«ОБРАЗОВАНИЕ, НАУКА И КУЛЬТУРА ИНДИКАТОРЫ  
РАЗВИТОГО ОБЩЕСТВА»



ӨЖ 37.0 (063)  
КБЖ 74.00  
Б94

+008+001(063)

Редакциялық кеңес:  
Алибаев Е.А.,  
Конференция өткізуге жауаптылар:  
Джуасбаев Б. Д.  
Хасанжода Насрулло  
Алибаев Е.А.

Б94 БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ДАМУЫН ҚОҒАМНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ:  
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференциясы-Нұр-Сұлтан: «Халықаралық  
Білім және Ғылым Академиясы», 2019.-...б.

ISBN

Бұл ғылыми басылым 2019 жылдың 31 қазан айында өткен «БІЛІМ, ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ДАМУЫН ҚОҒАМНЫҢ ИНДИКАТОРЛАРЫ» атты  
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік интернет-конференциясының жинағы болып  
табылады.

Жинақ ұстаздар, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері,  
мектеп мұғалімдері, ғылыми қызметкерлер, студенттер, магистранттар, PhD  
докторанттарының (аспиранттар) ғылыми тәжірибесі, зерттеулерінің нәтижесі болып  
табылады.

Жас ғалымдарға арналған.

УДК 37.0+008+001(063)  
ББК 74.00



ISBN 978-601-332-462-3

© «Халықаралық Білім және Ғылым Академиясы», 2019

## **ACTION RESEARCH AS A METHOD FOR ENHANCING TEACHER PROFESSIONAL DEVELOPMENT AND STUDENT ACADEMIC ACHIEVEMENT**

**DUISSEBAYEVA Lyazat Talgatovna**

*Nazarbayev Intellectual school of Physics and Mathematics*

Kazakhstan, Taldykorgan

duysebayeva\_1@tk.nis.edu.kz

### **Аннотация**

«Action Research мұғалімнің кәсіби дамуы мен оқытушының академиялық үлгерімін көтеру әдісі ретінде» тақырыбындағы мақаласында мұғалімнің жеке тәжірибесінің рефлексиясы арқылы Action Research зерттеу әдісі шеңберінде кәсіби деңгейін көтеру проблемасы қарастырылады. Мақала авторы теория мен практиканы зерттеуші мамандардың ұқсас ойларын салыстыра отырып, өз тәжірибені зерттеу арқылы оқыту барысында күтілетін нәтижеге қалай жетуге болатыны туралы баяндайды.

### **Аннотация**

В статье «Action Research как метод повышения профессионального развития учителя и академической успеваемости учащихся» будет рассматриваться проблема профессионального развития через рефлексию собственного опыта учителя в рамках внедрения практики Action Research. Автор статьи приводит примеры теоретиков и практиков по исследованию похожей проблемы и делится собственным опытом использования исследования практики для достижения ожидаемых результатов в обучении учащихся.

### **Аннотация**

The article “Action Research as a Method for Enhancing Teacher Professional Development and Student Academic Achievement” will address the problem of professional development through reflection on the teacher’s own experience as part of the implementation of Action Research practice. The author of the article gives examples of theorists and practitioners on the study of a similar problem and shares his own experience of using practice research to achieve the expected results in student learning.

**Keywords:** Action research, professional development, expected result, writing skills, pedagogical skills, experience, practice

The updated curriculum of education in secondary schools makes most of the teachers in Kazakhstan struggle with its content and approaches to implement it. In the current situation teachers have to understand that we should update the way we teach through personal research of our teaching practice, which helps us reflect on what has been changed. Action research is known as a process in which teachers investigate teaching and learning to improve their own and their students' learning [7]. Due to the process, we can solve the problem of professional development because reflection of teacher’s own experience is the point from which we start to improve learners’ performance.

The studies of some scientists and practitioners strengthened my view on the choice of this method as a key to develop my teaching proficiency. An article by Kenneth M. Zeichner (2003) teaches research as professional development for P – 12 educators in the USA [1], Educational Action Research notes the value of John Elliott's pioneering work in the UK, which played an important role in shaping teacher's research practice as an accessible form of professional development in many countries of the world. There were fears that teachers would not be able to conduct research due to the fact that they need to devote time to students (Hodgkinson, 1957). However, for many years the position was affirmed that teachers working from kindergarten level to high school graduation should conduct research on their own practice as a form of professional development. One of the convincing statements is the improvement in the quality of student learning, the stimulation of positive changes in school culture and teacher status in society, the emergence of new useful knowledge about teaching and learning.

In the article “The Role of Action Research in Improving the Quality of the Educational Process”, Kazakh teachers Aitzhanova AM and Emkulova G.R. [2] note that the basic principle of the approach they use is that only in the context of their own practice, the researcher is able to identify



problems considered in the course of his teaching activity and realize the need for further professional development. Their article describes the analysis of a single study in the form of a teacher reflection, which ultimately contributed to the formation of leadership skills, the improvement of methodological practice, and the development of professional skills of a young teacher.

At the present stage, the study of the lesson becomes an integral part of the teacher's self-education in Kazakhstan, as it is a universal tool for improving pedagogical skills. The “Development Strategy of Nazarbayev Intellectual Schools for 2030” Development Strategy in Chapter 3. “Strategic Directions” [3] shows the context of schools' policies to create a favorable educational space, where one of the areas is the teacher’s pedagogical skills, including his knowledge, teaching methods, competencies and beliefs. The implementation of the Action Research approach provides a teacher or group of teachers to think independently, analyze their own methods and principles, which also creates a favorable space for self-education and planning areas for further development raising the level of pedagogical skills. [4] To be more reliable, here I will share my experience of interrelated researches based on which the problems of dealing with new challenges in teaching have contributed to further self-education and improvement of professional skills.

The first stage of my Action Research experience was held in collaboration with NIS Kokshetau teachers in an affiliate school in Bottisham, Cambridge, UK. Teachers of various subjects (Biology, Chemistry, Computer science, Geography, Mathematics and English) studied the problem of written feedback and its influence on the progress of students in classes with students of different learning styles. According to the results of the research in the school of Bottisham, the team learnt that criteria-based feedback affects learners’ progress as it stimulates learners to plan their learning themselves. The similar study was conducted in Taldykorgan Nazarbayev Intellectual School. Grade 9 students were determined as a focus group for action research. The problem of the study was to identify how detailed written feedback influences learners’ progress in grade 9. We collected quantitative and qualitative data through lesson observations, interviews of students and teachers, student questionnaires, reviews of teacher’s written comments and monitoring of student progress. Then we compared all responses and figures to reflect on the process of teaching from different perspectives, such as methods and forms we use, tasks and criteria we suggest to learners, assessment forms of learners’ works. The research outcomes showed that usually teachers of English language used written comments for assessment in writing tasks, but they were not given in details. In addition, writing comments on written papers with Math tasks and ICT tasks had not been in practice before. Contribution to giving a detailed feedback to learners had a motivational effect on learners’ academic needs and professional growth of teachers as it improved their teaching and self-evaluation.

The following stage of using the Action research method was planned to deal with the problem of teaching students in grade 10. Annually 10-grade-learners of NIS pass External Summative Assessment and in most cases, they struggle with writing tasks of various genres. Therefore, the study was focused on the progress of students’ academic outcomes and experiencing methods of practicing writing skills on the specifications of External Summative Assessment (ESA) standards, developed by the Center for Pedagogical Measurements of AEO Nazarbayev Intellectual Schools [5]. The process of continuous reflection and formative evaluation during the lessons, followed by adjustments in the lesson plans, led to positive results (in the focus group of the research two learners achieved A\*, three learners with A, two learners with B, one learner with C level of ESA standards) in the performance of both individual students and entire focus group. Due to the process of the action research, we collected useful tasks and recommendations for students and teachers. Moreover, the acquired skills in developing writing literacy among students convinced us of the effectiveness in criteria-based teaching in primary school. Teachers started to apply the similar criteria of recommendations in assessment of writing essays, stories and articles.

In conclusion, it is worth saying that there has been a significant impact on the professional development of teachers who update the skills of analysis, synthesis and evaluation through the possibilities of the approach used because of planning the process of new activities and reflections in collaboration with a group of colleagues continuously. Sharing this experience through publications

of studies, conducting master classes and open lessons in the framework of our experience among colleagues, participating in poster sessions at school and regional levels, identifying gifted children and planning work with them, receiving feedback from students, parents and colleagues we were able to achieve expected results in students' performance. Thus, an independent and result-oriented study of one's own practice can fully become an objective rationale for the teacher's professional development and testify his professional development [6].

### **Bibliography**

1. Zeichner, K. M. (2003). Teaching research as professional development for P – 12 educators in the USA [1]. Educational action research, 11 (2), 301-326.
2. Aytzhanova A.M. THE ROLE OF ACTION RESEARCH IN IMPROVING THE QUALITY OF THE EDUCATIONAL PROCESS // Youth Scientific Forum: The Humanities: electr. Sat Art. according to mat. XII international stud scientific-practical conf. Number 5 (12).
3. Development Strategy of AEO Nazarbayev Intellectual Schools until 2030  
<https://cyberleninka.ru/article/v/action-research-kak-strategiya-povysheniya-effektivnosti-sobstvennoy-deyatelnosti-sovremennogo-pedagoga>
4. McNiff, J. (2013). Action research: Principles and practice. Routledge.
5. Kohaeva E.N. Formative (formative) assessment: a handbook / E.N. Kohaeva. - Astana: "Nazarbayev Intellectual Schools" JSC Center for Teaching Excellence, 2014. - 66 p.
6. Richard Winter (1993) Action Research, Practice and Theory, Educational Action Research, 1: 2, 315-316, DOI: 10.1080 / 0965079930010210
7. <https://www.teachingenglish.org.uk/article/action-research>

### **ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ**

**ХАЛИБЕКОВА Айнур Халибековна**

*Радиотехника және байланыс колледжі*

Қазақстан, Семей

halibekovna@mail.ru

Қай заманда болмасын, білім халықтың қазынасы. Білімді ұрпақ – халықтың қазынасы. Білімді ұрпақ – жарқын болашақ кепілі. Еліміз сонау КСРО дәуірінен бері білім алу мәселесін бірінші орынға қойған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2006 жылғы Қазақстан 2050 стратегиясында ғылымды дамыту мәселесіне нақты тоқталады. Қазіргі кезде бір мемлекеттен екінші мемлекеттің артықшылығын оның білімділігі мен халқының сауаттылығына қарай біле аламыз. Әлемде дамыған он елі мен артта қалған он елін салыстырсақ, арасындағы айырмашылықты байқаймыз. Дамыған он елде білім арқылы елдегі ішкі өнім өссе, ал артта қалған елдерде тіпті білімге мән берілгеніне көзіміз жетеді. Екі мемлекетті салыстырар болсақ бірінші білім – ғылымына назар аударамыз. Себебі, табиғи ресурстар, алтын, мұнай таусылады және қазіргі кезде мұнайға тәуелсіз техникаларды пайдалану жолға қойылуда. Сол себепті ғылымның дамуы әр кезде де өзекті мәселелердің бірі. ХХІ ғасыр ғылыми прогресстің қарқынды даму ошағы болып табылады. Сол себепті ғылым мен білімнің дамуы әр мемлекеттің даму қарқынын тудетеді. Біздің Қазақстанымызда білім бірінші орынға қойылған және білім деңгейі дамыған елдермен бірдей дәрежеде екені анық және қазіргі заман бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман екенін ұмытпағанымыз жөн. Сол себепті білімімізді әрқашан да жетілдіріп, дамытуымыз қажет!

Кеңеске Мемлекеттік хатшы, Премьер-Министр, Президент Әкімшілігінің Басшысы, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, еліміздің жетекші ғылыми және жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Отырысты аша отырып, Президент ғылым әрдайым басымдыққа ие екенін атап өтті. Соңғы 5 жылда ғылымға бөлінген шығыс 3,5 есе өскен. Ғылыми-технологиялық даму басымдықтары анықталынған, Ғылымды дамытудың 2007-2010 жылдарға арналған

Мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Оны орындау барысында нанотехнология және биотехнология жөніндегі 5 ірі ұлттық зертхана құрылды. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының жанынан инженерлік мамандыққа бейімдейтін 15 зертхана құрылды.

Мемлекет басшысы атқарылған жұмыстар халықаралық сарапшылар тарапынан лайықты бағаланғанын атап өтті.

Қазақстанның жеделдетілген индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асырудың басталуымен ғылыми саланы дамыту мәселесі негізгі мәнге ие болып отыр.

- Біздің мақсатымыз – ғылымның дамуына жаңа қарқын беру, оның дамуы үшін дұрыс бағыттар беру және қазақстандық бизнестің ғылыммен тығыз байланыста болуына ықпал ету, - деп мәлімдеді Н. Назарбаев.

Отырыс барысында ғылымды басқару жүйесін реформалау мәселесі, Астанада жаңа университет ашу жөнінде пікірлер алмасылды.

Отырысты қорытындылай келе, Президент Қазақстан тиімді ғылыми жүйені өте қажетсініп отырғанын, қазақстандық қоғам мен экономикадағы идеялар, білім, ғылыми ашылымдар, технологиялық серпінді жүзеге асыру үшін тәсілдерді басшылыққа алу қажеттігіне тоқталды.

- Ғылымы мен инновациясы екінші орындағы басымдыққа ие ел еш салада да бірінші бола алмайды, - деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Елордадағы жаңа университетті ашу мәселесіне қатысты, Нұрсұлтан Назарбаев бұл жоғары оқу орны ең үздік әлемдік білім беру және ғылыми практикаға пара-пар қазақстандық өзіндік ерекшелікті байланыстыратын ұлттық брэнд болуы тиіс екендігіне тоқталды.

Мемлекет басшысы Үкіметке кеңесте қаралған барлық мәселені бақылауда ұстауды тапсырды.

Елбасы Жолдауына Түркістандағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы құрамы да үн қосты. «Елбасы елді озық отыздыққа жетелейтін 10 бағытты айқындап берді. Енді оны жүйелі жүзеге асырып, жоғары оқу орындарына артылған міндеттің үдесінен шығу маңызды, - дейді білікті ғалым педагогтар.

Президент екшеген міндеттердің сапында әсіресе, жоғары оқу орындарына тиесілі тапсырма көп. Жолдау ең алдымен, *білім берудің жаңа сапасын қалыптастыруды жүктеді*. Барлық жастағы азаматтарды қамтып, білім беру ісінде өзіміздің озық жүйені жедел құру қажеттігін көрсетті.

Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы, өзгерістерге үнемі бейім болу, жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту екені даусыз. Бұл тұрғыдан алғанда, Түркістандағы іргелі оқу орнының жоспарлары ауқымды.

Еліміздің университеттеріндегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту қажет, - деді Елбасы. Жыл санап, әлеуеті артқан оқу орны бұл міндетті әрі қарай дамытуға бек дайын. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейтуге де ден қойып отыр. Бұл әлбетте, жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты болмақ.

Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен ҚР Үкіметінің отырысында білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы туралы білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев баяндады. Министрдің айтуынша, 2017 жылы білім беру мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 8 индикаторын, 51 көрсеткішін, 168 шарасын орындау жоспарланғанын айтып берді. 2017 жылы барлығы іске асыруға 418 562,9 млн теңге бөлінген. БҒДМБ іске асырып бастаған уақыттан бері 1 309 мектепке дейінгі мекеме ашылып, 155 мектеп салынды. Мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы білімі бар педқызметкерлерінің сапалы құрамы 1 500 педагогқа артты. Жоғары және бірінші санатты педқызметкерлердің саны 145 мың адамды құрайды. Мектепке дейінгі және мектепте білі беру мазмұны ЭБДҰ стандарттарына сәйкес жаңартылды, колледждер мен ЖОО-ларда халықаралық сарапшылар мен жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген 92 жаңа бағдарлама енгізілуде. Балаларды балабақшаға бөлу процесі пилоттық режимде

автоматтандырылып жатыр. 2018 жылы жүйені тұтастай енгізу көзделіп отыр. Балабақша ашу рәсім жеңілдету мақсатында жаңа санитарлық нормалар мен ережелер қабылданды. Жыл соңына дейін үш ауысымды және апатты мектептердің орнына 76 мектепті пайдалануға беру жоспарда бар. 1 қыркүйекте 52 мектеп пайдалануға берілді. 318 колледжде «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырылып жатыр. 421 колледжде 80 мамандықтың 160 біліктілігі бойынша 27 193 студент қамту арқылы, 2 433 кәсіпорынның қатысуымен қосарлы білім беру жүйесі енгізілуде. ЖОО-ларда бақылау кеңестері арқылы ректорды таңдау тетігі енгізілген, корпоративтік хатшылар мен ішкі аудит қызметтері құрылуда. Қазақстанның сегіз ЖОО-сы 2017 жылы QS WUR әлемнің үздік университеттерінің рейтингінде аталып өткен.

Қазіргі заманғы әлемдік экономикада материалдық құндылықтардан гөрі зияткерлік әлеуетке көбірек назар аударылады. Ұлттың қазіргі заманғы және тиімді білім беру жүйесін қолдау, оқыту арқылы жұмыс күшінің зияткерлік әлеуетін арттыру бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету үшін аса маңызды факторға айналууда.

Қазақстан қазіргі кезде экономиканы дамытудың индустриялық–инновациялық сатысына аяқ басты. Бұл кезең нарықтық шарттар талаптарына ғылым жүйесін қазіргі заманғы экономикалық талаптарға қайта бағдарлануымен сипатталады, сөйтіп, тиісті нормативтік құқықтық базамен реттелетін ғылымды дамытуды құрылымдық, ұйымдастырушылық, кадрлық, инфрақұрылымдық және қаржылық қамтамасыз етуде түбегейлі өзгерістерге алып келуге тиіс.

Ғылыми–техникалық әлеуетті дамыту экономиканың дәстүрлі секторларына тән болып табылмайтын ілеспелі фактор ретінде қарастырылмауға тиіс. Ғылым саласы – бұл да басқа секторлар үшін ортақ барлық ерекшеліктерге, ережелер мен реттеу тетіктеріне ие экономиканың бір секторы.

Қазақстан экономикасының 80%–тен астамы жеке сектордың қолында болып отырған жағдайда нарықтық талаптарға әлсіз бағдарлануды мұраланған ғылым жүйесін реттеу принциптері ескірген әрі барабар болып табылмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің 2006 жылғы халыққа Жолдауында бәсекелестікке қабілетті әлемнің елу еліне қатарына кіру Стратегиясын жариялады. Аталған стратегияның мақсаттары мен міндеттеріне жетуде ғылымның атқарар рөлі өте жоғары. Себебі, XXI ғасырда мұнаймен немесе басқа да табиғи байлықпен әлем елдерімен бәсекелестікке түсу қиын. Біріншіден, табиғи байлық қоры шексіз емес, екіншіден, ғылымы дамыған елдер мұнайға тәуелсіз техникаларды көптеп шығаруды бастап кетті. Демек, қай жағынан алып қарасақ, болашақта табиғи байлық мемлекеттің даму көрсеткіші бола алмайды.

Әлемнің ең дамыған он елі мен артта қалған жүз елді салыстыратын болсақ, ең бірінші айырмашылық сол елдердегі ғылымның даму деңгейі болып табылады. Егер де бірінші аталған мемлекеттерде ғылымнан, инновациядан түсетін табыс ЖІӨ-нің негізгі бөлігін құраса, дамуы жағынан артта қалған елдерде, ғылым тұрмақ, халықты сауаттандыру мәселесі де дұрыс жолға қойылмаған. Қуанышқа орай, Қазақстандағы халықтың сауаттылығы 100 пайыз деп мақтанышпен айта аламыз. Бұл жақсы нәтиже Қазақстанның КСРО-дан мұра қылған өте керемет дәстүрі. Керек болса, Қазақстандағы білім сапасы АҚШ-тан да, Жапониядан да кем емес деп айтуға болады. Себебі, біздің елдегі оқушы, географияны да, физиканы, математиканы да, химия мен биологияны да жақсы біледі. Алайда, осыған қарамастан жоғарыда аталған елдерде ғылымның даму деңгейі бізге қарағанда жоғары. Міне сол себепті Қазақстандағы ғылымды дамыту саясаты, оны тиімді жүзеге асыру мәселесі өте өзекті болып табылады.

«Біз білім беруді жаңғыртуды одан әрі жалғастыруға тиіспіз... Біз университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге міндеттіміз... Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Елбасы Н. Назарбаев аталмыш Жолдауда «Өмір бойы білім алу әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деп бекер айтпаған да болар. Қазіргі таңдағы нәтижеге бағытталған білім оқу процесінде студентті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір оқытушыға студенттерді белсенділендіретін оқыту әдістемелерін



қолдануды міндеттейді. Бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту» емес, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру», «басқару» сияқты ұғымдардан тұрады.

Тіл пәнін үйретудің, оқытудың, сол тілде сөйлеуді қалыптастырудың, дамытудың негізгі құралдары-оқу жоспары, оқыту бағдарламасы және оқытушының ізденімпаздығы, шеберлігі, жаңашылдығы. Тіл үйрену үшін студенттердің жеке ерекшеліктерін, зейінін, ойлау және қабылдау қасиеттерін жақсы білу қажет.

Тілдік фактілер-қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі нысаны. Адамның ойлауы тіл арқылы шындықты көрсетеді. Өмірде, қоршаған ортада болған нәрсенің, танылғанның бәрі де тілде белгіленеді. Студенттерге қазақ тілінен тиянақты да берік білім беруде оқытушылардың ескеретін жұмыстары көп-ақ. Қазақ тіліне байланысты таңдалған материалдардың көлемі мен жүйесіне қарай білім беруде оқытушы білім беру әдістерінің ең құнды, ең тиімді түрлерін пайдаланады. Қай педагогикалық технологиялар болмасын, ол – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған, ол оқушының өздігінен жұмыс істеуіне, өздігінен ізденіп білім алуына итермелейді.

Қазіргі кезде интернет, мобильді байланыс көздері, белсенді тақта, цифрлы технологиялар сияқты жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаланылуда. Психологтар В. Давыдов, В. Рубцов жаңа ақпараттық технология адамның жас ерекшелігінің даму аспектісін ескере отырып, компьютерлік оқыту бағдарламасының әртүрлі формалық мазмұнында адамның жас ерекшелігіне сәйкес келуі керек деген. Студенттерді технологиялық прогрестің барлық жаңалықтары өте қызықтырып отырады. Сондықтан да тұлғаны дамыту мақсатында оқушылардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін пайдалану өте маңызды рөл атқарады.

**Бұл технологияның қазақ тілі пәнін оқытуда да қолдану мүмкіндіктері мол. Сабақта қолдану кезінде оның мынандай мүмкіндіктерін пайдалануға болады:**

- сабақтың, тақырыптың моделін құру;
- материалды толығымен жинақтау;
- қосымша мәліметтермен толықтыру;
- сабақты компьютер арқылы өткізу;
- уақыт үнемдеуге болады; Материалды безендіру;
- оқытудың ғылыми дәлелдерін арттыру; Сабақтың белгілі бір кезеңіне назар аудару;
- керек кезінде материалға қайта оралу, еске түсіру, қайталап, жаңғырту;
- оқушылардың өз бетімен материалды пайдалана алуы, т.б.

Белсенді тақтаның мүмкіндіктері АКТ-ты жақсы меңгерген оқытушыға сабақ үрдісінде таптырмас құрал деуге болады. Қазақ тілінен тіл ұстарту жұмыстары, сөз таптары, т.б тақырыптарды өткенде оқушы қызығушылығы мен белсенділігін арттырады. Қазақ тілі сабағында оқытудың мұндай тәсілдері мен құралдарын қолдануда даралай және деңгейлеп оқыту әдістерін қолданған жөн. Инновациялық әдіс-тәсілдерді ретімен ендіру арқылы оқытушы студенттің қызығушылығын күшейтіп, белсенділігін арттыру арқылы сабақтың сапасын көтереді. Осындай жұмыстар өз нәтижесін береді:

- оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу тілдері дамиды;
- лексикалық сөздік қоры байиды;
- тілді үйренуге деген қызығушылығы, өз күшіне деген сенімі артады;

Студенттердің білім сапасын жетілдіруде озық технологияларды пайдалану үшін оқытушының білімі жеткілікті, жаңалықты білуге, меңгеруге құштар болуы қажет.

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЕТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ЖАСАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**АЛИМАНОВА Гүлзакира Збанқызы**  
*«Кәсіптік-техникалық колледжі» КММ*  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
alimanova97@bk.ru



Колледж студенттерімен жұмыс істеу барысында, қазақтың ас мәзірінде ұмыт болса бастаған ет тағамдарын зерттей, жасалу технологиясы өзгешілігі адам ағзасына пайдасы, көптеген ауруларға ем екенін кейінгі ұрпақтың яғни жастардың бұндай тағамдардың қолданбауы алаңдатады. Қазіргі таңда шет елдің фастфуттың орнына өзіміздің қазақтың ұлттық ет тағамдарымыз енсе екен.

Халқымыз асты өте жоғары бағалаған. «Ас – адамның арқауы» деген сөзді әрбір қазақ жақсы біледі. Қазақ халқы адам өмірінде тамақтың орынын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Асты құрметтеу мен бағалаудың жолын да, оны дәмді етіп дайындауды да жақсы білген. Сол ата – бабамыздың сол ет тағамдардың көне аттарымен еттерді баптаудың қыр – сырына тоқталамын.

**Ет** белоктарға, майларға, минералдық және экстративтік заттарға бай. Белоктарға ағза ұлпаларын жасауға және қалпына келтіру үшін қызмет етеді, ал майлар – энергия көзі. Экстративтік заттар ет тағамдарына хош иіс береді. Сол себепті олар ас қорыту сөлін бөлуге және астың жақсы сіңуіне көмектеседі. Көмір сулар мен витаминдер өте аз. Ет тағамдарын көмірсулармен витаминдер және минералдық заттармен байыту үшін оларды көкөністен, жармалардан және жұмыр кеспелерден дайындалған гарнирлермен қосып береді. Қазы – қарта айналдыру, шұжық жасау әдістері қазақ халқында ертеден қалыптасқан ғой.

**Қазы-қарта дайындау технологиясы:** жылқының екі сүбе қабырғасын екі бөлек алып, бес сағаттай іліп сорғытып, ал айналдыратын ішектер күні бұрын тұзды суға салынады. Ағаш жаңқаларына немесе тобылғыдан ісіктер әзірленеді. Енді тобарсыған қазылардың қалыңдығына қарай одан неше қазы шығатындығын мөлшерлеп алып, сарымсақ, бұрыш қосып тұздалады. Айналдырмаған қазы айналдырған қазыдан дәмсіз болады және көп сақтауға келмиді. Қазы тілетін пышақ өткір болғаны жөн, сонда қазы біркелкі әдемі болып тілінеді. Өте семіз қабырғалардың еті, майы тым қалың болып ішекке сыймайтындай болса, етімен майын бірдей етіп тілу керек. Кесінді ет, майларды жеке қазы немесе шұжық жасауға пайдалануға болады. Ішекті қазының етінен бастап айналдырады. Айналдырылған қазы мен шұжықтың екі басы істікпен бүрмеленеді де қосақтап байланып, кептіруге, сүрлеуге қойылады. Қазы айналдырып, шұжық жасауға көбіне бүйенді де қолданады.

**Қазы** – жылқы етінің ең кәделі мүшелерінің бірі. Оны екі бұғана, екі тілше қабырғалардан басқа қабырғалардан жасайды. Әр қос қабырғаның ішкі жағындағы шеміршегін кесіп алып тастайды. Ішекке тығу үшін қабырғылардың арасын тіледі де олардың әр қайсына май мен етін тең етіп бөледі, бірақ ет қабырғадан бөлініп қалмауы керек. Қазыны ішекке тығар алдында тұздап, 2/3 тәулік тұзын сіңіріп қояды.

Содан соң 1-2 сағ. суық суға салады. Ішекті кеңейту мақсатында қазіргі таңда қолданылып жүрген әдісіміз кішілеу пиязды аршып дөңгелек күйінде ішекке салып аламыз. Сосын ішекке тығып, екі басын байлайды. Одан әрі оны сырыққа не кесілген жіпке іліп, желге қақтырды. (8-9 сағ.)

Өте семіз қазылардан қабырға жетпей қалса, етек қазы, үлдірік қазы деп аталатын қабырғасыз қазылар жасалады. *Қазы түрлерінің мынадай атаулары бар «сере қазы» - қалыңдағы бармақ пен шынашақ аралығында; «Табан қазы» аса қалың; «би қазы» - бүйенге тығылатын жуан қазы; «дөңбек қазы» - ішекке сыймағандықтан тілім күйде сақталған қазы.*

Кесінді ет, майларды жеке қазы немесе шұжық жасауға пайдалануға болады. Шұжық жасайтын етті тұздап, бұрыш сеуіп салқын жерге 1-2 күн сақтайды. **Шұжық жасауға** сан, қол, жон еттерін алады, мойын еті жарамайды. Содан кейін майды да, етті де ұсақтап тұрап, қара бұрыш, сарымсақ қосып, бәрін араластырады. Бір жылқының ішегінен шұжық дайындау үшін 5 кг ет, 5 кг іш май, 10 г қара бұрыш 50 г сарымсақ салады. Барлығын туралған ет пен майға араластырып, содан кейін ішекке салып толтырады. Ішектің екі ұшын істіктеп түйрейді де, жіппен біріктіріп байлайды. Дайындалған шұжықты сырыққа немесе керілген градус температурада 3-4 күн ұстап дегдітеді. Содан кейін түтінге 12-18 сағат ыстайды. Шұжыққа пиязды дөңгелектеп кесіп қосуға болады.

**Шыртылдақ** – жылқы етінің сорпасынан қалқып алатын, қатпайтын май. Көп жерлерде тортасы айрылған сары майды да осылай атайды.

**Сірне** – бағланның, кепенің етін қазанға жілік – жілігімен қуырып даярлайтын өте дәмді ас. Ол көбінесе сыйлы қонақтарға арналып әзірленеді. Үйітілген бас- сирақ, ішек-қарны, мүшеленіп бұзылған еті түгелдей қазанға салынып, малдың өз іш майына және еттің өз сөліне бұқтырылып пісіріледі. Ол үшін қазаның бетіне бу шықпайтындай ғып ыдыс төңкеріп, от мейілінше баяу жағылады. Қазаның түбі күймес үшін аздап ғана су құюға болады.

**Сүр** – ыстап кептірілген ет. Етті ұзақ уақыт сақтау үшін ыс салып сүрлеу дағдыға айналған тәсіл. Ол әсіресе соғым етін сақтау үшін кең пайдаландылады. Соғымның етін ұшалап, жіліктеп бұзғаннан кейін аударылған қазы, қарта, шұжық қатарлы кәделі мүшелердің бәрін арса ағашқа іледі де, астына жанба, отынды (табылса тобылғы) жалындатпай жағып түгін салады. Түгін етке молырақ тию үшін ет ысталатын үйдің есік- терезесі түгел жабылады. Арсаға ілінген жас еттің ел алдымен сөлі ағып, біртіндеп құрғайды. Түгін сіңген сайын еттің сырты қарайып тотығып, қатая бастайды. Түгін көп салынса, семіз еттің майы еріп тама бастайды. Сондықтан алдымен еттің сөлі құрғағанша ғана түгін салып біраз уақыт ыстауды тоқтатып қояды. Одан соң еттің екінші бетін төңкере іледі де, қайта түгін салады. Бұл жолы түгінді ұзақ салудың қажеті болмайды. Өйткені, сөлінен ажыраған ет тез тобарсиды. Жазғытұры тоң жібіген кезде арсадағы ет те жіби бастайды. Осы кезде екінші рет қайта ысталады. Бұл ең соңғы ыстау. Осыдан кейін соғым еті мейіздей сары боп сүрленеді. Мұндай сүрді қанша уақыт сақтаса да бұзылмайды. Ыс сіңген еттің хош иісі, жағымды кермек дәмі болады. Бырақ, оның сорпасы жайсыздау келеді. Сүрдің сорпасы ішуге жарамды болу үшін жас ет қосып асады. Сүр ет пен жас ет араласқанда сорпа дәмді болады.

**Жаубүйрек** – ұлттық тағамның бір түрі. Жаубүйректі малшылар, жолаушылар көп пайдаланады. Қойдың терісін сыпырған соң құйрық майын білемдеп кесіп алады. Ішін жарып, өкпе-бауырын суырып алып бауыр мен құйрықты жұқалап жапырақтап, істікке бір май, бір бауыр етіп кезектеп шаншып, үстіне майда тұз, бұрыш сеуіп отқа қақтап пісіреді. Бауыр қосылған май жүрекке тимейді, әрі бұл аса тоқ болады. Жаубүйректі мал сойған кезде үйде пісіреді. Оны кәдімгі кәуәптің (шашлык) бір түрі деуге болады. Жаубүйректі дайындағанда татымына қарай тұз, бұрыш, жуа, дөңгелектеп туралған пияз қосады. Оны асқан етпен қосып жеуге болады.

**Жаужүрек** – бұл тағам қой бауырынан жасалады. «Жаужүрек» деп аталуының себебі – оның құрамында қорқынышшы гормонға әсер ететін элемент бар. Сондықтан оларды ер адамдар мен жас балаларға береді. Сондай – ақ қойдың бауырында миокард инфарктының алатын гепарин бар, көптеген ауруларға ем. Жаужүректі ыстық тіске басар ретінде ұсынуға болады.

**Борша** – көбінесе ірі қара етінен дайындалады. Кәуәптің бір түрі. Санның, қолдың, жауырынның қара кесек еттерін ұзыншалап кесіп алады. Әрбәр еттің бөлігін пышақты көп батырмай жұқалап тіліп, тұз, бұрыш себеді. Етті темір тордың үстіне салып, жалындатпай шоққа қақтап пісіреді. Пісірген кезде аудармалап отырады. Шоққа қақталып, қызыл – күрең тартқан борша өте дәмді болады. Оны әсіресе қымыз, шұбат ішкенде жеген жөн.

**Борша – кісе** – оны тауықтың, қаздың, үйректің, бұзаудың, лақ пен қозы еттеріне күріш, сарымсақ, пияз, бұрыш, шикі жұмыртқа, сары май қосып дайындайды. Дайындалу үшін ет ұсақталынып туралады, еттартқыштан өткізіледі. Оған күріш, пияз қосып, шикі жұмыртқаны жарып, уыздарын құйып, сары май қосып, тұз бен бұрыш себеді. Жақсылап араластырып, бүйенге салады. Пісіру уақыты пайдаланылған етке байланысты 0.5 – 1.5 сағат.

**Қарын бөртпе** – ел арасында сирек дайындалатын өте сирек тағам. Көбінесе жаңа сойылған малдың етінен, майынан, бауырынан қосып, ұнмен араластырып, қарынға салып пісіреді. Сойылған қойдың іш майын, етін, бауырын өте ұсақ қылдырып турады. Фарштың үстіне бидай ұнын, сарымсақ, бұрыш, тұз салып жақсылап араластырады. Дайын болған фаршты қарынға не бүйенге салады. Бүйенге салса бір шеті тұйық болады да, екінші ашық ұшын жіңішкертіп жонылған ағаш істікпен түйреп байлайды. Бұжы қайнап жатқанда оны аудармалап, әр жерінен істікпен шаншып, желін шығарып отырады. Ол қазандағы суға толық батып, баяу жанған оттың табында 1.5 -2 сағат қайнауы керек. Бұл тағамды дастарханға жылыдай немесе суықтай қоя беруге болады. Қасына пияз, басқа да көкөністер салады. 300 гр бауыр, 300 гр бидай ұны, 3 бас сарымсақ, 1 шай қасық бұрыш, 1 ас қасық тұз керек.

**Әсін** – қойдың жуан шегін айналдырып, жақсылап жуып тазалайды. Ет, жүрек және бауырды ұсақтап турады. Оған 1 бас пияз турап, бұрыш, тұз, күріш салып, аздап су құйып араластырады. Сосын барлығын ішекке тығып, аузын байлайды да, қайнаған суға салып, 50 – 60 минут қайнатады. Қайнап жатқан әсіпті істікпен түйрелеп, желін шығарып отырады. Әсіпке: 2 ас қасық күріш, 100 гр бауыр, 100 гр жүрек, 20 гр қой майы, 1 бас пияз керек. Бұрышты қалауынша қосады. Әсіпті дастарханға дөңгелектеп кесіп, ыстықтай қояды. Ішек болмаса қойдың бүйенін пайдаланады.

**Қимай** – соғымға сойылған сиыр етінен дайындалатын кәделі тағам. Сиырдың тоқ ішегін тұздап, айналдырып, оның ішіне кесек етіп туралған төстік пен төстіктің етегін бұрыш, тұз, жуа қосылған етті салады. Қимайға төс етінен басқа сан, қол еттері де пайдаланылады. Шұжық сияқты қимай салынған ішектің екі ұшы істікпен түйреліп, ыстап кептіріледі. Қимайды асып жеуге де, жазғұтырым ет таусылған кезде қуырып жеуге болады. Оның ерекшелігі, оның майы мен қара кесек еті тең болады. Оны кейде «сиырдың қазысы» деп те атайды. Қимайды салқындатып асқан етке қосып береді. Майлы ет 500 гр, 1 шәй қасық тұз, екі түйір жуа, жарты шай қасық қара бұрыш керек.

**Қуырдақ** – жаңа сойылған малдың өкпе – баурынан, мойын, төстік етінен, жүрек бүйрегінен, сондай – ақ ішек – қарынынан ұсақтап әзірлейді. Ол үшін қазанға іш майды немесе құйрық майды турап салып, шыжғырып алады да, алдымен үстіне туралған өкпе, жүректі, ішек – қарынды, мойын, төстік еттерін салып, қазанның отын қатты жағып, 15 – 20 минут қуырады. Содан кейін бауырды салып, үстіне бұрыш, пияз қосып, әбден піскенше қуырады. Тұзды татымына қарай салады. Әбден піскен қуырдақты табакқа салып, дастарханға қояды. Қуырдаққа: 1 кг ет, 500 гр өкпе, 500 гр бауыр, 300 гр жүрек, 200 гр бүйрек, 300 гр құйрық май, 2 бас пияз, 1 ас қасық тұз қажет.

**Бал қуырдақ** – көбінесе жас малдың жұмсақ етінен даярланады. Басқа қуырдақтардан ерекшелігі – етті майға емес пісірілген сүттің бетінен түскен қаймаққа ғана қуырылуында. Өте жұғымды, жүрекке көп тимейтін қуырдақтың бұл түрін көбіне қарт кісілерге, сыйлы қонақтарға берілетін болған.

**Жоңқа қуырдақ** – тоңазып, қатып тұрған соғым етінен дайындалатын қуырақ. Мұның бұлай аталу себебі, пышақпен не балтамен қырнап жонғанда ет ағаштың жоңқасы сияқты жұп жұқа болып туралады. Қуырдақтың бұл түрін де суға қайнатпай – ақ майға қуырып әзірлеуге болады.

**Қара қуырдақ** – кілең өкпе мен бауырдан, жүрек пен бүйректен әзірленеді. Бауыр тез пісетін болғандықтан, кешірек салынады. Мұның қара қуырдақ деп аталу себебі, бауырдың қаны майға қурылғанда қуырдақтың өңін қарайтып жібереді.

**Соғым қуырдағы** – ет піскенге дейін соғым сойған, ішек – қарны аршылғанадамдарды тамақтандыру үшін дайындалады. Қуырдаққа көбінесе ірі қараның мойын еті, мүшеленген кезде түсетін ойынды, қиынды еті, аздап өкпесі мен бауыры қосылады. Соғым қуырдағы соғымға сойған малдың өз майына қуырылады. Оны дәмдендіре түсу үшін оған татымына қарай тұз, бұрыш, дөңгелектеп пияз турап салынады. Оны дастарханға шаймен бірге қояды.

**Үкпе қуырдақ** – етті өте майдалап турап қуырады. Оның еті өте майда болғандықтан, оны суға бөктіріп қайнатпай – ақ, майға қуырып пісіруге болады.

Бүйенге салып асып қойған қой етін «бұжы» деп те атайды.

**Бұжы** – жаңа сойылған малдың денесін мүшелегенде түскен кесінді еттерін, не жұмсақ еттерін, іш майын, өкпе бауырын өте ұсақтап турап, ұн қосып араластырады. Оған майдаланып туралған сарымсақ, тұз, бұрыш ұнтағын, ұсақ қосып әбден араластырады. Дайын болған қоспа массаны суық су құйылған қазанға салып қайнатады. Сосын отты басыңқырап қойып, баяу қайнатып, даяр болғанша пісіреді. Пісіру кезінде бұжының әр жерінен аспаз инесімен пісіп – пісіп теседі. Бұл оның ішіндегі артық ауаны шығару үшін жасалады. Әйтпесе ол жарылып кетеді.

**Түймеш** – келіге түйіп, тоқпақпен жаңғырыққа салып жаншыған ет. Оны қарынға салып немесе сол күйінде қатырып сақтаған. Ішекке тығып, майға қарып алып, суға қайнатып пісірген.

Қойдың құйрығы, қамыр, өсімдік майы, тұз, бұрыш салынып, қарынға салып пешке пісіретін дәмі келісті тағамды – «ет хошан» диміз.

**Ми палау** – бұл ұлттық тағамдардың ішіндегі ең дәмдісі әрі сүйкімдісі. Оны дайындау үшін піскен бастың миын, желке шүйдесін, екі көзін бастың құйқасын алып, ұсақтап турайды да үстіне аздап сорпа қосып, барлығын араластырады. Содан соң бұрыш, ұсақтап туралған пияз қосып, тұз татымына қарай салады. Оған құйрық майды да, бауырды да қосуға болады.

**Ұлпершек** – құрамында түрлі дәрумендері бар өте пайдалы тағам. Оны үйінен ұзатылып кеткен қыз төркіндеп келгенде пісіріп беретін болған. Ол «қайда жүрсеңде біздің жүрегіміздесін» деген мағынада ұсынылады.

**Ұлпершек** – жылқы немесе сиырдың жүрегінен жасалады. Жүректі кітап сияқты ашылатындай етіп тіліп, қанын тазалайды да ішіне тұз бен бұрыш себеді. Сосын ұсақталып туралған етпен және маймен толтырады. Бір ай бойы ұн арасына салып қояды. Уақыты келгенде жұқалтыр қағазға немесе арнайы целлофанға салып пісіреді.

**Өрметөс** – күйеу бала қонаққа келгенде ұсынылатын бұл тағам қазір қарапайымданып кеткен. Ол қой төсінен жасалатын тағам. Оны екіге айырып, екі шетін өру арқылы құс қанатына ұқсас қылып жасайды. Бұл күйеу балаға «қанатың талмасын!» деген тілектестікті білдіреді.

### **Қорытынды**

Қазақтың ұлттық тағамдарын дайындауда бірінші орында ет және оның өнімдері тұрады. Осында кең байтақ өлкені мекендеген қазақтар өзінің тіршілік әрекеттері үшін мал өсірумен айналысқан. Десекте, қазақтардың өмір сүрген жеріне қарай тағамдарына пайдаланатын өнімдері де әртүрлі болып келген. Мал өнімдері яғни етті орталық аудандарда көп пайдаланылған. Халық арасында тараған мына әңгіме осының дәлелі бола алады. Теңіз жағасын жайлаған балықшының қызы алыстағы малды ауылдың жігітіне тұрмысқа шығады. Балық етіне үйренген ол қасындағы құрбыларына былай депті: - Бекіренің бал кеспесін жемейтін басым, қойдың құйқалы етіне қор болдым – ау? – деген екен. Ата-бабамыздың сан ғасырлық келе жатқан еттерді баптаудағы қыр сыры, тағам әзірлеуі, ет тағамдарының сақтауы осы ұрпаққа дейін жеткен. Көшпелі қазақтар ет тағамдарына жасалуына денсаулыққа пайдылысы, аса мән берген қазы қарта айналдыруда әдіс тәсілдерін жақсы меңгерген. Олардың жасалуына қарай ат берген. Жылқы етінің адам денсаулығына жеңіл тиетін, құнарлығын білген. Оларды жілекке бөлуді, сан түрлі тағамдар жасауды, ұзақ сақтауды технологиясын осы уақытқа дейін ұрпақтан ұрпаққа жалғап келе жатыр.

Қорыта келсек Абай атамыз «Еңбек – қуаныш, жалқаулық арылмас азап» деген. **Байлық уақыт өте келе жоғалуы мүмкін, ал ұлттық тағамымыз ешқашан жоғалмайды.** Осы қазақтың ет тағамдарын әлі зерттей түсермін. Білім алушы студенттерге қазіргі заманда қойылатын талаптар көп болғанымен, оларға осы қиын да, қызық жолда талмай еңбек етуде қол ұшымды беруге, рухани қанаттандыруға мен әрқашан дайынмын. Қазақтың ұлттық тағамдары ғасырдан ғасырға жалғасып, жасай беретініне үлкен сеніммен қараймын.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақтың дарқан дастарханы – Алматы «Алматыкітап ЖШС, 2005»
2. Күзембаев Қ., Күзембаева Г. Тамақ өнімдерін тану – Астана: Фолиант
3. Шаңырақ үй-тұрмыс энциклопедиясы.
4. Бесімбаева Г.Е., Бесімбаев Е.Б. Аспаздық: Оқулық – Астана: Фолиант, 2007

### **МҰРАЖАЙ - ӨМІРДІҢ АЙНАСЫ**

**АЛМАБАЕВА Нургайша Махаметшариевна, АДИБАЕВ Берикхан Мукатович,  
АБДРАСИЛОВА Венера Оналбаевна**

*С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті КЕАҚ*

Алматы, Қазақстан  
anmnuri@mail.ru



### Аннотация

В данной статье рассматривается роль воспитательной работы среди студентов. Направление воспитательной работы – формирование у студентов гуманизма, патриотизма, культуры и т.д. через посещения музеев и исторических мест города, роль которых неопределима.

In this article, the role of educational work among students is considered. The direction of educational work is the formation among students of humanism, patriotism, culture, etc. through visits to museums and historical places of the city, whose role is invaluable.

### *«Өткеннің даналығы –қазіргінің база жетпес байлығы»*

Н.Ә.Назарбаев

Жоғары білімді, әрекетшіл, бәсекеге араласуға икемді, танымы кең, әртүрлі мәселелерді ғылыми негізде тез, өз мезгілінде шеше алатын жас буын мамандарды даярлау уақыт талабы. «Ғылым бар жерде білім мен тәрбие бар. Ұлттық сана мен азаматтық сананың жетілуі осы екеуіне байланысты» деп академик И.Қ.Қарақұлов айтқандай болашақ мамандарды даярлауда оқу жұмысымен қатар тәрбие жұмыстары бірге жүргізіліп отырады. С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ бұл жұмыстардан сырт қалмайды. Тәрбие жұмысының гуманизм, отансүйгіштік, жоғары мәдениет, көшбасшылық және т.б. бағыттары бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Жастардың бойына ізгілік, имандылық қасиеттерді әдебиет, тарих арқылы сіңірудің қажеттілігі артып отыр. Осы қажеттіліктерді іске асыруда әсіресе, мұражайлардың маңызы зор.

Мұражайда көрсетілген мәліметтер мен заттар - тарих куәсі, оқу-тәрбие орталығы екендігін дәлелдейді. Қазіргі заманғы кез келген түрдегі және бағыттағы мұражайлардың басым аудиториясы болып барлық жастағы азаматтар болуы қажет. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ол ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Университет жанында екі мұражай жұмыс жасайды: тарихи және анатомиялық. Біреуі ғылымның, білімнің және екіншісі мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылым-танымдық бағытта қызмет атқарады. Студенттер тарихи жәдігерлер мен материалдармен, тақырыптық фильмдермен танысады. Себебі өткен мен болашақты жалғастырушы көпір – мұражай. Университет табалдырығынан бастап студенттер мұражайдан көп мәліметтер алады: медицинаның даму тарихы, осы салада еңбек сіңірген қайраткерлер туралы, тақырыптық және кураторлық сағаттар өткізіледі.

Қазақ халқының болмыс-бітімін, асыл мұраларын, ұмыт болған тарихын қазіргі ұрпақтың жадында жаңғыртатын, санасына сіңіретін, сонымен қатар, ел тарихын барша әлемге паш ететін, шет елден келген қонақтарды өзінің әсемдігі мен жүйелілігі арқылы таңқалдыратын механизмнің бірі-мұражай болып табылады. Осындай мұражайлар қалада көптеп саналады. Жастар бойында қажеттілікті сіңіру аға ұрпақ өкілдерінің міндеті мен борышы деп ойлаймын.

### АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДА БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**АМАНИЯЗОВА Бағдагүл Айтбайқызы**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

Ақтөбе, Қазақстан

baqdaqul-1977@mail.ru

### Аннотация

Мақаланың мақсаты – қоғамдық және гуманитарлық пәндердің дамуындағы инновациялық технологиялардың рөлін зерттеу болып табылады. Баршамыз білетіндей, заманауи шарттардағы әлемдегі басымдықтар мен әлеуметтік құндылықтар өзгерістеріне

байланысты оқу процесі үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Ғылыми-техникалық прогресс үнемі артып отыратын мұқтаждықтар мен тұлғаның рухани байлығын дамытуды қанағаттандыратын өндіріс деңгейі жетістігінің құралы ретінде түсіндіріледі.

**Түйін сөздер:** инновациялық білім беру технологиялары, білім беру, білім беру философиясы

### Summary

The purpose of the article is to study the role of innovative technologies in the development of social and humanitarian disciplines. As we all know, the educational process, due to changes in the world of priorities and social values, demands continuous improvement. Scientific and technological progress is understood as a means of achievement of production which satisfies the needs of the ever-increasing needs and the spiritual wealth of a person.

**Key words:** innovative educational technologies, education, philosophy of education

Білім беру әлемнің барлық өркениетті елдерінде дамудың негізгі басым бағыты мен негізгі индикаторы болып табылады. Шын мәнінде, елдер тауар мен қызмет көрсетумен бәсекеге түспейді, сонымен қатар қоғамдық құндылықтар жүйесі мен білім беру жүйесімен де бәсекеге түседі. ҚР бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену міндеті келесі жағдайларда шешіледі. Егер елде нарықтық экономикада бағдар жасай алатын басқарушылық дағдылары, ғылыми технологиялық білімді, жоғары білікті мамандары болса және әлемдік нарықтық экономика қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім берудің тиімді жүйесі жасалса Қазақстанның білім беру жүйесі стратегиялық сипаттағы мынадай бағдарламада бекітілген. Модернизацияның негізгі мақсаты- жаһандануды ескере отырып, нарықтық экономика талабында Қазақстанның білім беру жүйесін сапалы өзгертуді қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстандық білім беру жүйесі білім берудің әлемдік білім беру кеңістігіне кезең кезеңмен ену үшін жеткіліксіз ескірген методологиялық қор талабында даму үстінде. Соңғы бес жылдағы жалпы білім беру мектептерінің түлектерін тестілеу нәтижелері мен ЮНЕСКО зерттеулері көрсеткендей білім беру сапасының төмендеуінің тұрақты тенденциясы байқалады. Орта білімнің жоғары сатысындағы жеткіліксіз профилизация кесірінен мектеп түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие болмай қалады. Бастапқы және орта кәсіби білім беру тұлға мен қоғам қажеттіліктерін толық қанағаттандырмайды, сондықтан техникалық жұмысшылармен, орта буынды техникалық, қызмет көрсету мен басқару еңбегінің мамандарының біліктілік деңгейінің жаңа талаптарына сай кадрлар даярлау мәселесін шеше алмайды. Жаңа жүзжылдық басында елдегі экономикалық жағдайдың жасқаруы тұтас алғанда білім беру жүйесіне оң әсер етті: жаңа мектептер салына бастады, білім беру мекемелерінің материалдық техникалық қорын бекітуге қаржы бөліне бастады. Алайда бұл білім беру жүйесінің жағдайын түбегейлі өзгерту үшін жеткіліксіз. Білім беру жүйесі нарықтық экономика мен ашық азаматтық қоғам қажеттілігіне жауап бере алмай жатыр. Білім беру жүйесіндегі мұндай жағдайдың негізгі себептері мыналар: білім беру сапасын түпкі бағалауда субъективтіліктің басымдылығы оның барлық деңгейлерінде жеке негативті сәттерді тудырды; білім беру жүйелерінің жаңа енгізулерді жеткіліксіз қабылдауы және оқыту сапасы жүйесінің енгізілуіне тиісті мотивацияның жоқтығы, өскелең ұрпақтың мемлекет тарихын, мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтарын білуге негізделген этномәдени және азаматтық бірегейлігін қалыптастыру механизмдерінің тиісті тиімділігінің жеткіліксіздігі; материалдық техникалық базаның, оқу зертханалық жабдықтарының, оқу және методологиялық әдебиеттердің қазіргі талаптарға сәйкес келмеуі; кадрлар даярлау жүйесінде білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету. Білім беру саласындағы қалыптасқан жағдай негативті құбылыстарды жеңу, түбегейлі ұйымдастырушылық, құрылымдық өзгерістерді, республика дамуының қазіргі әлеуметтік экономикалық және саяси талаптары мен жоғары дамыған елдердің прогрессивті тәжірибесіне сәйкес мамандар даярлау сапасын жетілдіру мен білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігін көрестіп отыр. ЖОО жүйесін модернизациялау бойынша шаралар жүргізіліп жатыр. Оның басты атрибуты Болон процесіне қосылу болып табылады. Әлемдік экономиканың жаһандануы объективтік шындыққа айналды. Бұл Еуропа елдерінде айқын байқалады.

Еуропалық одақ экономикасының құрылымында жоғары білікті мамандардың келуін талап ететін, еңбек нарығының қажеттілігіне ықпал ететін ғылыми саланың өсуі байқалады.

Сегодня связь между современным, качественным образованием, духовно-нравственным, патриотическим воспитанием и перспективой построения гражданского общества, эффективной экономики и безопасного государства очевидна. Для страны, которая ориентируется на динамичный и устойчивый путь развития, жизненно важно создать и сохранить баланс традиции и инновации в образовании.

#### **Использованная литература:**

1. ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы
2. Большая Советская Энциклопедия. Изд. 3-е. М., 1969.1. Т.1. С. 463-464
3. Болев К., Абдукасымов Р. Народная педагогика и проблемы воспитания. Джайлбул, 1992. С.20-22

### **МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІНІҢ ГЕОГРАФИЯДАҒЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ**

**ИСИНА Нургуль Омирғалиевна**

*«№32 орта мектебі» КММ*

Өскемен, Қазақстан

nur\_is.85@mail.ru

#### **Аннотация**

Бұл мақалада модельдеу әдісі арқылы оқушылардың үлкен ақпаратты есте сақтауына ықпалы туралы жазылған. Модельдеу әдісінің түрлері көрсетілген. Модельдеу арқылы оқушылардың ұшқыр ойлауы мен шебер сөйлеуіне, танымдық құзыреттіліктерінің дамуына қол жеткізуге болады.

*«Мақсатқа жету мүмкін болмаса,  
мақсатыңды емес, әдісіңді өзгерт».*

*Конфуций*

Ұлттық болмыс пен бірегейлікті сақтай отырып, сананы жаңғырту, білімділікке ұмтылу Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасына арқау болғаны анық. Біздің, яғни ұстаздардың еңбегі жас ұрпақтың рухани жаңғыруына бастама бола алады. Білімділікке ұмтылу жолындағы ұстаздардың мақсаты – оқушыларға сапалы әрі бәсекеге қабілетті білім беру. Ал сапалы білімге әр түрлі заманауи ақпараттық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді өзгерту арқылы, оқушының қабілеттері мен әлеуетін мүмкіндігінше толық аша алғанда ғана қол жеткіземіз. Оқушылар білімді механикалық түрде жаттап қана қоймай, толық меңгеріп, өмірде қолданған жағдайда ғана берілген білім сапалы болады. Ал осындай сапалы білімге жету үшін оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту керек. Есте сақтау қабілеттерін қалай дамытуға болады? Оқылған ақпараттың оқушылардың есінде жақсы сақтауына сурет, кесте, сызба, макет арқылы модельдеуі зор ықпалын тигізеді.

Модельдеу (үлгілеу) – нысандарды олардың модельдері арқылы зерттеу, шынайы заттар мен құбылыстардың модельдерін құру. Кез-келген құбылыстардың, үдерістің немесе нысанның қасиеттері мен сипаттамаларын зерттеу үшін олардың үлгісін құру (жасау) және талдау; бар немесе жаңадан құрастырылған нысанның сипатын анықтау немесе айқындау үшін олардың аналогтарында (моделінде) объектілердің әр түрлі табиғатын зерттеу әдісі.

Аталған тәсілдің көмегімен күрделіні қарапайымға, көрінбейтінді және түйсінілмейтінді көрінетінге, түйсінілетінге, белгісізді белгіліге келтіріп оқу, яғни, кез келген күрделі объектіні мұқият және жан-жақты оқып білу мүмкіндігі туады.

Үлгі ретінде таңдалынған объектілердің мәні жоқ. Ең қажеттісі олардың көмегімен оқылатын құбылыстармен олардың үдерістердің қажетті белгілерін анықтайды. Ешқандай модель құбылысты өзгерте алмайтыны шындық. Модель кейде пайдалы, ал кей кезде зерттеудің жалғыз құралы болып табылады. Модельдеудің маңыздылығы қандай?

1. Объект немесе үрдісті басқаруды үйрену және берілген мақсатта және критерийлерды ең жақсы басқару әдісі бойынша анықтауға болады.

2. Берілген әдістерде және объектіге әсер ететін формада тура және ауыспалы салдарын болжауға мүмкіндік береді.

3. География пәні бойынша уақыт өте келе нақты нысандарды жасанды сызбалардың, суреттердің, карталардың модельдік ерекшеліктері арқылы сипаттауға көмектеседі.

4. Оқушылардың белгілі бір тақырыпты сапалы меңгеруіне ықпал етеді.

5. Оқушының шығармашылығының артуына түрткі болады.

6. Ғылыми зерттеу жұмыстарына негіз бола алады.

Нақты қызметтердегі объект модельдері төмендегі жағдайларға пайдаланылады:

- материалдық заттарды бейнелеу кезінде;
- белгілі фактілерді түсіндіру керек болған жағдайда;
- болжамдар құруға;
- зерттелінетін нысан туралы жаңа білімдер алу уақытында;
- жорамал жасау барысында;
- басқару кезінде т.с.с.

Модельдеу - тақырыпты талдаудың жемісі. Өйткені, оқушы модельдеу арқылы тақырыпты жүйелеп реттейді, күрделі жазылған мәтінді немесе нысанды кесте түрінде, постер арқылы қарапайым етеді.

Бұл тәсілді оқушылар жекелей және топпен орындай алады. Модельдеудің немесе үлгілеудің сапалық орындалуы оқушының креативтілігіне, ойының ұшқырлығыны, визуалдық есте сақтау ерекшелігіне, аталған объектіні елестетуіне, ойлау жылдамдығына байланысты.



**География сабағындағы модельдеудің қолданылуы**

Модельдеуге оқушылар флипчарттарды, ватмандарды, фломастерлерді, түрлі-түсті қағаздар, желім, стикерлерді, қолда бар материалдардан жасалған макеттерді, фотосуреттерді пайдалана алады.

География сабағы болғандықтан белгілі бір нысанның түпнұсқасын жасау арқылы оқушы алыстағы нысанды жақындата алады. Нысанның басты ерекшеліктерін айқындай алады. Оқушы сабақтан түсінгенін қағазға кесте түрінде немесе графиктер арқылы түсіреді, талдайды, дәлелдейді. Яғни модельдеу тәсілі оқушының шығармашылығын, ой-өрісін, сөз саптауын дамытатын ең ұтымды тәсіл деп танылды.

### Модельдеу әдісі-

1. Сыни тұрғыдан ойлау модулінде. Мысалы: «Ассоциациялық карта», «Инсерт», «Джигсо-1», «Джигсо-2», «Синквейн», «Фишбоун», «Кроссенс», «Фрайер», «Ақылды ұяшықтар» стратегияларында модельдеусіз сабақты жүргізу мүмкін емес.

2. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалануда, Мысалы: географиядағы табиғи өзгерістер, тұжырымдаманы көрсететін бейнелерді беру (эмоцияны, сезімді модельдеу үшін дыбыс пен бейнені пайдалану).


3. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерде.

4. Талантты және дарынды балаларды оқытуда, Мысалы: География сабағындағы тақырыптық зерттеу жұмыстарындағы макеттер.

5. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалаудағы стикерлер осының барлығында модельдеу қолданылатын ең тиімді тәсілдердің бірі деп санаймын.

Мұғалімдер модельдеу тәсілі арқылы сабақ өткізсе, оқушылардың алған ақпаратты сақтауының орташа пайызының артатыны анықталған. «Оқу пирамидасының» Көрсетілім - 30%, талқылау-50%, тәжірибе жасау- 75%, өзгелерді оқыту- 90% аспектілерін толық қамтитыны анықталған.

### Модельдеу тәсілінің құрамдас бөліктері



Сыни тұрғыдан ойлау әдіс-тәсілдеріне кеңірек тоқталатын болсақ:

Ол – әлемнің түпкір-түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі саналады. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларының негізінде жасалған. Мақсаты: Барлық жастағы оқушыларға кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бұл әдіс-тәсілдер жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға, тез арада дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бірден-бір тиімді әдіс сыни ойлауға

үйрету болып отыр. Сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған әдіс-тәсілдерді пайдаланатын әр ұстаз өз педагогикалық қызметінде, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым- қатынасқа дегенде көзқарасының мүлдем өзгергенін байқайды. Бұл бағдарлама басқа әдістерден өзінің құрылымы мен ерекшеленеді.

Сол стратегияларды тиімді пайдалану арқылы сабақтың барлық кезеңдерінде модельдеуді пайдалануға болады. Сабақтың мазмұнына сай алынған стратегиялар арқылы оқушылардың ойы шындалып, ашылады. Оқушылардың сабаққа белсенділігі, ынта-жігері, пәнге деген қызығушылығы артады. Сыни ойлап үйренген бала кез келген үдерісті саралап, салмақтап ой елегінен өткізеді, алған білімін модельдеу арқылы бекітеді. Оқушылар осы кезеңде өз шығармашылықтарын көрсете алады. Тек шығармашыл оқушы өзіне және сыныптастарына сыни көзбен қарайды, өзін бағалайды, оқып-білгендерін таразылайды. Яғни, модельдеу – оқушылардың шығармашылық пен ғылыми зерттеу жұмысына толықтай негіз болғаны.

Біз, ұстаздар қауымы, ұлтымыз бойындағы тек жақсы қасиеттерді дамытсақ, озық білім мен үздік жаңалықтарды дарытсақ, шығармашылдығымызды шындап, ғылымға бетбұрыс алғанда ғана еліміз рухани жаңарады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі деңгей) 2014,-115 бет.

### **ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ КАРТЫ БИС В КОНТЕКСТЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

**КАЙДАУЛОВА Галия Муртазиновна, КЕНЖЕБАЕВА Жанат Каржауовна, СЕЙТКАСЫМОВА Куралай Сейткасымовна**

*ГУ «Школа-лицей №2 отдела образования акимата города Костаная»*

Костанай, Казахстан  
galiya.kostanay@mail.ru

#### **Андатпа**

Бұл мақалада жалпы білім беру мектептерінде жаңартылған білім мазмұның жүзеге асыру барысында жаңа технологияларды қолдану керектігі қарастырылған. «БИС»-технологиясы-білім беру сапасын басқару технологиясы.Өткізілген зерттеу негізінде сабақта технологиялық кестелерді қолдануы ұсынады. Ең басты құндылығы- оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын дамыту және білім сапасын арттыру.

#### **Аннотация**

В данной статье обоснована необходимость применения эффективных технологий в общеобразовательной школе в рамках реализации обновленного содержания образования. Технология «БИС»- технология управления качеством обучения. На основе проведенного исследования авторами предлагается практическое использование технологических карт на уроке. Главное достоинство технологии-повышение качества обучения, развитие мышления ребенка и его интереса к образовательному процессу.

#### **Abstract**

This article substantiates the need to apply effective technologies in a comprehensive school as part of the implementation of the updated content of education. Technology "BiS" – is a technology for managing the quality of education. Based on the study, the authors propose the practical use of technological maps in the lesson. The main advantage of technology is improving the quality of education, developing the child's thinking and his interest in the educational process.



Государственные образовательные стандарты нового поколения указывают на необходимость реформирования всех систем образования с тем, чтобы обучающиеся действительно стали центральными фигурами учебного процесса, чего не наблюдалось при традиционном обучении. Это веление времени, так как современное общество стало в большей степени заинтересовано в том, чтобы его граждане были способны самостоятельно, активно действовать, принимать решения, гибко адаптироваться к изменяющимся условиям жизни. Следовательно, современное информационное общество ставит перед всеми типами учебных заведений и прежде всего перед школой задачу подготовки выпускников, способных гибко адаптироваться в меняющихся жизненных ситуациях, самостоятельно критически мыслить, грамотно работать с информацией, быть коммуникабельными, контактными в различных социальных группах, уметь работать сообща в различных областях, в различных ситуациях, предотвращая или умело выходя из любых конфликтных ситуаций [1].

«Каждый казахстанец должен понимать, что образование-самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером» [2].

Обновленное содержание образования Республики Казахстан -это программа образования, которая в будущем будет удовлетворять запросам будущих поколений. Обновленное образование важно по многим критериям: ученик в центре образования стоит как личность, которая умеет думать, исследовать, проводить опыты, умеет использовать функциональную грамотность, творчество в работе, работает индивидуально и в группе.

Научить всему невозможно. Куда важнее научить учащихся добывать эти знания, развивать средствами обучения их интеллектуальные, коммуникативные, творческие умения, формировать научное мировоззрение.

Поэтому так актуальны сегодня современные образовательные технологии, которые направлены на организацию деятельности учащихся, на развитие через эту деятельность их умений, качеств, компетенций. Это принципиально новые способы, методы взаимодействия преподавателей и учащихся, обеспечивающие эффективное достижение результата педагогической деятельности в сфере образования и воспитания. Поэтому невозможно представить современный процесс обучения без использования инновационных технологий. Одной из таких технологий является «БиС» -технология Ф.Я. Вассермана, казахстанского учёного, кандидата педагогических наук, президента Общественного Фонда «Качество и образование».

«Основным вкладом технологии “БиС” в развитие образования Казахстана является разработка объективных критериев, показателей и параметров измерения качества обучения, а также создание эффективных педагогических условий для формирования операциональной системы управления качеством обучения с учетом основных закономерностей теории самоорганизации» [3].

Условия технологии – это участие на уроке всех учеников, при этом требуются введение в урок технологических карт-специальных средств управления учебным процессом. Технологических карт - 11 штук (Карта разминок, Триада «Алгоритм», «Биоинтернет», «Тренажёр», «Логика», «Лидер», «Устный урок -1-2-3» и «Универсальная карта», «СРВ.+»).

Деятельность учащихся на уроках по технологическим картам означает, что каждый вносит свой особый индивидуальный вклад, идёт обмен знаниями, идеями, способами деятельности. Причем, происходит это в атмосфере доброжелательности и взаимной поддержки, что позволяет не, только получать новое знание, но и развивает саму познавательную деятельность, переводит ее на более высокие формы сотрудничества, развивает личные качества учеников.

Еще одним инструментом управления качеством является:

МПП-матрица посадочных мест. Она разработана для увеличения уровня охвата учащихся на уроке. Если на обычном уроке качество управления составляет не более 20-25%, то на уроке с применением МПП качество управления, по мнению автора, стремится к 100%. Уровень качества должно определяться нормативом. Качество считается достигнутым, если 63% учащихся выполняют норматив.

Так же для повышения качества обучения автором разработана методика развития словарного запаса. Учащиеся, у которых низкая скорость письменной речи, как правило, слабо владеет и устной речью, потому что не обладает достаточным словарным запасом и поэтому не может дать высокий результат качества на уроке. Даже если ученик, который умеет решать сложные задания, но не умеет их объяснить, то это считается низким показателем качества его обучения.

Для тренировки памяти и быстрого письма используется методика запоминания опорных слов. Данная методика помогает сделать краткое введение в новую тему, важно правильно нацелить учащихся на тот объем знаний, который должен быть изучен в рамках этой темы. Перед началом урока на доску заносятся опорные слова по изучаемой теме в количестве 7, 14 или 21 слова. 7 слов начальный этап. 14 слов, если 7 слов класс легко запоминает. 21 слово, если класс освоил 14 слов. Объясняется значение слов в теме.

Ещё к инструментам технологии относится критический и перекрёстный опрос, который содержит в себе: 10 правильных и 20 ошибочно построенных вопросов. Правила построения вопроса: первая часть вопроса строится при помощи отвлекающих вопросов: где, когда, почему, по какой причине, сколько, каким образом, откуда и т. д.; вторая часть вопроса заведомо должна быть ошибочной.

Перекрёстный опрос проводится для опроса домашнего задания и по результатам работы с опорными словами.

Инструменты технологии «БиС», направлены на повышение качества обучения и ставит своей целью развитие мышления ребенка и его интереса к образовательному процессу.

Педагоги школы-лицея №2 изучили технологию БиС, под руководством автора Ф.Я.Вассермана, была организована исследовательская группа по апробации данной технологии в течении учебного года. В состав исследовательской группы вошли 7 педагогов, реализующие обучение по программе обновленного содержания образования в 5-7 классах.

Исследовательская группа определила тему исследования:

«Как использование технологических карт урока (технология БиС) способствует повышению качества обучения в условиях обновления содержания образования».

Целью исследовательской группы стали:

- поиск методов улучшения качества преподавания и качества обучения
- апробация технологий БиС как инструмента реализации обновленного содержания образования

Задачи:

- обучить педагогов технологии БиС;
- исследование эффективности технологических карт при реализации обновленного содержания образования;
- осмысление результатов исследования, выпуск сборника.

Ожидаемые результаты :

- педагоги умеют анализировать учебно и учебно-педагогические ситуации;
- педагоги владеют инструментом реализации обновленного содержания образования;
- педагоги имеют технологическую культуру, рефлексивную позицию, умеют корректировать свою деятельность.

Согласно плана работы исследовательской группы с целью углубления теоретических знаний и обучения педагогов новой практике преподавания сертифицированными учителями школы-лицея Черняковой Е.П. и Чуб И.В. для участников группы был проведен коучинг по теме «Использование технологических карт на уроке в условиях обновленного содержания образования ».

Познакомившись со структурой технологического процесса теории и практики, назначением технологических карт, члены исследования в действии убедились, что их цели, а именно: развитие речи, внимания, скорости мышления, памяти и увеличения КПД усвоения предмета на уроке во многом решают поставленные учителем задачи.

В соответствии с планом работы группы в рамках исследования в 6 «Г» классе проведены уроки математики (учитель Лиопа Н.А.), уроки казахского языка (учителя

Кайдаулова Г.М., Байдилдина А. К., Агитаева А.К., Кенжебаева Ж.К. и Сейткасымова К.С.), урок русского языка и литературы (учитель Хомутовская Н.Н.)

Анализируя посещенные уроки, члены исследовательской группы отметили, что обучаемый становится полноправным участником процесса восприятия, его опыт служит основным источником учебного познания. По сравнению с традиционными формами ведения занятий, при обучении по данной технологии совершенно меняется учебное взаимодействие: активность педагога уступает место активности обучаемых, а задачей педагога становится создание условий для их инициативы.

Исследование в действии по технологии БиС показало, что только системный подход и грамотно выбираемые инструменты могут привести к реальному повышению качества знаний учащихся в условиях обновленного содержания образования.

### Список литературы

1. ГОСО РК
2. Вассерман Ф.Я. Управление качеством обучения в общеобразовательной школе («Биоинформатика и синергетика»), - Алматы, 2008.-84с
3. Ф.Я.Вассерман. Технология управления качеством в общеобразовательной школе "Биоинформатика и синергетика". Алматы, ТОО НВЦ "Образовательный технопарк", 2013 г.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АТМОСФЕРАСЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІГІНЕ ӘСЕРІ

**КАЛИЕВА Зауре Сейтхановна, БЕКТАСОВА Гульназия Елубаевна**

*Физика-Математикалық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі*

Көкшетау, Қазақстан

kaliyeva\_z@kt.nis.edu.kz, bektassova\_g@kt.nis.edu.kz

### Андатпа

Ынтымақтастық орта оқушылардың бір-бірімен қарым- қатынасын дамытып, өзара әрекеттесуге итермелейді. Ынтымақтастық орта құру мұғалімге оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды оқу процесіне тартуға және уәждерін арттыруға көмектеседі.

### Annotation

The cooperation contributes to the development and interaction between the students. Cooperation creates an environment that help the teacher to involve students in the learning process and increase motivation, taking into account the individual characteristics of students.

Ынтымақтастық атмосферасы білім сапасын арттыруға жақсы қолайлы жағдай туғызады. Ынтымақтастық (коллаборативті орта) - ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін бірлескен жұмыс, оқыту үдерісіне қатысушылар бірлесіп оқу, іздеу, талқылау, талдау немесе ақпаратты синтездеу арқылы білім алады. Бірлесіп оқыту - өзінің білім алу және өзара оқытуды іске асыру үшін оқушыларды бірлесіп жұмыс жасау мақсатымен шағын топтарға біріктіріп оқыту, әрбір оқушының қабілеттерін және оқыту үдерісіне қосқан үлесін ескеретін, білім алушылар және оқытушы арасындағы тығыз әрекеттесуге негізделген оқыту тәсілі [1]. Коллаборативті оқыту негізінде білім беру - бұл оқушылардың бір-бірімен қарым - қатынасқа түсіп, оқыту процесі өзара қатынасу әдісі негізінде жүзеге асырылатын және барлық топ мүшелерінің бір мақсатқа жету деген идея жатыр. Мұндай топтар бір мазмұнды зерттеу немесе сабақта бір ақпаратты талдау барысында құрылады. Бірлесіп оқудың негізгі элементтеріне оқушылардың оқу мақсатына жетудегі бір-біріне тәуелділігі, бір-бірімен «бетпе-бет» әрекеттесуі, жеке жауапкершілік, бір-бірімен және топ арасында еркін қарым-қатынас жасауы, топтық жұмысты қорытындылау, бағалау жатады.

Ынтымақтастық оқудың басты элементтерінің бірі өзара байланыс жасауға тоқталатын болсақ, оқушыларға екі міндет қойылады: ұсынылған материалды оқып түсіну және топтың барлық мүшелерінің түсінуін қамтамасыз ету. Әрбір оқушы топтың жетістікке жетуі үшін оның үлесі қажет екенін сезінуі тиіс. Ол үшін топқа ортақ мақсат қойылып, топтың барлық мүшелеріне ортақ баға немесе бірлескен сыйақы, әр топ мүшесі өзіне тиесілі ресурстармен қамтамасыз етілуі керек. Оқушыларды оқытуда ынтымақтастық ортаны құру барысында оқушылардың өзара бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру, соның нәтижесінде олардың бойында өзара көмек көрсету, еркін түрде өз ойларын көпшілік алдында қорғау, басқалармен өзін салыстырып түзеу, өз-өзіне сыни көзқараспен қарау, сыни ойлауды дамыту, еркін қарым-қатынас жасау, өзін-өзі жетілдіру міндеттері шешіледі.

Оқушылардың тапсырмалар шешімін табу әдісін қарастыру барысында, мұғалім оларды өзара әрекеттестіре алатындай етіп ыңғайластыруы тиіс. Ол үшін топтар 5-6 оқушыдан аспайтын шағын болу керек. Талдау жүргізу барысында диалогқа қажетті сөйлемдерді, сөз тіркестерін ұсынады. Ынтымақтастық ортадағы жұмыс соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Барлық жағдайларда топтарға бірлескен кезде топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен үлесін құрметтей отырып жұмыс істеу тәсілі ұсынылады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін топ мүшелері арасында көшбасшылық пен жауапкершілікті бөлу маңызды орын алады. Ынтымақтастық оқудың мәні топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы ымыраға, өзара келісімге келуге негізделген. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға бағытталған, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады.

Кез келген тапсырманы бірігіп істеуге болады. Бірақ, кез келген топтық жұмыс ынтымақтастықтағы оқытуға жата бермейді. Себебі, кей топта оқушылар тіл табыса алмай, немесе көшбасшылыққа талас болуы мүмкін. Басқа топта бір оқушы ашылмай, топтық жұмыстан тыс қалады. Топтағы барлық жұмысты бір өзі ғана істегісі келетін, өзінің ойын басқаларға қабылдатын оқушылар да болады. Немесе, бір топта бір-екі оқушы жұмыс жасап, қалғандары басқа іспен айналысып отыруы мүмкін. Бір-біріне ерегісіп ештеңе істемей отыратын топтар болады.

Оқушының бойында қарым-қатынас орнату дағдыларын дамыту үшін топтық жұмыс жасау алдында ереже құрып алған тиімді. Оқушылар бір-бірін тыңдап, қолдап, бір-біріне сенім артуы тиіс. Бірлесіп отырып мәселенің шешу жолдарын ұсынады. Жеке жауапкершілікті қалыптастыру үшін топқа кері байланыс беру барысында әр оқушының қосқан үлесіне тоқталу керек. Яғни кері байланыс тек топқа ғана емес, жеке оқушыларға да беріліп, оның білімі бағаланады.

Ынтымақтастық ортаны қалыптастырудың әдіс-тәсілдері туралы тәжірибеге сүйенетін болсақ, оқушылардың өзара әрекеттесуіне ықпал ететін әдіс-тәсілдерді сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Мысалы, сабақтың басында оқушылардың қызығушылығын ояту, ойтүрткі жасау үшін «мұз жарғышты», «миға шабуыл» әдістерін пайдалануға болады. Нақты пәнге қатысты қарастыратын болсақ, мысалы 7 сыныпта Қазақстан тарихы пәні бойынша ерте ортағасырлардағы Қазақстан картасының кескінін қима түрінде таратып беріп, «мозаика» ойыны арқылы картаны жинастыруға тапсырма беріледі. Оқушылар топта картаны құрастырып, осы арқылы сабақтың тақырыбын ашуға мүмкіндік алады.

Әрбір сабақтың басында үй тапсырмасына назар аударылып, оқушылардың біліміне кері байланыс берілуі тиіс. Ол үшін оқушыларды 4 баладан тұратын топтарға бөліп, әр оқушы топта үй жұмысын талқылайды, сосын әр топта ең үздік жұмысты тандап алып, неге олай бағалағандарын дәлелдеу керектігі тапсырылады. Бұл әдіске үйренген соң, ең үздік жұмыстың орнына нашар жазылған жұмыста айқындауға тапсырма беруге болады. Оқушылар бір - біріне кері байланыс береді, соңында мұғалімнің кері байланысы маңызды.

Ынтымақтастық ортаны қалыптастыруда орын алатын маңызды әдіс- тәсілдердің бірі - «Үш ноян». Бұл әдістің басты мақсаты: сабақтың басында оқушыларды топтық жұмысқа жұмылдыру. Оқушыларға төмендегідей нұсқаулар беріледі.

1. Топтық жұмыста сіз үшін үш маңызды нәрсені атаңыз.



2. Топтық жұмыста сіз үшін маңызды емес үш нәрсені атаңыз.
3. Топтың мүшесі ретінде сіз үшін өте ерекше нәрсені атаңыз.
4. Топ атауын топ мүшелері үшін жағымды және жағымсыз болып көрінетін нәрселермен байланыстырыңыз.
5. Топ атауын постерге жазыңыз.

Сабақтың ортасында қолданатын тиімді әдістердің бірі «4 бұрыш – ойлан – жазып ал, жұбыңды тап, талқыла» әдісі, мақсаты – оқушылардың сынып бөлмесінде белгілі мақсатпен қозғалыс жасауына мүмкіндік беру және тез ақпарат жинау болып табылады. Тапсырманы орындау алгоритмі:

1. Тақырыпқа байланысты ақпараттар мен деректерді сынып бөлмесінің бұрыштарына ілінеді.
2. Оқушылар өз тақырыбына байланысты ақпарат жинайды.
3. Топ мүшелері жиналған ақпаратты талқылайды.
4. Сарапшылар топ мүшелерінің ойын ортаға салады/қорытынды шығарады.

«Картаны салу»- әдісі топ мүшелерін нәтижеге бағыттайтын тәсілдердің бірі болып табылады, тақырыпты зерттеу мен талдау кезеңінде қолдану өте тиімді. Мақсаты: әрбір топ мүшесінің жауапкершілігін арттыру, тапсырманы орындау стратегиясын құрастыруға итермелеу. Оқушыларды топқа бөледі және топ мүшелерінің арасынан суретшіні таңдайды. Суретшіні тарихи карта ілінген тақтаға арқасымен отырғызады. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы картаны жарты минут аралығында оқып алып, топтағы суретшіге нені салуды түсіндіреді. Суретші топ мүшелерінің түсіндірумен картаны салуы тиіс. Тарихи картаны айнытпай салған топ жеңіске жетеді.

Келесі тиімді тәсілдердің бірі «жекпе- жек» деп аталады, бұл да сабақтың ортасында қолданады, мақсаты: ақпаратты бірлесе талқылау, қиын сұрақтарды құрастыру және оларды ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Тапсырманы орындау алгоритмі:

1. Оқушыларға мазмұны бірдей оқу мәтіні беріледі.
2. Мәтін мазмұнына байланысты әрбір оқушы бір күрделі сұрақ құрастырады.
3. Оқушылар екі немесе үш топқа бөлінеді және топтық талқылау арқылы үш жақсы күрделі сұрақ таңдап алады.
4. Әр топтан сайланған оқушы басқа топтарға сұрақ қояды.
5. Сұрақтың жауабын талқылауға уақыт беріледі.
6. Басқа топтан сұраққа жауап беретін оқушыға сөз беріліп, нақты жауап беруі қадағаланады.

Сабақтың соңында да ынтымақтастық атмосферасы өте маңызды, өйткені бұл кезеңде оқушылар өз жұмысын бағалап, жеткен жетістіктері мен кемшіліктерін айқындайды. Соның негізінде болашақта нені өзгерту керек, қандай іс-әрекет жасау керек екенін шешеді. Бұл оқушының танымдық дамуын метакогнитивті деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Балаларда өз іс-әрекетіне есеп беру қабілеті, өзін – өзі реттеу дағдылары дамиды. Бұл кезеңде рефлексия жасау арқылы оқушы өз іс-әрекетін, көңіл-күйін, оқу нәтижелерін бағалайды. Мысалы, «бүгін сабақта мен не білдім?» әдісінде оқушылар сынып бөлмесінің қабырғаларында ілінген қағаздарға өздерінің сабақта не білгенін, қандай білім алғандарын жазады. Оқушылардың рефлексия жазған қағаздарын постер ретінде пайдалауға болады.

«Дөңгелек үстел» әдісі де оқушыларға тиімді рефлексия жасауға көмектеседі. Мақсаты: оқушылардың алған білімдерін еске түсіруге, қорытындылауға және ой- елегінен өткізуге жағдай жасау. Қысқаша нұсқаулығы:

1. Тақырыпты немесе мәселені анықтаңыз.
2. Әрбір топқа бірнеше бөліктерге бөлінген бір парақ қағаз беріңіз.
3. Оқушыларға уақыт беріп, жазуды бастауды сұраңыз.

Топта отырған әрбір оқушы парақтың бір бөлігіне сабақта білген маңызды ақпаратты жазады.

Ынтымақтастық оқудың тиімділігін қорыта айтқанда, «оқушылар әр адамдардың көзқарасымен танысудан пайда алады, және бірнеше көзқарас болатынын түсінеді, салыстыра отырып дұрыс шешімін табады. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады [2].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Johnson, D. W., Johnson, R. T., & Holubec, E. J. (1993). Cooperation in the Classroom (6th ed.). Edina, MN: Interaction Book Company.
2. Smith, B.L. and MacGregor, J.T. (1992) What Is Collaborative Learning? 1-11. <http://www.google.com>

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚИТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

**КИЗАТУЛЛИНА Алуа Сеилхановна**

*«Зәки Ахметов атындағы № 16 орта мектебі» КММ*

Өскемен, Қазақстан

[alua1972@mail.ru](mailto:alua1972@mail.ru)

#### **Аннотация**

Жаңа талаптарға сай оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін мүмкіндігіне қарай сабақ үрдісінде түрлі қолдану қажет It is necessary to maximize the use of modern teaching methods in accordance with the new requirements in the classroom

Білім беру мазмұның жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұның жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог практиктердің және ғылымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Оқушы оқу процесінің басты өзегі, сондықтан назардың барлығы оқушының дамуына, оның ойлау стилінің тәуелсіздігіне аударылады. Педагогикалық инновацияның мұғалімдер алдында қоятын талаптарының бірі оқушылардың өз бетінше жұмыс жасап үйренуін қалыптастыру. Жаңа білім игеру мақсатында оқушының өз бетімен жасаған жұмыстарына үнемі көңіл бөлуге керек. География пәнінің ерекшелігі сарамандық жұмыстар мен өзіндік жұмыстар әр қашан бір-бірін толықтырып отырады. Оқушының өз бетінше орындалуына берілетін әр бір тапсырма олардың күші келетіндей, түсінікті, көлемі жағынан бағдарламаларға сай, мазмұны оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі болуы тиіс. Өз бетімен жұмыс істеу оқушыларды тиянақтылыққа, төзімділікке, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелейді. Мысалы, оқушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында әр кезеңінде ұйымдастырған жөн. Олар мыналар:

**1. Оқулықпен жұмыс істеу** – әсіресе жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін негізгі жұмыс түрі. Оқушылар статистикалық материалды, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы оқулықтағы білімдерін кеңейтіп, негізгі білімдерін жүйелейді (Бұл жұмысты жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдаланған тиімді.)

**2. Атласпен, картамен жұмыс істеу:** география пәнінде атласпен, картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың ерекшеліктерін, жату бағыттарын, орналасуын тек карта арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салаларын карта арқылы білуге болады. Сондықтан да бұл жұмысты да жүйеге келтіру керек деп есептеймін. Атласпен картамен жұмыс жасай алмайтын оқушы география пәнін меңгермеген оқушы деп санаймын.

**3. Кескін картамен жұмыс:** бұл жұмысты 6-шы сыныптан бастап үйрете беру керек. Себебі 7 сыныптағы материктер картасын кескін картаға салу кезінде оқушылар қатты киналады. Ал бастапқы курсты оқу барысында оқушыларға түрлі-түсті бояу арқылы арқылы жер бедерінің азғантай бөліктерін салғыза отырып, олардың биіктіктерді ажырату, ойпаттардың, қырат-үстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ өзен-көлдерді картаға түсіру дағдылары дамиды.

**4. Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау:** географияның бастапқы курсына географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік болады. Мысалы қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтауға арналған есептер құрастыруға болады. т.с.с

**5. Географиялық сөздік, анықтамалық материалдармен жұмыс.** Оқулықтардың соңында географиялық терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігімен жұмыс жүргізіп отыру керек. Сондай – ақ онда кездеспейтін ұғымдарды күнделікті жұмыс дәптерлерінің соңындағы бірнеше бетке жазып отыруды тапсырып отыру керек. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалап отыру қажет, себебі ол – оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

**6. Кестелерді толтыру.** Кесте толтыру арқылы оқушылардың салыстыру, нақтылау, ойлау қабілеттерін дамытады.

**7. График, профиль, диаграммалар сызу:** 6 –ші сыныптан бастап температура графигін салу, бағандық диаграмма арқылы жылдық жауын – шашынның айлар бойынша таралуын сыздыру – оқушыларды төзімділікке, ыждаһаттылыққа тәрбиелейді. Сондай – ақ 9 – ші сыныпта статистикалық материалдарды пайдалана отырып, шеңберлік диаграмма сызу арқылы білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік болады.

**8. Топпен жұмыс.** Қосымша әдебиеттердің ішінде саяхатшылардың өмір – тарихы, зерттеулері, қызықты әңгімелер оқу арқылы оқушылардың жан – жақты дамуына, дүниетанымының артуына мүмкіндік туындайды.

**9. Табиғатқа бақылау.** (топсеруендегі бақылаулар мен ауа райына күнделікті бақылау жүргізу)

Карта – сызба нұсқауларды қарау.

**10. Әңгіме құра білу.** Оқушылардың өз бетімен жасаған нәтижесі білім ұстанының тұрақты болуына әсерін тигізеді. Ұлы ойшыл қытай философы Конфуций: «Естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сақтаймын, а өз ақыл ойыммен істеген ісімді түсінемін» дегендей оқушылардың негізгі білім және білік дағдыларын қалыптастырады. Қазіргі кезде білім беру технологияларының негізгі бағыттарының бірі саралап оқытуға көп көңіл бөлінуде. Оқушыларды саралап оқыту (деңгейлік тапсырмалар беру арқылы) Америкада бастауыш сыныптардан, ал Жапония мен Франция елдерін ортаңғы және жоғарғы сыныптарда жүзеге асырылуда.

Күнделікті сабақтардың әсіресе 5-7 сынып оқушыларымен деңгейлік тапсырмалар беру арқылы саралап оқыту технологиясын пайдаланған өте тиімді. Себебі бұл сынып оқушыларының жас ерекшелігіндегі психологиялық жағдайларын пайдаланып, олардың бір-біріне деген қызығушылығын, еліктеу қасиеттерін ескере отырып дамытуға мүмкіндік туындайды. Айта кететін жағдай: бұл технологияны пайдаланғанда сынып оқушыларын білім, білік, дағдыларының қалыптасуына, зейіні мен есте сақтау қабілеттеріне қарай бірнеше топқа бөлу қажет. Оны «А», «Б», «С» тобы деп немесе I, II және III-топ деп бөлуге болады. Тағы бір ескеретін жағдай білім алу барысында оқушылар бір топтан екінші топқа даму қабілетіне қарай көшіп отырады. Мысал ретінде 7 сыныпта өткізілген «Еуразияның ішкі сулары» атты ашық сабақтан панорамалық сабақ көрсетуге болады.

Сабақты дәстүрлі емес сабақ ретінде, яғни саяхат сабақ ретінде өткізуге болады. Сабақ үш аялдамадан тұрады. Олар: «Білемін» «Білгім келеді» «Білдім». Саяхатқа шықпас бұрын оқушылар жан-жақтан межелі орынға жиналып шуылдасып жатпай ма? Сол мезгілді елестеп миға шабуыл ойын ойнаймыз. Тақтаға ішкі су дегенді қалай түсінеді, соны тез-тез жазып

шығады. Соның ішінен негізгі ұғымды «Көл, өзен, жер аты сулары, мұздықтар, батпақтар, бөгендер т.б. бөліп аламыз».

«Білемін» аялдамасында әр топқа деңгейлік тапсырма беріледі.

Мысалы мынадай:

III топқа 1) Өзен деген не? Арна, саға, сала, бастау.

II топқа: Көл – қазаншұңқырына қарай қалай бөлінеді? Ағынды, ағынсыз көл деген не?

I топқа: Жер асты сулары, түрлері қандай? Мұздықтар пайда болуына қарай қалай бөлінеді?

Бұл аялдамада оқушылардың 6-шы сыныпта алған білімдерін еске түсіреміз де енді деңгейлік тапсырманы күрделендіре түсеміз.

III топқа: өзен жүйесі, өзен алабы, өзеннің қоректенуі деген не? Бұл топ оқушыларына үлестірмелі дидактикалық материал бірге беріледі.

II топқа: Ең ірі тау мұздығы қалай аталады?

I топқа: Жер асты суының деңгейіне не әсер етеді? Батпақтардың пайда болуы себебі неде?

Осы сұрақтарға жауап алсақ 2-ші аялдамаға жетеміз.

«Білгім келеді» аялдамасына жаңа тақырып бойынша тапсырмалар беріледі.

**I деңгейде:** III-ші топқа картадан (оқулық картасы) өзен алаптарын тауып, өзендерді көрсету тапсырылады.

II-топқа: осы өзендерді қабырғада ілулі тұрған картадан көрсету тапсырылады.

I-топқа: климаттық белдеулердің өзен рижіміне қандай әсері барын анықтау тапсырылады. Сонымен қатар диаграмма бойынша өзен режимін айлар бойынша өзгерісін анықтау тапсырылады.

**II деңгейде:** III-топқа: Арасан деген не? Оның маңызы қандай деген сұрақтар беріледі.

II-топқа: Каспий, Байкал, Арал, Балқаш, Онега, Ладога көлдері туралы не білесіңдер? (оқулықпен жұмыс)

I-топқа: 87 беттен (өтіп кеткен тақырып мұз басу, көп жылдық тоң қабаты) (Кола түбегі, Таймыр түбегінде 150 метр онң 40-150 см беті ғана жазда ериді)

Батпақтар қайда орналасқан? (Палосье, Мещера, Батыс Сібір т.б.) пайда болу себебі не деп ойлайсыңдар?

**III деңгейде:** (шығармашылық)

III-топқа: «Өзен» сөзіне сөзжұмбақ жасау тапсырылады.

II-топқа: Анықтамалық материалдардан кейбір өзен-көл аттарының аталу себебін анықтау, (Каспий-тайпа аты, Балқаш-монгол тілінен «батпақты» т.б.) экологиялық жағдайын сипаттау.

«**Білдім**» аялдамасында барлық топтар бірлесе отырып тест тапсырмасын орындайды. Мұғалім қорытынды жасайды. Үйге тапсырма беріліп, әрбір топ оқушылары жеке бағаланады.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында әрбір оқушы өз шамасына қарай тапсырма орындау арқылы оқулықпен, картамен, дәптермен жұмыс жасайды. Сонымен бірге оқушылар топпен жұмыс жасау барысында бір-біріне көмектесіп отырады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, пән бойынша білім сапасының артуына мүмкіндік береді.

Сонымен саралап оқыту дегеніміз - оқушының туа біткен ақыл – ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтығына негізделген білім беру жүйесі. География пәнінің өзіндік ерекшелігіне байланысты мен өз тәжірибемде сөз әдісін, наменклатуралық білім беруде сұрақ-жауап әдісін, тестік жүйенің әр түрін қолданамын.

Оқушылармен қабілетіне қарай жеке жұысты қайталау арқылы, білім негіздеріне қарай карточка жасап келіп сұрау арқылы, кескін картамен жұмыс істеу арқылы және тестік тапсырмалар арқылы жүзеге асырып отырдым.

Ал оқушылармен оқу-білім беру жұмыстарын ұйымдастырғанда оқытудың жеке, ұжымдық түрлерін көбірек пайдаланамын. Жоғарғы сыныптарда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға негізделген Web-технологияны көбірек пайдаланамын. Соның нәтижесінде оқушылардың іздену, зерттеу қабілеттері дамиды.



Пәннің ерекшелігіне байланысты Шаталовтың тірек-сызба технологиясын, Давыдовтың оқушыларды дамыта оқыту технологияларын пайдалану арқылы білім беру тиімді деп ойлаймын.

### Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
2. Портал материалдары.
3. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.
4. К. Дайырбаев., А. Дайырбаева Педагогика негіздері.
5. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. А. Әлімов., Алматы қ.
6. С. Мирсеитова Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

### «РАЗВИТИЕ МЕЛКОЙ МОТОРИКИ РУК НА УРОКАХ ТРУДОВОГО ОБУЧЕНИЯ»

**КИРИЧЕНКО Ольга Юрьевна**

*КГУ «Специальная школа-интернат №2»*

Атбасар, Казахстан

atb\_1981@mail.ru

### Аннотация

В статье рассматривается значение развития мелкой моторики у детей с отклонениями в развитии на уроках трудового обучения; актуальность совершенствования приемов обучения, направленных на формирование интеллектуальных трудовых умений, двигательных трудовых навыков.

*«Истоки способностей и дарования детей – на кончиках их пальцев. От пальцев, образно говоря, идут тончайшие ручейки, которые питают источник творческой мысли. Чем больше мастерства в детской руке, тем ребёнок умнее».*

Одной из особенностей обучения обучающихся швейному делу на начальном этапе, является низкая самостоятельность в труде и ограниченная двигательная сфера трудовых навыков. А это значит, неумение самостоятельно ориентироваться в задании, неумение планировать выполнение своей работы, затруднение в выполнении однотипного задания. На всех этапах обучения обучающиеся показывают трудности в речевом общении, так как у них малый словарный запас активного словаря. Они затрудняются провести речевой анализ своего изделия, описать его сложные операции или указать существенные признаки. Мешает усвоению трудовых навыков и двигательная недостаточность, которая проявляется в неумении синхронно работать руками на швейной машине, а также регулировать силу ручного или ножного нажима.

Процесс развития ребёнка, в значительной степени - процесс развития движения. На уроках швейного дела обучающиеся овладевают элементарными приёмами работы с различными материалами и инструментами. Изготовление изделий требует от ребёнка ловких движений, а в процессе систематического труда, рука приобретает уверенность, точность, пальцы становятся гибкими, появляется согласованность в работе глаза и руки, совершенствуется координация движений, точность в выполнении действий. В процессе обучения швейному делу образуется система специальных навыков и умений у обучающихся.

Работая с детьми, испытывающими трудности в обучении, приоритетной целью своей деятельности я определила развитие и совершенствование мелкой моторики кисти и пальцев рук в коррекционной работе.

Для реализации цели определила следующие задачи: выявить индивидуальные способности обучающихся в развитии мелкой моторики; развивать тактильную чувствительность рук обучающихся; сочетать игры и упражнения для тренировки пальцев с

речью; подготовить руку ребёнка к шитью. Для решения задач использую следующие средства:

- использование физкультминуток, где движения обучающихся сочетаются с речью, такие физкультминутки способствуют переключению на другой вид деятельности, повышению работоспособности, снятию нагрузки, тренируют психические процессы (память, внимание);

- пальчиковые упражнения в сочетании с самомассажем кистей и пальцев рук способствуют освоению детьми элементов самомассажа, оказывают оздоровительное воздействие на организм ребёнка, улучшают функции рецепторов проводящих путей, в сочетании со звуковой гимнастикой стимулируют умственную деятельность, способствуют хорошему эмоциональному настрою, улучшению произношения многих звуков, а значит - развивают речь.

- игры (дидактические, театрализованные, сюжетно-ролевые), которые позволяют повысить общий тонус, развивают внимание, память, снижают психоэмоциональное напряжение, развивают воображение.

Чтобы развитие мелкой моторики пальцев рук стало увлекательной игрой, использую разнообразные приёмы, при помощи «Волшебного цветка».



В «Волшебном цветке» я использовала различные приёмы для развития мелкой моторики рук; шнуровку на различных предметах; завязывание и развязывание бантов, узлов; застёгивание пуговиц, молний, крючков; заплетание косичек, тактильное восприятие фурнитуры.



В работе по развитию мелкой моторики задания подбираю с учётом их постепенно возрастающей сложности, учитываю индивидуальные особенности ребёнка, темп его развития, возможности, настроение. Работу провожу регулярно, систематически, соблюдаю временной регламент, чтобы не вызвать переутомления ребёнка. Повышаю у обучающихся интерес к упражнениям и заданиям, превратив их в занимательную игру. Забочусь о том, чтобы деятельность ребёнка была успешной, тогда подкрепляется его интерес к урокам и процесс обучения и развития формирует у обучающихся положительную мотивацию.

Очень важно вовремя подбодрить ребёнка, укрепляя его веру в собственные силы. В коррекционной школе особенно важен индивидуальный подход, в связи с большой неоднородностью детей по способности к обучению. Обучающиеся различаются по характеру и темпераменту, по темпу работы и мотивации учения. Непосредственно в учебном процессе оптимальные условия создаются с помощью методов и приёмов дифференцированного подхода.

Опыт работы показывает, что планомерная работа по развитию мелкой моторики рук на уроках швейного дела способствует: развитию у детей произвольного внимания, наблюдательности, памяти, сообразительности, чувства ритма; развитию глазомера и координации движения пальцев; правильному использованию материалов, инструментов. Дети приобретают практические навыки и умения. У них развивается речь, воображение, фантазия, воспитывается аккуратность, терпение, настойчивость, стремление преодолевать трудности и доводить начатое дело до конца.

### Литература

1. Занков Л.В. Психология умственно отсталого ребенка.-М., 1988.
2. Кащенко В.П. Совершенствование урока трудового обучения. Начальная школа, [Текст]№2, 2001.
3. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка[Текст].-М., 1973.

## ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОРАТОРИЯ ЖАНРЫ, ОНЫҢ ҚАЗАҚ ХОР МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ ҚАРЕКЕНОВА Дилара Талғатқызы

Ғылыми жетекшісі – өнертану докторы, профессор У.Р.Джумакова

*Қазақ ұлттық өнер университеті*

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

dilarakarekenova@gmail.com

### Аннотация

Мақаланың негізгі мақсаты - қазақ композиторлары шығармашылығындағы оратория жанрының маңызын ашу. Вокалдық-хор музыкасындағы ең күрделі және көлемді форма саналатын ораторияның отандық музыка тарихындағы қалыптасу кезеңдері басты бағытты құрайды. Зерттеудің өзектілігі-бұл жанрдың практикалық деградациялануы және заманауи музыкатану ғылымдарында жете игерілмеуінде болып табылады.

### Summary

The main goal of the article is to reveal the essence of the oratorio genre in the works of Kazakh composers. The formation of an oratorio in the history of Kazakh music is the main focus. The relevance of the study lies in the fact that the genre at a given moment is undergoing a period of degradation and is not adequately covered in modern music science .

Оратория – классикалық музыка мәдениетінде монументті жаппай бірігу идеологиясын ұстанушы жанр ретінде белгілі. Оратория жанрының XVI ғасырда алғаш пайда болған қалпы мен қазіргі заманауи формасы көптеген өзгерістерге ұшыраған. Өзгерістердің пайда болу



табиғаты мен оның композиторлық қордағы басымдылық деңгейі оратория жанрының қоғамдық өмірдегі қаншалықты маңызды жанр екендігін көрсетеді. Белгілі кезеңдерде осы жанрдың кеңінен пайдаланылуы мен уақытша құлдырауы заман заңдылығы немесе адамзат санасының талабы деп түсіндіріледі.

Музыка зерттеушілері арасында түп нұсқа саналатын Гендель, Бах, Моцарттың ораториялары діни мәтінді насихаттауды мақсат етіп, библия мәтініне жазылған[1.66]. Бірақ уақыт өте келе С.Прокофьев, Д.Шостакович және Г.Свиридов бастаған орыс классиктерінің ораториялары басқа бағытты ұстанды. Олардың тақырыбы демократия мен шынайы ұлтшылдық, әлеуметтік маңызы бар мазмұн және массалардың рөлін күшейту арқылы ерекшеленді[1.68]. Сол себептен ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жаңа ораториялық бағытты зерттеуге арналған Э.Розенов, Ю.Келдыш сынды музыкатанушылардың еңбектері өте маңызды ғылыми дерек көзін құрап, қазіргі таңға дейін осы жанрға арналған негізгі мағлұматтар жүйесі болып саналады.

Қазақстан композиторларының ораториялық шығармашылығы басқа кәсіби музыка жанрларынан әлдеқайда кеш қалыптасқан. Оның пайда болуы опера және симфониялық музыка саласындағы жетістіктер мен жалпы қазақ қоғамының кәсіби музыкалық мәдениетіне тәуелді болды. 60-жылдардың басында жарық көрген алғышқы қазақ ораториялары тақырыптық өзектілігі, идеологиялық тиімділігі және үйлесімді құрылымының арқасында уақыт талабын қанағаттандыра алды[2.292].

1950 жылдардың аяғынан 1980 жылдардың басына дейінгі кезеңдегі белсенді қоғамдық көзқарастар Кеңестік музыка тарихындағы оратория жанрының алдыңғы орындарға шығуына түрткі болды. М. Эликтің «Совесткая музыка» басылымында шыққан «Что волнует сегодня?» мақаласында «оратория - заманымыздың ең маңызды мәселелерін көрсетуге қабілетті» деген музыкатанушылар арасында қалыптасқан түсінікті анықтау арқылы, опера мен симфония жанрларын шеттету тенденциясы байқалады. Сол замандағы Одақтас мемлекеттермен бір бағытта дамыған музыкалық мәдениет Литва, Эстония және Әзірбайжан композиторларының қаламынан шыққан «Навеки вместе», «Поступь мира» ораториялары идеологиялық бірлестіктің дәлелі болады.

Сыдық Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» (1960) тарихи ораториясы мен Ғазиза Жұбанованың «Арайлап атқан таң» (1960) ораториясы қазақ кәсіби музыка мәдениетіндегі жаңа оратория жанрының бастауы болып табылады. Және бұл үлгілер қазақ хор мәдениетінің жетілген кәсіпқойлылыққа деген сапалы секірісі болып саналып, ұлттық хор ерекшеліктерін анықтайды[2.298].

Өз еңбектерінде қазақ халқының түп нұсқалық, дәстүрлі музыкасының ерекшеліктерін толықтай жеткізе білетін, ұлттық композитор-Сыдық Мұхамеджанов оратория жанрына келмес бұрын қажырлы шығармашылық жолын жүріп өткен болатын. Қазақстанның музыка мәдениетіне сан қилы көркемдік бейнелер арқылы жаңашылдық енгізуге талпынған композитор қаламынан бірінші опера буффа «Айсұлу» және дауыс пен оркестрге арналған концерт жарық көрген еді. Көптеген опералар, кантаталар және хорға арналған шығармалар жазу арқылы шеберлігін толық шыңдаған С.Мухамеджанов «Ғасырлар үні» ораториясының арқасында қазақ музыкасының жаңа кезеңіне бастау қойды [3.486].

«Ғасырлар үні» ораториясы солистке, аралас хорға және симфониялық оркестрге арнап жазылған ірі тарихи шығарма. Жалпы ораториялар белгілі бір саяси, тарихи оқиғаға арнап жазылатын болған, және ол сол тарихи кезеңді насихаттайтын белгілі бір тақырыпты ұстанған. Кеңес одағының бар күш-қайратын, бар салтанатын суреттеу мақсатында жазылған мерейтойлық оратория Москва, Ленинград, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Кавказ елдерінің мәдениет өкілдерінің алдында орындалды.

Қ.Шаңғытбаев пен С.Мухамеджановтың тыңдарманға жеткізбекші болған негізгі ойы қазақ халқының басынан өткен қиын-қыстау заманның ауыртпашылығын көрсету арқылы, бүгінгі күнді, жарқын болашаққа деген сенімді ұялату болды. ХVІІІ ғасырдағы жоңғар шапқыншылығының зардабы, Қазан төңкерілісі мен Ұлы Отан соғыс жылдарының қасіреті бір шығармада керемет үйлесім тауып, қазақ халқының көп ғасырлық тарихын суреттейтін ұлттық мұраға айналды[4.475].



Эстониялық композитор Арво Пяртаның 1961 жылғы жазылған «Поступь мира» ораториясында суреттелген Нагасаки трагедиясы, Сібір тарихи оқиғасы тәрізді әлемдік сюжеттерді сипаттауға деген талпыныстан киномотографияның оратория жанрына енгізген әсерін көреміз. Осы тұрғыда ораторияның опера мен кантатаға ұқсас қырлары ашылады. Кантатаға қарағанда көлемді және драматургиялық сюжетке ие оратория, опера тәрізді театрланған қойылымды талап етпей, тек концерттік сахнада орындалатынын еске алған жөн.

Жалпы қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығы орыс композиторлық мектептен негіз алған. Бірақ ұлттық фольклор үлгілеріне деген ерекше зейіннің арқасында ұлттық оратория атануға лайықты, дәстүрлі нақыштағы қарапайым халықтың жүрегінен орын алып қана қоймай, терең түсінуіне мүмкіндік алған шығармалар жарық көрген. Халқымыздың өміріндегі түрлі кезеңдерде орын алған тарихи оқиғалар мен ұлы тұлғалардың тағдырын негіз еткен сюжеттер түрлі композиторлардың қаламында жаңа реңге ие болды. Мысалы Қ.Қожамьяровтың «Партия Ленин» және Ғ.Жұбанованың «Ленин», «Письмо Ленину» патриоттық ораториялары жеке Лениннің тұлғалық қырына ғана бағытталмай, қоғам санасыныңдағы атқарылған ұлы істерге деген мақтаныш сезімі мен халық өміріндегі өзгерістердің қаншалықты маңызды екендігін насихаттайды[8.86].

Заман талабына сай оратория жанры адамгершілік идеология мен әлеуметтік құндылықтарды алға тартады, ұлы тұлғалардан үлгі алуға шақырады. Осыған байланысты Қазақ композиторларының ораториялық шығармаларының сюжеттік баяндау тәсілдері де ерекше талқылауды талап етеді. Ораториялық шығармалардың драматургиясы опера жанрына тән бір-біріне байланысты дамиды, оқиға желісін талап етпейді, баяндау кеңістігінің ауқымдылығын талап етіп, «аморфты» (Г.Гегель) реттік емес құрылымды ұстанады. Бөлімдер бір-бірімен тығыз байланыста болмағанымен ортақ драматургиялық даму сюжетімен жүйеленген. Жалпы осы тұрғыда дәстүрлі эпикалық жыр өнерімен жақындығы композиторлардың негізгі құралын қалыптастырды. Қазақ композиторларының ораторияларындағы мәнерлеп оқушы кейпі, ұлттық эпостың «жыршысы» ретінде түсіндіріледі. Тіпті драматургиялық даму желісіндегі екі қарама-қайшы күштердің контрастты тақырыптық негізі мен кульминациядан кейінгі күрт өзгерістер осы дәстүрлі эпикалық жанрдың заңдылығынан туындаған. Эпикалық сюжет авторлық ойдың еркін мәнерленуіне мүмкіндік беретінін есте сақтаған жөн. Осының арқасында қазақ композиторларының қаламынан шыққан көптеген ораторияларда автордың жеке мәнерлеу ерекшеліктері жарқын көрініс тапқан. Мысалы Ғ.Жұбанованың ораторияларының негізгі тақырыбын халық әндерінің мелодикасы құрағанымен, жаңа гармониялық толықтырулар мен даму барысындағы интонациялық алмасулар жаңа дүниенің пайда болуына әкелді.

Осы уақытқа дейін қазақ музыкатанушыларының қаламынан жарық көрген оратория тақырыбындағы еңбектерінде кантата жанры қатар алынып жүреді. Бұл тұрғыда екі жанрдың бөліну шегін шығармалардың көлемі мен драматургиялық негізі құрайды. Драматургиялық сюжетте қамтылған оқиғалар көлемі мен А.Хохловкинаның музыкатану ғылымына енгізген «Особая советская оратория» түсінігі совет композиторларының канталары мен ораторияларының жіктелу ерекшелігін түсіндіреді. Бір уақыттарда қазақ музыка мәдениетінде кеңінен етек жайған «камернизация» үрдісі де вокалдық-симфониялық жанрына әсерін тигізбей қоймағанын естен шығармау керек[11.109].

1980-2015 жылдар аралығындағы Қазақстан композиторлар одағына қарасты мәліметтер базасымен танысу барысында Теміржан Базарбаевтың «Степь» (5бөлімді, түрлі авторлардың мәтініне жазылған, 1997), Дүнгенбай Ботбаевтың «Ақыретке сапар» (К. Кожамбердиева, 1997), Мынжасар Мангитаевтың «Елім менің» (Т.Иманбеков), Владимир Новиковтың «Страницы целины» (1982), Жоламан Тұрсынбаевтың «Ступени Байконура» (Ж. Молдағалиев, 1981), Ермұрат Үсеновтың «Қасиетті кең дала», «Жер сұлуы – Көкшетау» (2005) атты ораторияларын қарастыру барысында замани өзгерістің әсері байқалады. Яғни, тәуелсіз Қазақстан композиторларына патриоттық тақырып өзектілігін жоғалтпағаны мен пацифизмдік идеология, ұлттар достастығы сияқты жаңа көзқарастар пайда болады. Сонымен қатар, әр композитордың шығармашылық кезеңдерінің шырқау шегінің негізі болған жеке

тұлғаның ішкі философиялық қырын түсіндіруге деген ұмтылыстың әсерін де ұмытпаған жөн[9.161].

XX – XXI ғасырлар аралығындағы оқиғалар ел тарихында ерекше толқыныстарға толы болғаны сөссіз. Тоталитарлық идеологияның құлдырауына әкеп соққан социалистік империяның ыдырауы мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет мәртебесін иеленуі Отандық музыкалық мәдениеттің жаңа кезеңге аяқ басуына түрткі болды. Жаңа буын композиторларының жаңа идеологиялық – көркемдік мазмұндағы шығармалары ерекше ұлтшыл тереңдік пен замани рухқа толы болды.

Ерекше атап өтіге тұрарлық 1997 жыл, қазақ халқының тарихында маңызды оқиғаларға толы және соған сай заман композиторларының шығармашылығында ерекше жемісті болды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың 100-жылдық мерей тойы, Егемен Қазақстанның жаңа астанасының туылуы және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу сынды атаулы оқиғалар заман композиторларының музыкалық шығармаларда кеңінен көрініс тауып, қалың жұртшылыққа ұсынылды. Мысалы, Теміржан Базарбаевтың «Дала» («Степь») ораториясы композитордың шын жүректен шыққан табиғи толғанысы болды [12.28].

Сонымен қатар, жоғары айтылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы қарқынында Мәдениет министрлігінің ұйымдастырылуымен өткізілген конкурс Дүнгенбай Ботбаевтың «Ақыретке сапар» ораториясының пайда болуына түрткі болды. [13.101].

Осылайша, қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығы жаңа көркемдік бейнелермен толықтырылып, тақырыптық және бейнелеу қағидаларының басқа қыры ашыла бастады. Туған жерге, туған елге деген махаббатты суреттеу сипаты салтанатты гимн формасынан терең философиялық толғау бағытына қарай бой бұрады. Осы тұрғыда, Мыңжасар Мағытаевтың «Елім менің» ораториясы патриотизмнің ерекше лирикалық, терең философиялық интонациясымен ерекшеленеді. Ыспалы аспаптар, арфа және ағаш үрмелі аспаптар ансамблінің орындауындағы «Мөлдір махаббат» (1 бөлім) тақырыбымен басталып, бейбітшілік пен тыныш өмір салтына деген құштарлығын негіз еткен[14.131].

Шығармашылық жолы екі ғасырдың тоғысу шегінде басталып, қазіргі заман шындығын суреттеу үрдісінен заңды жалғасын таба білген композиторлар қатарынан Ермұрат Үсеноватың алатын орны бар. Композитор қаламынан 2005 жылы жарық көрген «Жер сұлуы-Көкшетау» және «Қасиетті кең дала» ораториялары жанр ерекшелігіне сай көкейкесті тақырыптарды негіз еткен. «Жер сұлуы- Көкшетау» ораториясының жаңашылдығы орындаушылар құрамындағы халық аспаптар оркестрінің басымдылығында болып табылады. Ата-бабамыздан қалған ұлы рухани мұрамызды сақтауға деген ұмтылыс тақырыптық негізіндегі Біржан-сал бейнесімен бекітілген. Сонымен қатар, «Қасиетті кең дала» ораториясының пайда болу тарихына көз жүгіртсек, ол да өзінше заманауи қоғамдық ой-толғаныстарға жауап болып саналады. 2005 жылдың 4 желтоқсанында өткен президенттік сайлау тақырыбына жазылған бұл шығарма, қарапайым халықтың мемлекетіміздің саяси өміріне ықпал етуіне мүмкіндік беретін басты формасы. Кіріспе мен кода бөліміндегі үрмелі аспаптар орындауындағы фанфарлар шығармаға эмоциялық жағынан көтеріңкі, салтанаты гимн ықшамын берсе, кең лирикалық әуезді интонациялар патетикалық мазмұнын ашады[11.296].

Оратория жанры вокалдық-хор өнерінің ең жоғарғы сатысы. Көлемі мен драматургиялық негізінің көпсатылығы бұл жанрды операдан кейінгі ірі көлем ретінде көрсетеді. Ораторияның мәнерлеу тәсілдерінің ішінде толық ауқымдысы поэтикалық мәтіннің тыңдармандарға қол жетімділігі болып табылады.

Г.Л.Арикайненің айтуы бойынша: «Қазақстан композиторларының қаламынан шыққан ораториялардың алғашқы және негізгі орындаушылары болып табылатын Мемлекеттік хор капелласы, сол заман композиторларының басты практикалық кеңістігін құрады». Көп жағдайда шығарма премьерасының сәтті немесе сәтсіз өтуі осы ұжымның кәсіби орындау деңгейіне тәуелді болды. Композитор мен орындаушылардың арасында пайда болған шығармашылық одақ, екі жақты жауапкершілікті талап етіп, жалпы қазақ музыка мәдениетінің даму негізін құрады. Орындаушылар, алдына қойылған техникалық және көркемдік міндеттерін абыроймен атқарып қана қоймай, сатылы түрде жүріп жатқан

орындаушылық даму процессінің қарқынды жүруіне үлес қосты. Басқалай айтқанда, қазақ хор мәдениеті жаңа белестерді бағындыра берді[5.50].

Қазақ хор мәдениетінің қалыптасуына ерен еңбегін аямай, алғашқы әйел дирижер атаған Гүлжазира Ахметқызының «Восхождение. Маэстро и Казахская капелла» атты еңбегінде Қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығына қатысты көп деген мағлұматтар жиналған. Ораториялардың капелла репертуарындағы алатын орны жайлы, мемлекетімізде алғашқы рет көп дауысты а'capella шығармаларын орындаушы ұжым атанған капелланың жаңа классикалық жанрды меңгеруге деген ынтасы жайлы айтылған. Орындаушылық тарихын хорға арнап өңделген халық әндерінен бастаған ұжым, уақыт өте келе кәсіби біліктілігін жаңа деңгейге жеткізгенінің арқасында бірде-бір партиялық съезд, пленум немесе композиторлардың шығармашылық кеші мемлекеттік хордың қатысуысыз өтпейтін болды. Капелланың репертуарына енген жас композиторлардың ораториялары ұлттық музыка мәдениетіміздің «жарқын көрсеткіші» атанып, одақтастық ауқымында сұранысқа ие болды. Қазақ композиторларының ораториялық шығармалары мемлекетіміздің кәсіби хорлары мен кәсіби оркестр ұжымдарын бір сахнаға біріктіріп қана қоймай, Белорусия, Украина, Молдовия, Грузия, Армения, Эстония және Латвия мемлекеттерінде өткен Бүкілодақтық съездерде орындалатын мемлекеттік мұраға айналды[6.18].

Көпшілікке белгілі тұжырым бойынша, хор ораториядағы жетекші маңыздылықты ұстанады. Хор халықтың қуанышын, қайғы-қасіретін және философиялық арман ойларын бейнелейді. Осы қырда, композиторлардың ораториялық шығармаларының негізгі идеялық-көркемдік мазмұнын хор сахналары арқылы суреттеуге ұмтылуы әбден түсінікті болады. «Адам мен қоғам», «адам мен қоршаған орта» түсінігінің басымдылығы бұл жанрдың жаппай бірігу саясатының өзектілігін көрсетеді. Сонымен қоса ораторияда суреттелген оқиғалар халық батырлары мен халықтың тарихи өткені негізінде жазылып, қалың жұртшылықтың қызығушылығын тудырды. Кеңестік Қазақстан композиторларының қаламынан жеке стильдік ерекшелік пен ұлттық дәстүрді насихаттауға бағытталған көптеген ораториялар жарық көргенімен, оған қатысты теориялық тұжырымдамалардың жетіспеушілігі музыкатанушылардың тікелей міндетіне айналды. Яғни, Қазақстан композиторларының ораториялық шығармашылығы музыка зерттеушілері үшін ашық тақырып болып қала береді[7.17].

Қорыта келіп қазақ ораториясы тақырыптық және мәнерлеу тәсілдерінің ерекшелігіне байланысты үш бағытты ұстанды деген тұжырымға келуге болады. Олар: патриоттық бастау, философиялық көркемдікке деген ұмтылыс және тарихи-географиялық кеңістікті кеңейту. Тарихи патриоттық сюжет пен әдеби бейнелердің музыкалық оқылуын қалыптастыру барысында пайда болған ораториялық үлгілер қазақ музыка мәдениетінің басты мұрасына айналып қана қоймай, қазақтың кәсіби музыкасын жаңа деңгейге көтерді. Музыканың әлемдік даму қарқынынан еш қалыспайтын ұлттық музыкамыз жаңа жанрларды игеруден ешқашан тайынбады. Жекелеген оратория жанрындағы уақытша құлдырау көрсеткіші соңғы жылдары «Shint Astana» және «Astana – voice of the world» сынды хор ұжымдарына арналған әлемдік жобалар арқылы жаңа лепке ие болуда.

### Әдебиет

1. Музыкальная энциклопедия 4 том / Ю.В.Келдыш - М., Советская энциклопедия, 1978.
2. История музыки народов СССР 5 том, 2 часть / М., Советский композитор, 1974.
3. Күзембай С.Ә. Дәстүрлі музыка мен композиторлық шығармашылықтағы тәуелсіздік идеясы. Алматы, -2011
4. Арикайнен Г.Л. Хоровое пение в Казахстане. - Алма-Ата, 1965.
5. Ахметова Г. Восхождение. Маэстро и Казахская капелла. - Алматы, 1999.
6. Захарченко Ю.Н. Оратории и кантаты композиторов Казахстана. / Ташкент, 1989.
7. Кетегенова Н. Композиторы Казахстана. / Алматы-Болашақ. Алматы, 2012.
8. Кетегенова Н, Джумакова У. Қазақтың музыкалық әдебиеті 1920-1980. / Астана, 2005.

9. Недлина В.Е. Пути развития музыкальной культуры Казахстана на рубеже XX-XXI столетий. Диссертация на соискание учёной степени кандидата искусствоведения. Москва, 2017.

10. Алданазарова Б.Ж. Краткий курс лекций по казахской хоровой литературе. - Алматы-Классик, 1995.

11. Нуржанова А.К. Ермұрат Үсенов. Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нсупова. - Алматы, 2013.

12. Тусупова А.Г. Теміржан Базарбаев. Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нсупова. - Алматы, 2013.

13. Турмагамбетова Б.Ж. На пике созидания. Родному вузу-наш талант. Сост. Кетегеноват Н.С. - Алматы, 2005.

14. Жоламанова Г. С любовью к народу. Родному вузу-наш талант. Сост. Кетегеноват Н.С. - Алматы, 2005.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУ** **ҚАСЫМОВА Гүлбану Жалмырзиновна, МИРКИЯСОВА Индира Мырзағалиевна**

*М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі*

Ақтөбе, Қазақстан

gulbanu.kasymova.1977@mail.ru

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым – қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым – қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым – қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік дағдаларының жиынтығынан құралады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым – қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі. Оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік мәдени дамуының өлшемі, білім, білік дағдыларының құзіреттілікке ұласу жолы.

«Функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде іс – әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті бітіруші оқушыларды үлкен өмірге дайындау қажеттігі туындайды. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзіреттіліктер алынады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзіреттіліктерден көрінеді: 1. Оқу, жазу сауаттылығынан 2. Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан; 3. Математикалық сауаттылығынан;

4. Компьютерлік сауаттылықтан; 5. Денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;

6. Құқықтық сауаттылықтан. Сабақтастық дегеніміз, біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау, екіншіден білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі. Ә. Бидосов былай деген “Сабақтастық дегеніміз – мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш мектептегі пәндерді оқытудың әр түрлі сатысында балалардың білімдерінің арасында қажетті байланыстар мен қатынастар орнату”. [1]

МАД сыныбы мен бастауыш буын арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын екі өзара байланысты аспектіге бөлуге болады: ақпараттық – ағартушылық және практикалық. Бірінші аспект, мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқу - тәрбие жұмысының міндеттерімен өзара танысуын, мектепалды даярлау сыныбы мен мектептің бірінші сыныбы бағдарламалар мазмұнын зерттеуді болжайды. Осы мақсатқа байланысты мұғалімдер мен тәрбиешілердің біріккен педагогикалық кеңестерінде балалардың мектепке дайындығы



мәселесі бойынша қатысуы, дәрістермен өзара алмасуы керек және т. б. Екінші, тәжірибелік аспект – бір жағынан мұғалімдердің МАД сыныбындағы тәрбиеленушілермен алдын ала танысу, екінші жағынан, тәрбиешілердің бұрынғы тәрбиеленушілерді бақылап отыруымен бейнеленеді. Берілген мазмұнды жүзеге асыру формалары: мұғалімдердің болашақ оқушылармен танысу үшін МАД сыныптарына жүйелі қатысып, тәрбиеленушілермен етене емін - еркін қарым – қатынас жасап, олардың іс - әрекетін бақылап, балалардың диагностикаларының нәтижелерімен танысу. Қазіргі оқу тәжірибесінде МАД сыныптары мен бірінші сынып оқушыларының оқуындағы сабақтастықты жүзеге асыруда негізгі екі бағытты белгілеуге болады. Олардың біріншісі, балалар дамуының темптерін көбейту және МАД сыныбындағы оқудың талаптары мен ерекшеліктеріне жету міндеттерінен тұратын тәжірибеге сүйенеді. Екінші, МАД сыныбындағы білім, іскерлік және дағдыларды дамыту тактикасына негізделеді. Мұнда В. В. Давыдовтың белгілеуі бойынша, бастауыш мектеп оларды жүйелейді және жалпылайды, оқуға, жазуға, санауға және т. б. үйретеді. Біздің көзқарасымызша, бұл бағыт жан - жақты емес, бірақ біріншісіне қарағанда көп қаланады. [2]

Сонымен бірге сабақтастық байланыстардың түрлері де ажыратылады. Олардың қатарында: МАД сыныптары мен бірінші сынып арасындағы байланыстар, бастауыш және орта буындардағы пәндерді оқытудағы сабақтастық байланыстар. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнмен анықталады. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті меңгеруіне ықпал етеді. Өйткені бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Сабақта дидактикалық ойынды қолдану бастауыш сынып оқушыларының сол пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді.

Мынадай ойын түрлері қолданылады: “Суретті аяқта”, “Көліктер”, “Құс бейнесін құрастыр”, “Кім жылдам”, “Қиялдағы сурет”, “Ұлттық киімдерді ата”, “Жылы – суық”, “Ғажайып алаң”, “Өрнектерді құрастыр”, “Біздің қаланың көліктері”, “Қуыршақты киіндір”, “Сиқырлы гүл”, “Андар мектебі”, “Суреттей біл”, “Өз жұбыңды тап”, “Лото” т. б. [3]

Сөйтіп, МАД сыныптары мен бастауыш сынып арасындағы байланысты орнату үшін МАД сыныбының тәрбиеленушілері мен бастауыш сынып оқушыларын бірге дамыту жолымен жүргізілуі керек. Мұнда мектептің бастауыш сыныбы МАД сыныбын өз қарамағына алу, тәрбиелік шараларды бірге өткізу және мектепте 1 - сыныпқа оқушыларды қабылдауда МАД сыныбының тәрбиешілерін қатыстыра отырып, олармен әр түрлі тақырыпқа кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру, еңбек әрекетін бірігіп өткізу қажеттілігі туады. Оқу жылының аяғында пед. консилиум өтілуі керек.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Н. Тазабекова. «Оқушының өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру» Бастауыш сынып №4, 2012ж
2. Қ. Нұрғазықызы. «Бүгінгі таңдағы мұғалім» Отбасы және балабақша №2, 2013ж
3. Г. Жұмабекқызы. «Білім кілті кітапта» Бала мен балабақша №3. 2013ж

#### **ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ ЧЕРЕЗ РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ**

**ЛИТВИНОВА Татьяна Анатольевна, ОВЧАРЕНКО Татьяна Александровна, СТАРОВОЙТОВА Наталья Александровна**

*ГУ «Средняя школа № 7 отдела образования акимата города Костаная»*

Костанай, Казахстан

litvinovata12@mail.ru, tatyana.ovcharenko.94@inbox.ru, starnat21@mail.ru

### Аңдатпа

Бұл мақалада жалпы білім беру мектебінде жаңартылған білім мазмұнын іске асыру аясында оқытудың әр кезеңі мен пәніне арналған тиімді технологияны пайдалану қажеттілігін негіздейді.

Сыни тұрғыдан ойлау және ақпараттық дағдылардың маңыздылығы- оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерін қалыптастыру.

Функционалдық сауаттылық және қалыптастыру моделі әр бала-оқушыға белгілі бір даму деңгейіне жетуге мүмкіндік береді, оқушының алға қарай жылжуы, өзін-өзі тануына бағытталған.

### Аннотация

В данной статье обоснована необходимость применения наиболее продуктивной образовательной технологии для каждого этапа обучения и учебного предмета в общеобразовательной школе в рамках реализации обновленного содержания образования.

Критичность мышления и навыки работы с информацией - формирование у учащихся навыков мышления высокого уровня.

Модель формирования и развития функциональной грамотности даёт возможность каждому ребёнку-школьнику достигнуть определённого уровня в развитии, направлена на движение учащегося вперёд, на самореализацию ученика.

### Abstract

This article is justified by the necessity to apply the most productive educational technology for each stage of education and school subject in the school within the framework of the implementation of updated curricular programm.

The critical thinking and information skills is the development of high-level thinking skills of students.

The model of formation and development of functional literacy allows each student to reach a certain level in development, is aimed at moving the student forward, at self-realization.

**«Если ребенок в начальной школе не почувствует радость познания, не приобретет умения учиться, не научится дружить, не обретет уверенность в себе, своих способностях и возможностях, сделать это в дальнейшем потребует неизмеримо более высокие душевные и физические затраты»  
(Петровский А.В)**

Новые жизненные условия, в которые поставлены все мы, выдвигают свои требования к формированию молодых людей, вступающих в жизнь: они должны быть не только знающими и умелыми, но и инициативными, самостоятельными. Растить именно таких людей - вот заказ нашего современного общества.

Модернизация Казахстанского образования ведет к изменению подходов в обучении и преподавании.

Важнейшей задачей современной системы образования является «выращивание» функционально грамотной личности. Выбор этой цели объясняется тем, что только функционально грамотная личность сможет оценить сложившуюся в обществе ситуацию, выбрать востребованную на сегодняшний день профессию, принять правильное решение, адаптироваться в любом социуме, овладеть современными информационными технологиями.

Функциональная грамотность рассматривается, как способность использовать все постоянно приобретаемые в жизни знания, умения и навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений.

В отличие от элементарной грамотности как способности личности читать, понимать, составлять простые короткие тексты и осуществлять простейшие арифметические действия, функциональная грамотность – это уровень знаний, умений, навыков, способов деятельности, обеспечивающий нормальное функционирование личности в системе социальных отношений,

который считается минимально необходимым для осуществления жизнедеятельности в конкретной культурной среде.

Функциональная грамотность младшего школьника состоит в его способности самостоятельно осуществлять деятельность учения, общения и творчества, применять постоянно приобретаемые знания, умения, навыки, универсальные способы деятельности для решения жизненно-практических задач на уровне, доступном учащемуся соответствующей возрастной группы. Слагаемыми функциональной грамотности являются универсальные способы деятельности определенного типа (познавательные, организационные, коммуникативные и личностные), основанные на прочных знаниях. Формирование функциональной грамотности в начальной школе рассматривается, как умение учителя профессионально выбрать наиболее продуктивные образовательные технологии для каждого этапа обучения и учебного предмета.

Критериальное оценивание и критическое мышление в современной педагогике являются одними из ключевых понятий и потому - актуальных для усовершенствования процессов преподавания и обучения в Казахстане.

Так как критичность мышления и навыки работы с информацией необходимы современному человеку для того, чтобы успешно адаптироваться в динамично меняющемся мире, движение в области академических стандартов в последнее десятилетие значительно сместилось в сторону формирования у учащихся навыков мышления высокого уровня.

Под мышлением высокого уровня (Higher Order Thinking Skills) понимается такой стиль мыслительной деятельности, когда учащийся умеет анализировать и синтезировать информацию, делать логические выводы, строить доказательства, критически перерабатывать факты, грамотно представлять результаты выполненных исследований.

Мышление высокого уровня характеризуется совокупностью разных типов мышления: аналитического, направленного, творческого, оценочного, конструктивного, целеустремленного. Технология «Развитие критического мышления» разработана американскими педагогами Джинни Стил, Кертис Мередит, Чарльзом Темплом и Скоттом Уолтером.

Под критическим мышлением понимают проявление детской любознательности, выработку собственной точки зрения по определенному вопросу, способность отстоять ее логическими доводами, использование исследовательских методов.

В основе технологии формирования критического мышления лежит теория осмысленного обучения Л.С. Выготского «...всякое размышление есть результат внутреннего спора, так, как если бы человек повторял по отношению к себе те формы и способы поведения, которые он применял раньше к другим».

Особенностью педагогической технологии развития критического мышления является то, что учащийся в процессе обучения сам конструирует этот процесс, исходя из реальных и конкретных целей, сам отслеживает направления своего развития, сам определяет конечный результат [1]. С другой стороны, использование данной стратегии ориентировано на развитие навыков вдумчивой работы с информацией.

«Скажи мне – я забуду,  
Покажи мне – я запомню,  
Вовлеки меня – я пойму».

Как известно, основы функциональной грамотности закладываются в начальной школе, где идет интенсивное обучение различным видам речевой деятельности. В течение многих лет специалисты в области образования стремились разработать наглядную и доступную теорию, которая помогла бы педагогам в эффективном и систематическом развитии навыков мышления у своих учащихся.

Самой известной моделью, описывающей процесс мышления, является Таксономия Блума (Bloom's Taxonomy), включающая в себя шесть навыков мышления, структурированных от самого базового до самого продвинутого уровня: знание - понимание-применение-анализ - синтез -оценивание.

Формированию функциональной грамотности на уроках в начальной школе помогут задания, соответствующие уровню вышеперечисленных логических приемов.

Логические приемы	Примеры заданий
1. уровень - знание	Составить список, выделить, рассказать, показать, назвать
2. уровень - понимание	Описать, объяснить, определить признаки, сформулировать по-другому
3. уровень - использование	Применить, проиллюстрировать, решить
4. уровень - анализ	Проанализировать, проверить, провести эксперимент, организовать, сравнить, выявить различия
5. уровень - синтез	Создать, придумать дизайн, разработать, составить план
6. уровень - оценка	Представить аргументы, защитить точку зрения, доказать, спрогнозировать

По отношению к изучаемым объектам ученик овладевает креативными навыками: добыванием знаний непосредственно из окружающей действительности, владением приемами учебно-познавательных проблем, действий в нестандартных ситуациях.

Самый высокий уровень – это оценка. Перед учителем начальной школы стоят колоссальные задачи: развить ребёнка. Что значит развить мышление? Для формирования у учеников функциональной грамотности, необходимы все уровни мыслительных процессов. Из наглядно-действенного перевести в абстрактно-логическое: развить речь, аналитико-синтетические способности, развить память и внимание, развить фантазию и воображение, пространственное восприятие[2]. Развить моторную функцию, способность контролировать свои движения, а также мелкую моторику, так как развитие кисти ведёт к развитию лобной доли мозга, ответственной за мыслительную деятельность. Очень важно развить коммуникативные способности, способность общаться, умение контролировать эмоции, управлять своим поведением.

При формировании функциональной грамотности так же важно помнить, что процесс оценивания является постоянной составляющей образовательного процесса и также подлежит развитию. Противоречивый характер школьной отметки отмечали еще Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский.

Проблему оценивания учебных достижений учащихся можно решить путем формирования критериальной оценки результатов освоения учащимися основных образовательных программ. Критериальное оценивание позволяет формировать у учащихся положительные эмоции к учебному процессу, развивать критическое мышление.

Следовательно, задача современного учителя - создавать условия для формирования навыков мышления высокого уровня независимо от предмета, который он преподаёт, и побуждать самих учеников к получению знаний, используя техники критериального оценивания.

- Как повысить мотивацию к обучению у современных школьников?
- Как вовлечь учеников в образовательный процесс?
- Как научить учиться?

Эти вопросы ежедневно задает себе каждый учитель. Понятно, что решить данные проблемы, опираясь только на традиционную классно-урочную систему нельзя. Пришло время изменить подход к обучению, в центре которого должен стоять не учитель, а сам ученик. Только грамотное использование различных способов обучения позволит создать условия, которые будут побуждать самих школьников к получению знаний.

Государственный общеобязательный стандарт начального образования ориентирует на следующие результаты на «выходе» из школы:

- творческое применение знаний;
- критическое мышление;
- выполнение исследовательских работ;
- использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ);



- применение способов коммуникативного общения, включая языковые навыки;
- работа в группе и индивидуально.

Зная, что «Если ребенок в начальной школе не почувствует радость познания, не приобретет умения учиться, не научится дружить, не обретет уверенность в себе, своих способностях и возможностях, сделать это в дальнейшем потребует неизмеримо более высокие душевные и физические затраты» (Петровский А.В) можно сделать вывод: начальная школа ориентирована на достижение элементарной функциональной грамотности как ведущего уровня образованности ученика начальной школы.

Так как «Уровень знаний выпускников в средней школе в большей мере зависит от качества начального образования,...» М. Барбер, М. Муршед. [4]

Можно утверждать, что использование продуктивных образовательных технологий для каждого этапа обучения и учебного предмета в целом, активизируют мыслительную деятельность учащихся:

- они умеют ставить вопросы;
- умеют выделить главное;
- умеют делать сравнение;
- умеют устанавливать причинно-следственные связи и делать умозаключения;
- умеют видеть смысл в информации, понимать проблему в целом;
- имеют способности к поиску, анализу, к творческой переработке информации.

В чем же «инновационность» данных стратегий?

Эти модели, выходя за рамки классической технологической стратегии, тем не менее, представляют опыт практической реализации личностно-ориентированного подхода в обучении.

Овладение логическими приемами и операциями мышления, освоение и оперирование ими – одно из важнейших условий, обеспечивающих качественный процесс обучения в начальной школе.

На уроках – это способность ученикам:

- Использовать многообразие стилей обучения, типов мыслительной деятельности и способностей для выражения своего понимания;
- Знать и понимать критерии оценивания для прогнозирования результата, осознавать критерии успеха;
- Участвовать в рефлексии, оценивая себя и своих сверстников;
- Использовать знания для решения реальных задач, выражать разные точки зрения, критически мыслить.

учителям:

- Разработать критерии, способствующие получению качественных результатов обучения;
- Иметь оперативную информацию для анализа и планирования своей деятельности;
- Улучшить качество преподавания;
- Выстраивать индивидуальную траекторию обучения каждого ученика с учетом его индивидуальных особенностей;
- Использовать разнообразные подходы и инструменты оценивания;
- Вносить предложения по совершенствованию содержания учебной программы.

родителям:

- Получать доказательства уровня обученности ребенка;
- Отслеживать прогресс в обучении ребенка;
- Обеспечивать ребенку поддержку в процессе обучения.

Функциональная грамотность является действенным средством мотивации к учебной деятельности и индивидуального подхода к ученику.

Хватит ориентироваться на средних учеников, подходить ко всем детям с одинаковыми мерками! Модель формирования и развития функциональной грамотности даёт возможность каждому ребёнку-школьнику достигнуть определённого уровня в развитии, поскольку сама модель направлена на движение учащегося вперёд, на самореализацию ученика.

Если представить, что дети - цветы ...

Summative assessment растений – это просто их измерение. Может быть, интересно сравнить и проанализировать результаты измерений, но это никак не влияет на рост растений [4].

Formative assessment - эквивалент уходу и поливу, соответствующему потребностям растений, что непосредственно влияет на их рост.

(Министерство образования Новой Зеландии, 2009)

«В начальной школе должно быть достаточно времени для того, чтобы у учащихся действительно происходило развитие мышления, и становились «память мыслящей, а восприятие думающим» [3]

### **Список используемой литературы**

1. Асмолов, А. Г. Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе: от действия к мысли. – Просвещение, 2008. – 151с.
2. Лебедева, Е. П. Повышение уровня технологической компетентности учителей начальных классов: трудности и пути их преодоления. Начальная школа плюс До и После. 2011. – № 2. – С. 79 – 83.
3. М. Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте. Педагогическая наука и образование.-1996. -№4 с 2-15
4. М.М.Барбер, М. Муршед с 28-30

## **ІС – ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ АЯСЫНДА «10 В» СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗБА ТАРИХИ ТҮПДЕРЕКТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САРАПТАМА ЖАСАУ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ**

**МАНАТБЕКОВ Жуман Манатбекович**

*Химия-Биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік Мектебі*

Өскемен, Қазақстан

manatbekov\_zh@ukk.nis.edu.kz

### **Аннотация**

Зерттеудің мақсаты – жазба тарихи түпдеректерге ішкі және сыртқы сараптама жасау әдісінің тиімділігін бағалау, Қазақстан Тарихы пәні бойынша Мемлекеттік Кембридж емтихан Кеңесінің сыртқы бағалау емтихандарында оқушылардың жоғары нәтижеге жетуіне ықпал ету, талдау дағдыларын жетілдіру, тарихи ойлау дағдысын дамыту.

Негізгі міндеті – оқушылардың тарихи түпдеректердің құндылығын бағалаудағы қиындықтары мен кедергілерін анықтап, ішкі және сыртқы сараптаманың тиімділігін өлшеу, тәжірибеде қолдануға ұсыныс жасау.

### **Аннотация**

Цель исследования - оценить эффективность метода внутреннего и внешнего анализа письменных исторических источников, помочь студентам достичь высоких результатов на Государственных экзаменах по внешнему оцениванию Кембриджским экзаменационным советом по предмету История Казахстана, улучшить аналитические навыки и развивать навыки исторического мышления учеников. Основная задача - выявить трудности и препятствия в деятельности учеников в процессе оценки ценности исторических источников, оценить эффективность внутренней и внешней экспертизы и применять их на практике.

### **Annotation**

The purpose of the study is to evaluate the effectiveness of the method of internal and external analysis of written historical sources, to help students achieve high results at the State exams for

external assessment by the Cambridge Examination Council on the subject of History of Kazakhstan, to improve analytical skills and develop students' historical thinking skills. The main task is to identify difficulties and obstacles in the activities of students in the process of assessing the value of historical sources, to evaluate the effectiveness of internal and external expertise and put them into practice.

Гуманитарлық – қоғамдық, танымдық пән ретінде қай кездерде болмасын тарих пәнінде тарихи түпдеректердің құндылығына баға беру - негізгі міндеттердің біріне жатады, себебі тарихи оқиғаның себеп-салдарларын анықтауға, қоғамдық – саяси өмірдегі маңызын түсіну үшін әрине заттай деректермен қатар жазба тарихи түпдеректерге сүйенеміз. Түпдеректерді талдау – оқушылардың тарихи ойлау негіздерін қалыптастырушы факторлардың бірі. Оның үстіне Назарбаев Зияткерлік мектептерінде негізгі мектеп бағдарламасы аяқталу сыныбында Кембридждік Емтихан Кеңесімен бағаланатын Сыртқы бағалау емтиханында дәл осы түпдеректерді бағалауға нақты тапсырма беріледі. Сондықтан түпдеректерді талдаудың маңызы айрықша болып отыр.

Жазба түпдеректердің ішкі, сыртқы талдауы (анализ) , мысалы контент – талдау әдісі ғылыми – әдістемелік кешенде көп зерттелген : түпдеректерді зерттеу әдістерінің ішінде контент талдаудың ерекше маңызы – күтпеген нәтижелер шығу мүмкіндігі [1] Жазба түпдеректердің тарихи оқиға мен қоғамдық, әлеуметтік үдерістерді түсінудегі маңызы мен түрлері ( тарихи жазбалар, хаттар, мақалалар, мемуарлар, бұйрықтар т.б ) туралы зерттеулер мол. [2] Ендігі кезекте жазба түпдеректерді зерттеудегі назар аударатын басты ұғымдар: түпнұсқалығы , шынайылығы, сенімділігі, құндылығы, маңыздылығы , тарихи ақиқатқа сәйкестігін анықтау тарихи оқиғалар мен тенденциялардың ерекшеліктерін анықтауда ролі зор. [3]

Бұл әрине тарихтың ғылым ретінде дамуы хақында жүргізілді. Бірақ педагогикалық тәжірибеде нақты сабақтағы іс – әрекеттегі зерттеуде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып , олардың метатанымы мен психологиялық – дифференциациялық карталарын пайдаланып зерттеудің орны бөлек болмақ.

**Тәжірибелік бөлім.** 9 сынып оқушыларының қалыптастырушы және жиынтық бағалауда төмен көрсеткіштері мені ойлантты. Тарихи жазба түпдеректерді бағалау тапсырмаларын орындауда неден, қалай қиналатыны қобалжытты. Туындаған мәселе: оқушылар түпдеректерді бағалауда қателіктер жібереді, соның нәтижесінде төмен баллмен бағаланып, оқу көрсеткішіндегі жетістіктері кемиді. Бұл қателіктер - түпдеректің авторы мен шығу тегіне мән бермеу, мақсатын анықтай алмау, ресми әлде бейресми екендігін айырмау, қоғам мен әлеуметтік, саяси өмірдегі өзгерістерді көре алмау, интерпретация жасай алмау, ішкі, сыртқы талдауды ажырата алмау, түпдеректерді жалпылауда, мақсатын анықтауда, статистикалық диаграммаларды талдауда шатасу екендігі анықталды. Атқарылған шаралар мен зерттеу әдістері: сыни доспен коллаборациялық орта арқылы ақпарат алмасу, пікір бөлісу, аналитикалық жазбалар, іс-әрекеттегі зерттеу бойынша шетелдік әріптестермен өткен курстарға қатысу, оқушыларды сабақта және сабақтан тыс бақылау, өзге сабақтарға қатысу, оқушы жұмыстарын тексеру, бағалау, оқушылардан сауалнама алынды, анализ жасалынды, сол сыныпқа дүние тарихы пәнінен дәріс беруші мұғалімдермен және оқушылармен сұхбаттар жүргізілді. Мысалы : «Ғаламдық перспективалар мен жобалар» пәнінің халықаралық оқытушысы Карлин Сенекал оқушылардың ресрстарға контент талдаудың маңыздылығы туралы дәріс оқыды. Дүние тарихы пәні орысша жүретіндіктен сұхбат орыс тілінде алынды

1. Насколько понимают ученики 9 В класса исторические ресурсы?
2. Кто из них хорошо работает с источниками?
3. А кто слабо?
4. Как они понимают анализ с источниками?
5. Какие трудности есть в анализе источников
6. Какие источники им трудны?
7. В связи с чем трудны?
8. Как они оценивают источники?
9. Как они понимают важность источника?

10. Как они оценивают достоверность источников?
11. Есть ли у вас дескрипторы оценивания источников?

Мұғалімдермен сұхбат барысында оқушылардың сандық түпдеректерді талдауда қиналатыны және пәнаралық байланыстың әлсіздігі анықталды.

Оқушылар сауалнамасы сұрақтары:

1. Тарихи түпдерек деген ұғымды түсінесің бе?
2. Ресурстар нені көрсетуі мүмкін?
3. Ресурстардың қандай түрлері бар?
4. Ресурстарды талдау деген не?
5. Ресурстарды талдаудың қандай түрлері бар?
6. Ресурстарды бағалау деген не?
7. Ресурстарды қалай бағалау керек?
8. Ресурстарды бағалауда қандай қиындықтар бар?
9. Сол қиындықтарды қалай жеңуге болады деп ойлайсың?
10. Ресурстар несімен құнды бола алады?
11. Ресурстардың маңыздылығы неде?
12. Ресурстардың шынайылығын қалай бағалаймыз?
13. Ресурстардың сенімділігін қандай индикаторлар көрсетеді?

Сауалнама 18 оқушыдан алынды, нәтижесінде 14 оқушы интерпретация жасауда қиналатынын айтқан, 8 оқушы бірнеше ресурстарды жалпылауда (обобщение) қиналатынын, 14 оқушы ресурстардың мақсатын анықтауда қиналатынын айтқан, 12 оқушы түпдеректің сенімділігін анықтауда қиналатынын баяндады. Орта және төмен деңгейдегі оқушылармен сұхбат барысында түпдеректердегі оқиғаларды қазіргі өмірмен салыстыруда, демек қандай жаңғырығы барын анықтауда қиналатыны анықталды.

Дифференциациялық картадағы жұмыс істеу екпіні (Е.П.Ильин) бойынша айырмашылық тенденциялар байқалған жоқ, тек озат 2 оқушы ғана тапсырмаларды уақытынан бұрын орындаған. Қабылдау түрі (С.Ефремов) бойынша жазба жұмыстарды айырмашылықтар болған жоқ. Темперамент типі бойынша (Г.Айзенк) холерик оқушыларда түпдеректерді оқиғаларды эмоционалды түрде суреттеу кездеседі. Оқушылар көбінесе ішкі талдау жасауда қиналады: жазба қандай мақсатпен жазылған, қазіргі өмірмен байланысы қандай сұрақтарына жауап беруде қиналады. Ал сыртқы талдауда (түпдеректің авторы кім, қайдан алынған, құндылығы, сенімділігі, шынайылығы) түпдеректің сенімділігін анықтауда дұрыс дағдылары қалыптасқан.

Нәтижесінде іс-әрекеттегі зерттеу нәтижесінде 9 сынып оқушыларымен әсіресе ішкі талдау тапсырмаларын орындату және түпдеректегі оқиғаны өз білімімен салыстыру қажеттілігі анықталды. Оқушылардың жазба түпдеректерді бағалаудағы қиындықтарды еңсеруі және бағалау дағдысын қалыптастыру үшін ішкі және сыртқы талдау әдісін ұсынамын. Іс-әрекеттегі зерттеудің келесі циклы үшін мынадай мәселе анықталды: әртүрлі елдердің баспасөз қызметінің туындыларындағы саяси мазмұнның үстемдігі және оларды айыра білу, оқушылардың келесі жетістіктері бағаланып, іс-әрекеттегі зерттеу циклы жалғасады.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Манекин Р.В. Контент-анализ как метод исторического исследования. //Клио. Международный ежеквартальный научно-исторический журнал Донецкого отделения Советской Ассоциации молодых историков и Агентства Информсервис - Донецк. - №2 - 01.05.1991. - Зарегистрирован: Госкомпечать СССР - №1611 от 05.03.1991 ISSN 0899-1096
2. Источниковедение: Теория. История. Методические источники российской истории : учеб. пособие / И.А. Данилевский, В.В. Кабанов, О.М. Медушевская, М.Ф. Румянцева. – М. : Изд-во Рос. гос. ун-та, 1998. – 702 с. – ISBN 5-72810-090-2.
3. Пронштейн, А.П. Вопросы теории и методики исторического исследования / М. : Высш. шк., 1980.
4. Элейн Уилсон. «Как проводить исследование в действии»



5. Статъя: В. Цафос (2009г.) «Обсуждение между учителем и учеником в проекте исследования в действии», Педагогическое исследование в действии, 17(2). 197 -211.
6. «Действовать с помощью учительских исследований», Heinemann Press (2003)

## МӘДЕНИ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ

**МАХМЕТОВА Сауле Дюсеновна**

*Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті*  
Ақтау, Қазақстан  
alsau@mail.ru

### Аннотация

В этой статье рассматривается обучение студентов посредством культурно-духовных ценностей. Также в статье затрагивается вопрос о роли культурно-духовных ценностей в разностороннем развитии и воспитании студентов.

### Annotation

This article discusses student learning through cultural and spiritual values. The article also addresses the issue of the role of cultural and spiritual values in diversified development and education of students.

«Культура» деген ұғым көне заманда «жерді өңдеу» деген мағынаны берген. Ал, кейінірек Цицеронның еңбектерінде (б.э.д.45ж.) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдірі» деген ұғымды білдірген. Еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттік», «құрметтеу» сияқты көптүрлі мағыналарға ие бола бастады. Қазақ тілінде арабтың «маданият» - қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырдағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты болып келеді.

Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке мынадай анықтамалар берілген:

а) мәдениет - белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығын жиынтығы

ә) мәдениет - адамзат қауымның белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері

б) мәдениеті - адамзат әрекетінің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті және т.б.)

Мәдениет ұғымының алғаш рет ғылыми тұрғыдан анықтауға тырысқандар философтар болды. Сондықтан да «мәдениет» ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр. Ал қазақ халқының мәдениеті біздің тарихымыздың маңызды саласы. Сондықтан, осы игеру ғылым ретінде танып біліп оқып үйрену қазақтың дейтін әрбір адамның борышы азаматтық парызы.

Ежелгі дәуірден қалған мұраларды сақтап, соларды қадір тұтып, мәдениет ескірткіштеріне көңіл қойып алғаш зерттеулерді қолға алған орыс ғаламдары А.Харуин, А.Левшин, Г.Потанин болса, этнографиялық фольклорлық мұраларды жинақтап зерттеген Ш.Уалихановтың орны ерекше. XX ғасырдың басында қазақ тарихын, тілін, әдебиетін, әлеуметтік ортасын, рухани мәдениетін, өнерін тереңдете меңгере отырып, мәдениет, өнер, әдебиет, педагогика, психология, тарих ғалымдарының сала ретінде қалыптасуына ат салысқан А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов А.Бөкейхан, М.Әуезов сынды ағаларымыздың орны ерекше екенін атап кеткен жөн.

Мәдениет тарихы - халық тарихы. Орыс жазушысы М.Горький: «Мәдениет тарихын білмей тұрып, мәдениетті адам болу мүмкін емес», - деген. Мысалға Э.Тайлор «Адам қабілеті игерген білімнің жиынтығы, діни сенім, ақыл-парасатының заңы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, т.б. мәдениеттің аясына жатады» дейді.

Т.Ғабитовтың мәдениет туралы пікіріне назар аударсақ: «Мәдениет халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани

ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинтақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік-бостандығы мен тарихы, зейін-есі, философиялық жүйелері мен рәміз-танбалық өсиеттері, орны толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты - осының бәрі мәдениетпен бірге қайнасқан», - деп ағамыз мәдениет ұғымына толық тұжырымдама берген.

М.Вяткин қазақтар туралы «дұрысын айтсақ, қазақ халқының мәдениеті Қазақстанның тереңіне әкетеді. Оның тамыры Қазақстан даласында көшіп жүрген тайпалардың шығармашылығымен астарласады, қазақтың халық болып қалыптасу дәуірінен әлдеқайда алыста жатыр. Осы тайпалардың көшпелі тұрмысы негізінде пайда болған және оның мазмұны жағынан халықтан туған басқа да мәдениеттер сияқты оптимизге толы», - деп көне қазақ мәдениетіне жоғары баға берген болатын. Ұлттық мәдениеттің кеңейіп, қайта жаңарып өркендеуі, халықтың рухани мұрасы мен дәстүрлерін қастерлеуге үлкен міндет атқаратын – Адам [1].

Адам өз бойында адамзаттық, даналық болмысын жинақтаған тіршілік иесі. Өйткені өмір салты, рухани мұра, адамгершілік, адами қасиеттер - адам баласының тіршілік құндылығы. Құндылықтар туралы алғашқы түсінік сонау антика заманында өмір сүрген Сократтан бастау алады. Сократтың «Игілік» деген ұғымды жеке бөліп отырып, оған ерекше мән беруі, құндылықты болмысқа жақындатқаны, - дейді зерттеуші С.Е.Нұрмұратов. Олай болса, Сократ заманынан негіз алған «құндылық» мәселесі ХХІ ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылым ретінде дараланып келеді.

Адам құндылығын өзегін құрайтын және оны зерттейтін саланы - аксиология деп атайды. Аксиология («axia» - грекше «құндылық»), логос – ілім, ғылым ) ғылымының ең басты ерекшелігі, оның философиялық сипаты басым келеді өйткені философия ақиқат, шындықты іздейді. Сондықтан аксиологияның ғылым ретінде қалыптасуына үлес қосқан философтар (Гегель, Кант, Ницше, Кассирер және т.б.) мәдениетінің ішкі құрлымынан, жалпы адамзаттық құндылық арқылы адам алдына қойған мақсатына жету жолында өмір сүру негізін құрайтын «мәндік», «жақсылық» сияқты құндылықтарға ұмтылу қажет екенін атап көрсетті.

Құндылық біріншіден - жеке адамның адамгершілік қасиеті, оның аборойы, әділдігі, бақыты болса, екіншіден - моральдық сана, норма, мүдде, принцип, мұрат пен мақсат деп білеміз. Өйткені, қай кезде де адам өмір сүретін ортадан қызмет етіп, іс-әрекет жасаса, өз қажеттілігін өтеу үшін алдында мүдде мен мақсат қойып, мұратына жетуге ұмтылыс жасайды. Ал, мұратқа жетуде білім, ақыл-ой, шеберлік, ұстамдылық пен шыдамдылық, яғни рухани құндылық негіздері ерекше орын алады. Адамның өмір сүру үшін руханилықтан бастап, адам өмірін бағалау, адамның жағымды және жағымсыз қасиеттері мен адам өмірінің мәдениетінің негізін қалыптастыратын білім мен тәрбие.

Адамзат тарихында құндылықтардың қалыптасуы, мәні мен мағынасы, өткен ғасырдан-ақ ұлы ойшыл-ғұламалар, педагог-ағартушылар мен ғалымдардың басты назарында болып келеді. Олар өздерінің шығармаларында салауатты өмір салты, құндылық, салауатты өмір сүру жолдары деп ашып көрсетпегенімен өз ұрпағының адал, үлкенді сыйлайтын, әділ, ержүрек, ізгі ниетті, ар-ожданды, парасаттылық пен адамгершіліктің басты белгілерінде салауатты өмірді орнықтыру мақсатын көздеді. Тарихқа шолу жасасақ, ол сонау Орхон-Енисей жазуынан бастап Қорқыт, Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, А.Иассауи, Ө.Тілеуқабылұлы т.б сияқты орта ғасыр ойшылдарының шығармаларынан бастау алды. Олардың ішіндегі адам баласы қанша өмір сүрсе де ешбір ескірмейтін, қадір-қасиетін жоғалтпайтын бүкіл адамзаттық мәнге ие болып қалыптасқан құндылықтар, ұрпақты салауаттылыққа тәрбиелеудегі жоғарыда өнегелері өз мәнін жоймайды [2].

Қазақ мәдениетіндегі құндылығын жоймайтын маңызды салалардың бірі - өнер. Өнер - ой мен сезім бірлігі арқылы әлемнің тұтастай көрінісін жасайтын адам әрекетінің бір түрі. Халық өз салты мен дәстүрін, ғұмырлық тарихын ең алдымен өнерге сіңірген, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Осы ғасырлар бойы жиған-терген асыл рухани қазыналарды, жас ұрпақтың бойына сіңіріп, дүниетанымын қалыптастыруды өнер арқылы тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі. Өнер сүйген қауым адам баласына тән ізгі қасиетті, шынайы достық пен махаббатты әсем мінез-құлықты қастерлейді. Қазақтың әнін мен күйін естіп өскен адамды биік

мұраттарға жетелейді. Шынында да, өнер мәдениетінің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі - оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы.

«Біз қазір музыка саласында өзіміздің халқымыздың дәстүрінен, дүниежүзілік классикалық үлгіден айырлмай, ілгерілей беруіміз қажет, - дейді ғалымдар Ә.Нысанбаева мен Т.Әбжановтар, - өйткені музыка халқымыздың адамгершілік пен парасаттылық қасиеті жете тануға бастайтын жол ғой». Өте тура да, әділ айтылған пікір. Ендеше осы халқымыздың дәстүріндегі әсем ән мен тәтті күйіміз, бізді адамгершілік пен парасаттылыққа жетелейтін жол. Осы бір аса бай рухани қазыналардың бүгінгі таңда жастарға тәрбие берудегі рөлі де айрықша. Сол үшін де өнер сүйген қауым адам баласынан тән ізгі қасиеттерді қастерлейді.

Музыка - ерекше өнер түрі. Оның көп жақты сырын игеру, түсіну, қабылдау, тереңдеу тым ерте, яғни сәби шағынан басталуы тиіс. Сонау Эллада дәуірінде ақылман Аристотель адамның жан-жақты мәдени және рухани дамуына ерекше мән беріп, әсіресе, өнер, соның ішінде музыка адамдарды тәрбиелеудің негізгі құралы деп таныған. Д.Кабалевский былай деп жазды: «Музыкаға деген қызығушылық, музыкаға әуестену және оны ұнату, оның ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ғана ол өзінің тәрбиелік және танымдық рөлін атқара алатын болады. Ал музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған, оны ұнатпаған адамға білім мен тәрбие беремін деу сәтсіздікке ұшыратпай қоймайды».

Музыкалық білім мен тәрбие берудің негізі ұлттық дәстүрімізде. Біздің қазақ халқымыздың мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін зерттеу мәселесі де жас ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңызға ие болды. Оқушы музыка әуенінің өзіндік ерекшелігін түсінуі керек. Шығарманың шығу тарихымен танысу керек. Кез келген музыкалық шығармадағы мінез, құрылым, мазмұн, жанр, стиль, шығу тарихы алғашқы сатыдағы терең талдау әдісіне бағынышты. Екінші кезеңде музыканы өңдеу, штрихтарын жөндеу, саусақтарын қою. Ал, үшінші кезеңдегі шығарманың әсемдігін сезініп, еркін орындай білу, шығармашылық шеберлігін шыңдау.

Адамның рухани өміріне өнердің берер әсері көп. Өнерде көркемдік, жасампаздық, танымдық, бағалы-хабарлар ету бағыттары жеке тұлғаның әлеуметтенуіне, оның шығармашылық әлеуетінің дамуына ықпал етеді. Өнер арқылы дүниетанымды қалыптастыру студенттердің тек көркемдік құндылықта бағыт табуды ғана емес, сонымен қатар қоршаған орта, т.абиғат, кеңістік, әлем туралы білімдерін кеңейтеді.

Өнертану ғылымдарының докторы Б.И.Каракулов: «Қазақтың кәсіби музыкасы, дәстүрлі фольклоры сияқты, көшпелі тұрмыс жағдайында туды және онымен тығыз бірлікте дамыды. Қазақ халқы өзінің өмірі мен тұрмыстық ерекшеліктеріне байланысты өнердің барлық түрлерін рухани қазына етті. Бұл тұрғыда саз өнері мен сөз өнерінің маңызы ерекше. Өнердің бұл түрлерінде халықтың сан ғасырлық ақыл-ойы, парасат пайымы, өмірге көзқарасы мен наным сенімдері жинақталған», - деп тұжырым жасаса, ғалым ағамыз А.Сейдімбек өзінің бір рухани құбылыс ретінде дамыған және олар үшін өнер және қол өнері мәдени рухани құбылыс ретінде дамыған, және олар үшін өнер тек қана рухани-эстетикалық ләззат беріп қоймаған, сонымен бірге ел қамы, халық тағдырына қатысты істерге қолқанат болып, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешудің құралы да бола білген. Өнер көшпелілер өмірінің реттеушісі» деп түйіндейді. Яғни, өнер - мәдениеттің маңызды саласының бірі. «Өнер – мәдениеттің айнасы» деп бекер айтылмаған. Өнер арқылы мәдениет өзінің тұңғыық тереңінде болып жатқан құбылыстарын дәл бір айнаға қарап көргендей, байқап отырады. Өнер-адами ақиқат, адамдандырылған «екінші әлем» тудыратын адамның құдыретті. Сондықтан да өнерді «мәдениеттің айнасы» деп анықтауында негізі бар [3].

Өнер дегініміз - ой мен сезім бірлігі арқылы әлемнің тұтастай көрінісін жасайтын адам әректінің бірі түрі. Халық салты мен дәстүрін, ғұмырлық тарихын ең алдымен өнерге сіңірген, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Осы ғасырлар бойы жинаған-терген асыл рухани қазыналарды, жас ұрпақтың бойына сіңіріп, дүниетанымын қалыптастыруды өнер арқылы тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі. Өнер сүйген қауым адам баласында тән ізгі қасиетті, шынайы достық пен махаббаты, әсем мінез-құлықты қастерлейді. Қазақтың әні мен күйін естіп өскен адамды биік мұраттарға жетелейді. «Өнер-бұл құдіретті күш» (О.Бальзак)

Ата-баба ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке қолы жеткен еліміздің білім, тәрбие беру ісіндегі басты мақсат - рухани жан дүниесі биік, жеке тұлға қалыптастыру. Ал тұлғаны музыкаға тәрбиелеу дегеніміз - ол баланың бойында белгілі бір қызығушылықты ояту, қажетті құндылық бағдарын, соның ішінде пайдалы іс-әрекеттерді қалыптастыру, дарындылық көзін ашу деген сөз. Қабілет дегеніміз - белгілі бір немесе бірнеше істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттері, ал дарындылық дегеніміз - қабілеттердің өте жоғарғы деңгейі, адам мүмкіншіліктерінің әр түрлі сапада ерекше сипатқа ие болуы.

Қазақ халқы өте бай тарихтың, өнердің, мәдениеттің және ұрпақ тәрбиелеудегі өзіне тән тәрбие көздері мол, әдістері ұлттық ерекшеліктерді қамтитын мұраның иесі. «Ақыл озбайды, білім тозбайды» демекші, тәлім-тәрбие - ұзақ уақыт-мерзімді тәжірибелер, ақыл-ойдың арқасында қалыптасады. Өсіп келе жатқан жеткіншектерімізді ұлағатты игіліктер мен мәдени мұрасының сабақтастығын сақтай отырып мәдениетті, парасатты, білімді, көрегенді етіп тәрбиелеу, олардың дүниетанымын жоғары азаматтық деңгейге жеткізу, білімдік сапаларын жан-жақты дамыту, ұстаздардың қазіргі таңдағы басты мақсаты болып табылады.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхамеджанов Б.К. Студент: әлеуметтік бітімі, жай-күйі, құндылықтарының көзқарастық бағдарлары: социология ғыл.канд.дисс. ҚР. – Түркістан, 1999ж.
2. Әбенбаев С. Ұлт тағылымы. №1, 2003ж.
3. Қалиев С. Көне тарихқа көз жіберсек. Ұлт тағылымы. №1, 2004ж.

## ЖАС ПЕДАГОГТАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ НӘТИЖЕЛІ КӘСІБИ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

НАЗАРОВА Шынар Талғатқызы, А.С. ИРГАЛИЕВ

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

Орал, Қазақстан

shynar\_93\_93\_10@mail.ru

### Аңдатпа

Мақалада жас педагогтардың нәтижелі кәсіби әлеуметтенуі, кәсіби әлеуметтену факторлары, кәсіби әлеуметтену сатылары, кәсіби әлеуметтенуге қойылатын талаптар қарастырылады.

**Тірек сөздер:** жаңартылған білім беру бағдарламасы, нәтижелі кәсіби әлеуметтену, рефлексия, функционалдық сауаттылық.

### Abstract

The article discusses the issues of effective socialization of young teachers, factors of professional socialization, stages of professional socialization, professional socialization.

**Key words:** updated educational program, effective professional socialization, reflection, functional literacy.

Қазіргі оқу орнын бітірген жас педагог – еліміздің келбеті. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, өмірге икемделген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру», - деген тұжырым жасады [1]. Ол үшін бүгінгі оқу үрдісіне сай жас педагогтардың кәсіби әлеуметтенуіне педагогикалық шеберлік қажет. Жас педагогтардың бойындағы педагогтік шеберлік - дарынды талант емес, үйрену, ізденудің нәтижесі. Осы орайда жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіп отырудың маңызы зор.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заманауи тенденцияларға негізделген. Өйткені білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болып, оқытудың парадигмасы өзгерді. Осыған байланысты ұстаздар алдында



оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек [2]. Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, «өмірдің өзгерістеріне дайын болатын», белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс [3].

Жас педагогтар білім беруде балаға не білу керектігін түсінсе де оны қолдана алуды қалай үйрету керектігін білмей қиналады. Заман ағымына ілесе алатын, мол ақпаратты меңгерте білетін әлеуметтік қарым қатынасқа түсе алатын оқушыларды даярлау үшін педагогтың кәсіби күзіреттілігін дамыту – басты міндет болып табылады. Яғни педагог «үйретуші мен білім көзі» емес, «үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер», «үйренуге жағдай жасаушы». Бұл ұстанымнан «Шәкірт өздігімен үйрену керек», - деген түсінік қалыптасады.

Сонымен жаңартылған білім беру жағдайында жас педагог қандай болуы тиіс:

- толысқан шығармашыл тұлға,
- рухани дамыған,
- тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған,
- педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген,

Осы орайда жас педагогтарға қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, педагог – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болу керек деп тұжырымдауға болады. Бұл бағытта педагогтардың біліктілігін арттыру – басты мақсат болып табылады.

Нәтижелі кәсіби әлеуметтену – жас педагогтардың әлеуметтік қатынастарға, іс-әрекетке және байланыстарға толығымен енуі, бұл өз кезегінде алдымен үйрету мен әдеттендіру арқылы әлеуметтік тәжірибенің қалыптасуынан, соңынан саналы жеке әлеуметтік тәжірибенің түзілуі үрдісінен құрылатын процесс [4].

Кәсіби әлеуметтенген жас педагог жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жалпы орта білім беруді ұлттық тәрбиемен ұштастыруы тиіс. Бүгінде педагог рөлі өзгерді, ол бұрынғыдай балаға білім берудің бірден-бір көзі болып есептелмейді, оның негізгі міндеті оқушыға білімнің өзін емес, өз бетімен білім алудың жолдарын, алған білімін өз бетімен пайдалана білу әдістерін көрсетуші, өзіндік әрекеттерге бағыттаушы болып табылады. Сондықтанда ҚР Үкіметінің 23.08.2012 жылғы №1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес дайындалған білім берудің жаңартылған мазмұнының оқу бағдарламасындағы өзгерістер негізінде педагогтардың біліктіліктерін арттыру саласы көздейді: жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнының әдіснамасы мен мазмұнын игертуді; педагогикалық қызметтің жаңа мақсаты мен тәсілдерін меңгерту; білім берудің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау әрекетінің жаңа тәсілдерін қолдану икемділіктерін қалыптастырады [5].

Жас педагог қызметінің нәтижелі болуы, оның оқу және тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін жете түсінуге байланысты. Педагог оқушыларға саналы тәрбие жан-жақты білім береді, олардың көзқарасын қалыптастырады, дүниетанымын дамытады,

еңбек пен қоғамға деген сүйіспеншілігі мен ынтасын тәрбиелейді. Сондықтан жас педагог жоғарғы оқу орнынан алған білім көлемімен шектеліп қалуға болмайды.

Жас педагогтың кәсіби әлеуметтенуге қойылатын негізгі талаптар:

- қоғамның алдыңғы қатарлы идеяларын игеру;
- жан-жақты білімдарлық өмірдің әртүрлі саласынан хабардар болу;
- педагогикалық байланысты пәндерден - психологияны, анатомия, мектеп гигиенасын,

мектеп тану пәнін жақсы білу керек.

- оқытатын пәнін, соған байланысты ғылымдарды, олардың жетістіктерін, ағымын жақсы білу керек.

- жұмысына шығармашылық көзқарас;
- баланы жете білу, олардың жан дүниесін түсіну, педагогикалық сенім, оптимизм;
- педагогтік техниканы меңгеру, қисынды, мәнерлі сөйлеу;
- педагогтік әдептілік тактіні меңгеру;
- балаға деген сүйіспеншілік пен әділдік.

Жас педагог түсінігі кең және тар мағынада қолданылады. Тар мағынада жас педагог өзінің мамандығын толық меңгерген, мемлекеттік сынақтарды тапсырған, дипломын қорғаған, толық курстан өткен, жоғарғы немесе орта білімді меңгерген маман иесі болып табылады.

Кең мағынада жас педагог жоғарғы немесе орта білімі бар, жасы жиырмадан асқан, еңбек пен әлеуметтік жағынан өзін-өзі анықтаған, басқа адамдардан өзіндік айырмашылығы бар маман болып табылады.

Кәсіби әлеуметтендіру зерттеушілердің айтуы бойынша кез-келген жас педагогтың кәсіби деңгейіне байланысты, сонымен қоса маманның өзіндік ерекшелігіне ақылына, дағдысы мен өзіне тән тұлғалық сапаларымен анықталынады және қоғамға жағымды қатынасты көрсете алады [6].

Жас педагогтардың әлеуметтік және жасерекшелік жағынан келесідей ерекшеліктері болады:

- жас педагогтың еңбекті орындаушы ретінде, негізінен, теориялық білімі ғана болады. Еңбек әрекетінде тәжірибесі аз, білімі толық емес, сондықтан әлі де білім алып тәжірибе жинақтауы үлкен мәнге ие;
- жас педагогтың еңбек әрекеті төменгі иерархияны құрайды және еңбек ақысы төмен болады, бұл сатыда тек қажеттілікті ғана қанағаттандырумен шектеледі;
- жас педагог басқалармен салыстырғанда өзінің жас ерекшелігімен және тәжірибесінің аздығымен айқындалады;
- жас педагог үлкен мобильділікті иеленеді, профессионалды дайындықты қажет етеді, теориялық білімін практика жүзінде біртіндеп қолдана бастайды.

Жас маманның жаңа ортаға нәтижелі кәсіби әлеуметтену нышандарын мынадан байқауға болады:

Біріншіден - өз жұмысына қанағаттануы. Оған жұмысқа барған ұнайды, ол өзіне сенімсіздік танытпайды және қорықпайды.

Екіншіден - жұмыс талаптарының жеңіл меңгеруі үшін оған осы қиын кезде қолдау жасау керек. Жұмысының төмен деңгейде жүріп жатқанын және оның баяулығын сынамау керек. Оның ары қарай нәтижелі жұмыс істеуіне көмектесу керек.

Нәтижелі кәсіби әлеуметтендірудің келесі нышаны жас педагогтардың жұмыс тапсырмаларын өз бетімен орындау деңгейі, тапсырманы өзі орындай алмаса, қасындағы басқа адамдардан көмек сұрауы.

Отандық және шетелдік авторлардың айтуынша, жас педагогтардың жаңа жұмыс орнында нәтижелі кәсіби әлеуметтенуі кезінде өз мамандығы бойынша жұмысты дұрыс таңдау, кәсіпке деген жарамдылық және жұмыс жасауға деген қалау, қызығушылық, белсенділік т.б. көптеген факторлар әсер етеді.

Жас педагогтарды жаңа ортада кәсіби әлеуметтендірудің негізгі факторлары:

1. Жоғарғы оқу орнынан алған теориялық білімінің жаңа жұмыс орнына сәйкес келуі;

2. Жас педагог өзінің мүмкіндіктерін тиімді жасай білуі, ішкі мобильділікті шартты түрде орындай білуі, теориялық білімді игеруі.

3. Жас педагогтардың өзінің меңгерген теориялық білімін практикалық түрде қолдана алуы;

4. Ұжыммен қарым-қатынас орната білуі;

5. Бос уақытын дұрыс ұйымдастыруы [7].

Жас педагогтардың кәсіби әлеуметтендіру процесіндегі кері әсер ететін процесс басшының жас педагогқа немқұрайлы қарауы, ешқандай көмек көрсетпеуі, келісушілікке келмеуінен және өзі келген ұжыммен дұрыс қатынас жасай алмауынан туындайды. Басшының нәтижелі кәсіби әлеуметтену процесіндегі рөлі – жас педагогқа басшы тарапынан қолдау болса, жұмысын нәтижелі істей алады. Басшы жас маманға көптеген міндеттер жүктемей, оның дұрыс кәсіби әлеуметтенуіне дұрыс әсер еткенде ғана жас педагог өзіндік ерекшеліктерін көрсете бастайды. Ол өзінің әлсіз және мықты жақтарын басшыға көрсете бастайды, осы кезде басшы оның мықты жақтарын пайдаланып, әлсіз жақтарын түзетсе, жас маманнан нағыз өз ісінің шебері болатын тұлға қалыптасады. Сонымен қоса, жас педагог толық жұмысқа нәтижелі кәсіби әлеуметтенгенше басшы оны бақылауда ұстау керек.

Н.Е.Щурова бойынша жас педагогтардың жаңа ортаға нәтижелі кәсіби әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар:

- уақытқа қарай кедергі келтіретін себептерді анықтау, әрі жою жолдарын қарастыру, жаңа жағдайға байланысты тактиканы өзгерту;

- жеке тұлғаның басты ұстанымы өзіндік белсенділігінде көрінетінін ескеру;

- жеке бас дамуында тәрбие мен өзіндік тәрбие сәйкестігі, ол мақсат, әдістер және тәрбие түрлерін таңдаумен байланысты байқалады;

- дербестікті дамыту құлшыныс, барынша әрекетті іскер ұйымдастыра білу мен табысқа жетелеуге бағыттау [8].

Осы талаптарды кешенді қолға алу жас және дара ерекшеліктерін үстіртін емес, процесс дамуын тереңдете, себеп-салдар қатынасының заңдылығына сүйене қарастырылса ғана жүзеге асады. Жеке тұлғалық ықпал етуде факторлар әсері оны дамытуға немесе тежеуге әкеледі. Ол екі бөлімде қарастырады: кәсіби әрекет ерекшелігі және кәсіби маманның жекелік сипаты. Ол факторлар: ішкі және сыртқы немесе жекелік және ұйымдастырушылық деп бөлінеді. Кейбір зерттеулерде үшінші фактор іс-әрекетті мазмұндық тұрғыда дербес әрекет ретінде жекелік, рөлдік және ұйымдастырушылық деп қарастырады. С.К. Бубнова зерттеулері бойынша мамандардың жаңа жұмыс орнына кәсіби әлеуметтенуінің негізгі факторларына келетін болсақ, ол ең алдымен ұйымдастырушылық факторларға тоқталады. Оған әлеуметтік психологиялық әрекет жағдайы, жұмыс мазмұны, орта жатады. Жас педагогтар жеке немесе топтық қарым-қатынасқа түскенде әр тұрғыда өз эмоцияларын бекітіп отыру қажеттігі туындайды, назар салып мұқият тыңдау: визуалды, аудиалды және кинестетикалық ақпаратты есте сақтап, артынша альтернативті шешімге тез келе білуге әкелуден тұрады деген болатын [9].

А.К. Маркованың пікірінше, жас педагогтардың жаңа ортаға кәсіби әлеуметтенуі сипаты екі деңгейде жүреді, яғни ақпараттық стресс және эмоционалды стресс. Ақпараттың шектен тыс көптігінен индивид міндетті орындауда жоғары деңгейде жылдамдықпен шешімді дұрыс жасай алмауы; ал эмоционалды стресс пен ашулану барысында іс-әрекетке деген мотивация өзгеріп, мінез-құлқы және сөйлеу мәнері бұзылады» деп атап айтады зерттеуші [10].

А.Г.Поршнов бойынша жас педагог жаңа ортаға кәсіби әлеуметтену процесі барысында мынадай сатылардан өтеді:

- Бірінші саты – жаңа жұмыс орнымен және жұмыспен, жұмысшылармен танысып, ары қарай қызмет етуге, өзінің болашағы үшін бірлесіп жұмыс атқаруға кіріседі. Жас педагог басшымен дұрыс қатынас жасағанда ғана жұмысы сәтті болады, себебі кез-келген мәселені басшымен бірлесіп қана шеше алады және жұмысын формалды түрде нәтижелі істей алады.

- Екінші саты – таныс адамдары көбейеді, топпен қызығушылығы сәйкес келе бастайды, іскерлік өзара қатынастар қалыпқа түсе бастайды. Топ та жас маманды жылы қабылдай бастайды. Бұл сатыда педагог конфликтілі жағдайды байқамайды, себебі топтағы адамдардың жақсы-жаманын айыра алмайды, өзі де топ үшін жақсы адам болып көрінеді және соған тырысады.

- Үшінші сатыда жас педагог топпен жақсы қатынас жасай бастайды, барлық адамдардың көңіл-күйі көтеріледі, өзінің де көңіл-күйі көтеріледі, жұмысты белсенді істей бастайды, бірақ бұл сатыда конфликтілі жағдай туындайды, конфликт нәтижесінде топта өзін көрсете бастайды, беделді бола бастайды.

- Төртінші саты жас педагог қоғам өміріне белсенді араласа бастайды және өзіндік пікірін, жаңа ойларын айта бастайды.

- Бесінші сатыда да барлық сәттіліктер мен сәтсіздіктерді қабылдай бастайды. Өзіне керекті жиналыстарға белсенді қатысады. Топ оның пікірімен санаса бастайды. Сонымен қоса, жас педагог топтан қолдау таба білсе, өзінің күмәнінен байырылады, өзінің жіберген қателіктерін түзетеді, комфорттылықты сезіне бастайды. Жас педагогтың өзіндік ерекшеліктері, жұмысқа қабілеті айқын, мықты және әлсіз жақтары, жіберген қателіктері айқын көріне бастайды.

- Алтыншы сатыда жас педагог өзінің мамандығына қатысты кез-келген мәселені өз бетімен шеше бастайды. Өз жұмысының нағыз маманы болады, кез-келген мәселені өзі ұйымдастыра алады және оны үлкен жауапкершілікпен істейді. Топпен толықтай жақсы қатынас орнатады және өзінің жұмысынан қанағат алады [11].

Қорытындылай келе, жас педагогтарды нәтижелі кәсіби әлеуметтендіру процесі өте күрделі, жан-жақты процесс болып табылады. Сонымен, кәсіби әлеуметтендіру дегеніміз тұлғаның қоғамға енуі, сонымен қоса қоғам шарттарын, талаптарын сәтті орындай алуға қабілеттілігінің жоғары болуы және сол ұжымның қазіргі өміріне бірден бой ұсынып, оның кез келген шарттарын, нормаларын орындай алуы, тұлғааралық қарым-қатынас жасауға талпыныс арқылы сол топтық ортасына енуі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. [https://baq.kz/kk/news/aimaktik\\_bak\\_muragat/regmedia-44473](https://baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-44473), сілтемеге жүгіну күні – 22.10.2019
2. Бортко Т.Г. Проблемы социализации учащихся общеобразовательных школ Казахстана. - Алматы, 2005. – 45 б.
3. [https://alashainasy.kz/ustazdar\\_ustahanasy/janartyilgan-bagdarlama--blm-berudeg-jana-mazmun-103589/](https://alashainasy.kz/ustazdar_ustahanasy/janartyilgan-bagdarlama--blm-berudeg-jana-mazmun-103589/), сілтемеге жүгіну күні – 23.10.2019
4. Иргалиев А.С. Основы социализации личности: Монография. Уральск: - 2012. – 114б.
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ереже / Ресми басылым. Астана, 2012. (ҚР Үкіметінің 23.08.2012 ж. №1080 қаулысы бойынша), сілтемеге жүгіну күні – 23.10.2019
6. Андреева Г. М. К проблематике психологии социального познание // Мир психологии. – 1999. - № 6. - 45-47б.
7. Скендірова А. Жаңа формациядағы педагогтың жеке элитарлы тұлғалық үлгісімен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері. // «Педагогика және психология». №1. - Алматы, 2009. - 127-130 бб.
8. Щурова, Н.Е. Педагогическая технология.- М.: Педагогическое общество России, 2002. - 224 б.
9. Бубнова С. Психологические аспекты профессиональной консультации.//Психологический журнал,- 1990.- № 1.- 67-72 бб.
10. Маркова А.К. Психология профессионализма. М., 1996, 308. 157 б.
11. Основы и проблемы экономики предприятия. Пер. с нем. / Под ред. А. Г. Поршнова. - М.: Финансы и статистика, 2005.



## **БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ НУРБАЕВА Қарғаш Жалмырзаевна, НУРБАЕВ Мирболат Габитович**

*№4 мектеп, №2 Аула клубы*

Ембі, Қазақстан

kargash88@mail.ru, mirbo\_88@mail.ru

Білім беру – шын мәнінде баланың өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып белсенді іс – әрекет жасауына, жақсы көруі мен қорғанушылығын еркін көрсете білуіне, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін – өзі тәрбиелеп дамытуына, жас және жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғызу деген сөз. Оқушының өзін тану үшін ғылыми және өмірлік проблемаларын шешудің бірден – бір тәсілі – өзін-өзі рефлексиялық басқаруды жүргізе алуы. Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде бастауыш және орта білім кезеңінен -ақ демократиялық қарым – қатынастарды орнықтыру көзделеді. [1,25]

Білім беру жүйесі әр қашанда оқушының мектептен тыс уақытта өз бойындағы құндылықтардың қалыптасуына негізделеді. Қазіргі уақытта қоғамның интеллектуалдық және білім беру деңгейі ұлттық байлықты құраушы сипат алды, адамның білімділігі, кәсіби мобилділік, шығармашылыққа ұмтылу және стандартты емес жағдайда әрекет ету іскерлігі еліміздің қауыпсіздігінің және тұрақтылығының кепілі. Қазіргі экономикада еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігі жаңа технологияларды игеру деңгейіне, өте көп ақпараттарға үйренісе алуына байланысты. Жаңа қоғамға сапалы, бәсекеге қабілетті білімділік жүйе қажет. Осыған байланысты білім беру құзыреттілігі идеясы еңбек нарығындағы жаңа сұраныстардың жауабы болып табылады. Құзыреттілік көз қарасын енгізу азаматтардың құзыреттілігін білім беру құралдарымен дамыту мақсатында білім берудің мемлекеттік бағдарламасында берілген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында тұлғалық ерекшелігін есепке ала отырып білім беру нәтижесі ретіндегі құзыреттілігіне бағытталған орта білім беруді 12 жылдық білім беру қабылданған. Білім беру жүйесінің мақсаты білім берудің негізгі құзыреттілік түрінде күтілетін нәтежені білдіреді: мәселені шешу (өзіндік менеджмент), ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік. [2,12]

Мәселені шешу немесе өзіндік менеджменттің мынадай мүмкіндіктері береді:

- Әр түрлі жағдаяттарды проблемаларды анықтайды, жауапты шешім қабылдайды, өз шешімінің нәтижесін бағалайды;
- Өз әрекетіне мақсат қояды, жетістіген жоспарлап және ұйымдастыратын, оны жүзеге асыратын жағдайды анықтайды (технологияны өңдеу);
- Өз әрекетінің нәтижесін бағалау, өзіндік бағалау және рефлексияны жүзеге асыру;
- Өзіне нақты жағдайларда әрекеттер нормасын таңдау;
- Технологияны таңдау, нақты технологиялар арқылы жүру.

**Білім беру өнімі - мектеп түлегіне қойылатын талаптар:**

**Құндылықты – бағдарлы құзыреттілік** – өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық белсенділіген көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлуметтік жағдайларға баға бере білу.

**Мәдени танымдық құзыреттілік** – Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өз халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени – демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру.

- **Оқу – танымдық құзыреттілік** - өзінің білімділік қызметін ұйымдастыра білуі, тиімді жоспарлай білуі, соған сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік – зерттелушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзінің әрекетіне талдау және қортынды жасау тәсілдерінің білуі.

- **Коммуникативті құзыреттілік** – адармен өзара әрекет пен қарым – қатынас тәсілдернің білуі, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдердің орындалуы, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастыруы.


- **Ақпараттық технологиялық құзыреттілік** – бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялай білуі.

- **Әлеуметтік – еңбек құзыреттілігі** – отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық – қоғамдық тәжірибе мен білімге ие болуы, әлеуметтік- қоғамдық жағдайларға нақты талдай жасай білуі, шешім қабылдай білуі, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына әне қоғам мүддесіне ықпал ете білуі.

- **Тұлғалық өзін –өзі дамыту құзыреттілігі**- дене тәрбиесі, рухани және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін өз мүддесі мен қызығушылығы үшін қажетті әрекеттер тәсілдерін игеру.

Тұлғаға бағдарланған білім беруде оқу нәтижесі бұрынғыдай бес балдық жүйемен бағаланып, оқушылардың білім, білік, дағдыларымен ғана өлшенбейді. Олардың (оқушылардың) құзыреттіліктерімен өлшенеді. 12 жылдық мектептегі оқыту процесінің ең басты ерекшелігі де осында. Мұғалім соңғы нәтижедегі құзыреттіліктердегі қалыптастыруға қол жеткізу үшін «құзырет» «құзыреттілік» ұғымдарының мәнін түсінуі қажет. Сонымен қатар тұжырымдама мен стандарттарға осы мәселемен байланысты негізгі бағыттарды бағдарлай білуі тиіс. [3,34]

Құзыреттілік – ‘compereto’- латын сөзі – сәйкес келемін, қол жеткіземін. Құзыреттілік – жеке тұлғалық әрекет пәні мен соған сәйкес құзырлықты меңгеруі. Декларативтік (эксплициттік) білім – сөз жзіндегі білім. Процедуралық (имплициттік) білім – практикалық білім.



Тұлғалық қасиеттер  
Белгілі бір әрекетке байланысты тұлғалық қатысты құзыреттерді игеру.

Құзыреттілік – міндеттерді шешудегі адамның қабілеті. Ю.Скжипчак пікірі бойынша құзыреттіліктер ішінде кейде бір нәрсеге қабілеттіліктің білім, білікке және осы қабілеттілікті қолдану қажеттілігімен сенім дәрежесіне, басқа сөзбен айтқанда бір міндетті орындау мотивациясына бағынышты құзыреттер бөлінеді. Құзыреттіліктерді топтарға (оқу және кәсібилік қызметтегі құзыреттілік, оқу және кәсіби қарым – қатынас құзыреттілігі және оқушы және мұғалім тұлғасын жүзеге асыру құзыреттілігі) және әр топ ішінде түрлерге бөлуге болады. [1,15]

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Дәріс материалы. Жоба. Астана 2006ж
2. 12 жылдық білім. 2006ж №9
3. География және табиғат 2008 ж №5

## СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.

**УАЙСОВА Акмарал Султанбековна, НУРМУХАНОВА Асель Нурлановна, МУСТАФА**

**Куланда Ибашкызы**

*ОСШ №60*

Актобе, Казахстан

selya\_94\_kz@mail.ru, a\_uaysova@mail.ru, kulanda.mustafa.59@mail.ru

*Земные чувства все отдайте постижению новизны.*

Данте Алигьери.

Новая образовательная система ставит перед собой задачу подготовить образованного, творческого человека, способного к адаптации в современном изменяющемся мире. И реализация современных инновационных технологий в учебный процесс является определяющей чертой школьного образования.

Время диктует необходимость технологической компетентности учителя, который должен владеть системой знаний о современных педагогических технологиях, уметь выбрать наиболее эффективные из них применительно к задачам конкретной учебно-воспитательной ситуации, направленной на развитие предприимчивости, креативности воображения и мышления учащихся. Использование образовательных технологий имеет ряд преимуществ: у ученика появляется возможность управлять процессом решения учебных задач, варьировать их по степени трудности, постепенно формируя навыки и скорость выполнения заданий. Способы инновационного обучения: модульное обучение, проблемное обучение, дистанционное обучение, исследовательское методическое обучение, метод проектов, социальное партнёрство.

Основными принципами инновационного обучения являются: креативность, нетрадиционные формы уроков, усвоение знаний в системе, использование наглядности.

Инновационные воспитательные технологии: игровые, здоровьесберегающие технологии; проектные, технология развивающего обучения; технология проблемного обучения, технологии групповой деятельности, ИКТ-технология; личностно-ориентированный подход, технология учебно-исследовательской деятельности на уроке, технология КТД (коллективные творческие дела)

Компьютерные средства обучения называют интерактивными, они обладают способностью откликаться на действия ученика и учителя, вступать с ними в диалог, что и составляет главную особенность методик компьютерного обучения.

Стремительное развитие общества, распространение мультимедийных и сетевых технологий позволяют расширить возможности использования ИКТ на уроках в современной школе.

Использование ИКТ при обучении школьников общеобразовательным предметам в школе ведет к повышению качества образования. Практика показывает, что дети с большим успехом усваивают учебный материал, если в урок включаются ИКТ, более значимой становится роль ИКТ в плане интеллектуального и эстетического развития обучающихся, формируется их информационная культура, которая так необходима школьнику для его будущей социализации, расширяется духовный, социальный, культурный кругозор детей.

В.Г.Белинский говорил: « Без стремления к новому нет жизни, нет развития, нет прогресса». Слова эти сказаны очень давно. Тогда о компьютерных технологиях никто и не помышлял. Но эти слова о нем, о современном учителе, об учителе, который стремится вперед, который готов осваивать все новое, инновационное и с успехом применять в практике своей работы.

Чтобы организовать качественное использование ИКТ на уроке необходимо учителю иметь достаточную подготовку в области использования средств ИКТ, а также должную мотивацию по переводу учебного процесса на современный уровень. Информационные технологии не только облегчают доступ к информации, открывают возможности вариативной

учебной деятельности, ее индивидуализации дифференциации, но и позволяют по-новому, на более современном уровне организовать сам процесс обучения, построить его так, чтобы ученик был бы активным и равноправным его членом.

Внедрение ИКТ на уроках русского языка и литературы позволили мне реализовать идею развивающего обучения, повысить темп урока, увеличить объем самостоятельной работы, как на уроке, так и при подготовке домашних заданий, сделать урок более ярким и увлекательным. Именно ИКТ позволили нам вместе с учениками погрузиться в другой мир, увидеть языковые и литературные процессы другими глазами, стать их участниками. Компьютер обладает достаточно широкими возможностями для создания благоприятных условий для работы по осмыслению орфографического и пунктуационного правила.

Прежде чем предлагать задания с использованием Интернета необходимо соблюдать следующие требования:

- в процессе постановки учебной задачи должны быть упомянуты, а лучше в письменном виде предложены сайты, рекомендованные для выполнения данного задания. Ссылки на тематические ресурсы я сама нахожу, чаще всего, на сайте сетевого объединения методистов или ввожу фразу поиска в поисковых сайтах как Yandex, Google. Это только кажется, что поисковая работа – это просто. На самом деле – это достаточно сложно, так как из всего многообразия предлагаемой информации нужно выделить и выбрать только самое главное и необходимое.

- прежде чем предлагать задание ученикам, связанной с использованием не только интернета, но и любой ИКТ, первоначально самому учителю, хотя бы эскизно представлять, что в результате он должен получить;

- нацелить обучающихся на трудоемкость выполнения задания, предупредить о неожиданностях, с которыми они могут встретиться в процессе работы над ним;

- обеспечить достаточный ресурс времени для выполнения задания;

- предупредить учеников о критериях оценивания работы;

- показать практическую значимость выполняемого учащимися задания, упомянув о том, что их работы могут потом использоваться как учебные пособия на уроках в других классах. Здесь же я чаще всего даю понятие об авторском праве, а после того, как ученик сдал работу, прошу разрешения для ее использования;

- список тем для подобного вида работ лучше предложить заранее перед изучением большой темы, творчества конкретного писателя, чтобы у учащихся было право выбора;

- программа реализации задания Word, Power Point;

- объем работы;

Опыт работы обучения орфографии и пунктуации при помощи компьютера говорит об эффективности данной технологии, что объясняется следующим:

- Ученик работает активно и самостоятельно;

- Изменяется форма контроля занятий: ученика контролирует компьютер, тщательно проверяя и сразу же оценивая работу;

- Применяется индивидуализация и дифференциация обучения: парные виды работы сочетаются с групповыми и индивидуальными;

- У ученика вырабатывается умение работать, соблюдая тишину, не мешая другим, развивается его коммуникативная культура;

- Формируется иная, чем на традиционных уроках культура поведения учителя – он наблюдает за ходом работы, оказывая помощь только в случае необходимости, поощряя самообразование и саморазвитие детей.

Каждый учитель знает, как оживляет урок использование видеоматериалов, которые можно включить в презентацию. Применение ИКТ на уроках русского языка и литературы приводит к целому ряду положительных результатов:

- Создание учителем медиатеки, включающей в себя презентации по биографиям и творчеству писателей XIX и XX веков;



- Повышает качество обучения;
- Усиливает интерес к изучению предмета;
- Дает возможность педагогу рационально распределять время урока;
- Доходчиво объяснять материал, делать его интересным.

При объяснении нового материала на уроке я использую презентации, слайды, изображающие иллюстрации, фотографии, портреты, видеофрагменты, таблицы и схемы.

При этом существенно меняется технология объяснения- ученики комментируют информацию, появляющуюся на экране, по необходимости сопровождая ее дополнительными примерами.

Применение ИКТ эффективно при подготовке и проведении учителем различных форм урока.

Успешность современного педагога:

- это способность управлять собой;
- ставить разумные личные цели;
- умение решать проблемы;
- личностный рост;
- изобретательность и способность к инновационному творчеству.

Девизом каждого учителя сегодня пусть станут слова Эмиля Золя, касающиеся всех сфер нашей жизни: «Единственное счастье в жизни- это постоянное стремление вперед...»

#### **Использованная литература:**

1. Леведь И.Н. «Афоризмы великих о ..» Москва «Дрофа», 2007 г
2. Е.С.Полат Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Москва, 2010 г.
3. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. Москва, 2015 г.

### **БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ РОЛІ АБДИЕВА Тазагуль Утарбаевна**

*«Ақтөбе қаласының №47 жалпы білім беретін орта мектебі» ММ*

Ақтөбе, Қазақстан

47ortamektep@mail.ru

#### **Аннотация**

Мақалада білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланыстылығы айтылады. Мұғалімнің басты көрсеткіші – біліктіліктің ғылыми түсіндірмесін беріп, оның нәтижесі туралы мәлімет беріледі.

Мұғалімнің сабақ үстіндегі шығармашылығын 4 деңгейге бөліп көрсетіп, өз еңбегінің нәтижесі туралы ой қозғайды. Шығармашыл мұғалімнің басты ерекшеліктеріне тоқтала отырып, жаңаша оқытудың педагогикалық тәсілдерін толық меңгеру нәтижесінде жететін жетістіктері атап көрсетіледі. Үлгерімі жақсы және орташа оқушымен жұмыс ерекшеліктеріне бірдей назар аудару, жан – жақты дамыған, барлық жағдайларға тез арада шешім қабылдай алатын ұрпақ тәрбиелеп шығару мүмкіндігін арттыратынына дәлелдер келтіріліп, креативті мұғалімге сипаттама берілген.

#### **Annotation**

The article talks about the close relationship of the quality of student performance with teacher's creative activities.

The teacher's activity is to obtain explanations and achieve results. These are applications in the lessons of 4 level tasks that contribute to the development of communicative creative abilities. An individual approach to each student with different motivational activities contributes to their inner potential, comprehensive development of the personality, brought up in the spirit of the times, able to navigate in any life situations and make quick decisions.

This, according to the author of the article, is the activity of a teacher with a creative type of thinking.

Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі-ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі.

Жаңа ғасырдағы мектеп алдындағы міндет-егеменді еліміздің жас ұрпағын жан-жақты дамыта отырып тәрбиелеу. «Елімізді 2030 жылы барысқа айналдыратын күш – мектеп партасында отырған оқушылар мен 15-20 жас аралығындағы жастар» деп Елбасымыз бекер айтқан жоқ. Өйткені Қазақстанның бүгіні мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде. Ал жас ұрпағын жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден бір жолы- оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс – тәсілдерін іздестіру, шығармашылыққа жетелеу. Бұл ретте мұғалімнің терең біліктілігі қажет. Біліктілік- бұл білімдегі, тәжірибедегі, берілген білімді меңгертудегі бейімділік, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік.

#### **Біліктілік:**

1. Білімнің негізінде қалыптасатын үлкен еңбек, яғни:
  - жауапкершілікті сезіну;
  - белгілі бір мәселені шешуге қатысу;
  - білім беру технологияларын түсіну, меңгеру, қолдануда қабілеттілік таныту;
  - еңбекке дұрыс қарым-қатынас;
  - кәсібінде үнемі ізденіс таныту.
2. Ақпараттық қажеттілікті сезіну.
3. Көздеген мақсатқа жетуде әдіс –тәсілдерін бір – бірімен сай келуі.

#### **Біліктілік негізі:**

1. Оқып үйрену:
  - белгілі бір тәжірибені пайдалана білу;
  - өз білімін өзара байланыстыра ұйымдастыру;
  - өзінің жеке оқыту бағдарламаларын құра білу;
  - өзін дамытумен дербес айналысу.
2. Іздеу:
  - әр түрлі базалық мәліметтерді іздестіру;
  - ақпараттармен жұмыс;
  - құжаттармен жұмыс жасай білу және оларды топтай білу.
3. Бейімделу:
  - технологиялар мен ақпараттарды қолдана білуге бейімделу;
  - өзгеріске икемділік таныту;
  - қиындыққа көне және жеңе білу;
  - жаңа шешімдер таба білу.
4. Ынтымақтастықта болу:
  - еңбекте ынтымақтастықта болу;
  - келіспеушілік пен әр түрлі көзқарастылықта көрегендік таныту;
  - келісе білу;
  - шарт жасай білу және оны орындау;
  - тілектестік және ынтымақтастық таныту.
5. Жұмысқа ниеттілік:
  - жобаға кірісу;
  - жауапкершілікті сезіну;
  - өз жұмысын ұйымдастыра білу;
  - өткенді жаңамен байланыстыруды ұйымдастыру;
  - қоғам дамуына сын көзбен қарай білу;

- қиындыққа және сенімсіздікке қарсы тұру;
- өзінің жеке көзқарасын білдіре білу, т.б.

Сапа өздігінен келмейді. Оны жоспарлау керек. Білім мекемесіндегі сапаға жету жолдарын жоспарлауды мына үлгіде құруға болады.

Жоспарлау кезеңі

- білім сапасының көрсеткішіне жету және оның мәніне қол жеткізеді;
- оқушылардың сұраныстарына және қажеттілігіне сай жаңа көзқарасты идеяларды, педагогикалық міндеттерді жаңаша шешуді талап етеді.

**Күтілетін нәтиже** – заманауи әдіс – тәсілді қолданады.

Біздің тұтынушыларымыз кімдер? Олар бізден не күтеді?

Олардың сұраныстарына біздер қалай жауап беруіміз керек?

Мекемеден олар не талап етеді? Тұтынушының қажетін өтеу.

2. Оқушы талаптары үшін біз қандай әдістерді қолданамыз?

Кездесетін қиыншылықтар мен кедергілерден шығуда неге сүйенеміз? Жетістікке жетуде қандай сыншыл факторлар болуы керек

3. Табысқа жол мүмкін? Жетістікке қалай жетеміз? Қандай стандартты жүзеге асырамыз?

4. Сапаны жүзеге асыру асырамыз? Сапа несімен құнды? Мамандар қызметін қалай ұйымдастырамыз? Кәсіптілік пен шығармашылықты дамыту жолдары қандай?

5. Мамандар қызметінде табыссыздық пен кезіккен кемшіліктерді жоюда қандай нақты әрекеттер болды? Нәтижелі жұмысты біз қалай не арқылы жүргіземіз?

6. Үрдісті бағалау білеміз? Нәтижені бағалауды қалай жүргізсек дұрыс болмақ? Сапаға жетуде білім мекемесі жұмысының құндылығы – бұл көзделген мақсатқа жету мен басты міндеттерді шешуде өз қызметін құру принципі. Ол:

- оқушыларды бірінші орынға қою;
- жоғары деңгейдегі кәсіптілікпен жұмыс істеу;
- бірлікте еңбек ету;
- тұрақты жақсартуға көмек жасау;
- барлық тұлғалар үшін бірдей еңбек ету;
- жоғары сапалы қызметпен қамту.

Білім сапасын арттыруда тұлғалар қызметін талап деңгейінде ұйымдастырудың мәні зор. Ол қызметтің бағыттары мынандай болып келеді:

Ұйымдастырушылық қызмет:

- педагогтің қызметін ұйымдастыру;
- мұғалімнің оқушы қызметін ұйымдастыруы;
- оқушы қызметіне жағдайдың жасалуы;
- мұғалім мен оқушының өзара байланыс қызметі;
- оқушының өз қызметін ұйымдастыруы.

Жобалаушылық қызмет:

- педагогикалық үрдіске қатысушылардың мүмкін болатын нәтижелерін жобалай білу;
- педагогикалық өзара әрекетті үлгілеу;
- педагогикалық технологияны жүзеге асыру үрдісінде мұғалім мен оқушының даму деңгейін болжау.

Коммуникативтік қызмет:

- педагогикалық үрдіске қатысушылардың (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар) арасындағы коммуникативтік қызмет.

- мұғалім мен оқушылар арасындағы ақпараттық алмасу;
- педагог пен тәрбиеленушілер арасындағы өзара түсіністік жағдайдың жасалуы.

Ю.К.Бабанский мұғалімнің сабақ үстіндегі шығармашылығын 4 деңгейге бөледі:

- мұғалімнің сыныппен өзара әрекеті, нәтижеге жетуге ұмтылуы;
- мұғалімнің сабақтағы қазметі, яғни жоспардан бастап оқытудың мазмұны, соған орай әдіс-тәсілдердің таңдалуы;
- оқушы шығармашылығын қалыптастыру, соны дамыту мүмкіндігін жасау;

-оқушылармен өзара қарым – қатынаста толық дербестік таныту, оқыту мен тәрбиелеуде нақты шағармашылықпен жұмыс жүргізу, оқушыларды өздігінен оқуға жұмылдыру.

Мұғалім шығармашылығы мынадан байқалады:

1. Алынған көрсеткіштерге талдау жасау;
2. Кезіккен проблемаларды, ситуацияларды сезіну;
3. Нәтижеге жету жолында педагогикалық өзара әрекет жүйесін құру;

4. Өз қызметінде бағдарланған міндеттерді шешуді тұрақты кері байланыс арқылы жүзеге асыру. Ал, мұның барлығы мұғалімнің кәсіптілігіне байланысты болмақ. Ол біріншіден, өзінің еңбегінің нәтижесін өлшеу біліктілігі мен қызметінде сапалы көрсеткішке жетуі. Екіншіден, практикалық қызметте педагогтің сапалық көрсеткішін зерттеу біліктілігі. Әр педагог өз жұмысына талдау жасауда: Неге жеттім? Неге ұмтыламын? Не кедергі жасайды? сұрақтарын басшылыққа алуы тиіс. Н.В. Кухарев бойынша педагогикалық шығармашылықты өлшеу.

Критерилері төмендегіше:

- Жаңашылдығы және түпкіліктілігі;
- Ғылыми негізділігі;
- Әлеуметтік – педагогикалық ерекшелігі;
- Болашақтылығы;
- Өзара әрекеттің тиімділігі;
- Қанағаттанушылық;
- Нәтиженің тұрақтылығы;
- Бейімділігі;

Педагогикалық шығармашылықты өлшеу критерийлері

**Критерийлердің қызметте байқау түрлері**

**Материалды берудің түпкіліктілігі:**

- білім беру мазмұнының түпкіліктілігі;
- пәнаралық байланыстардың түпкілікті негізі;
- жаңа әдістер, үлгілер, олардың түпкілікті байланысты;
- қолданылып жүрген әдістер, тәсілдер мен үлгілер дәрежесін

өзгерту;

- жаңа авторлық әдістеме;

1. Жаңашылдық және жаңа авторлық оқыту мен тәрбиелеу жүйесі;

Оның түпкіліктілігі педагогикалық ізденістегі бейімделу дәрежесі

**Педагогикалық – психологиялық ғылымдардың жетекші идеяларына сүйену:**

- өзінің шығармашылық ізденістерінен негізгі ойды ескеру;
- алдындағы қатарлы педагогикалық тәжірибелерге сүйену;
- басқа салалардағы: медицина, акмеология, философия,

2. Ғылыми дәлелділігі социология және т.б білімдерді пайдалану.

**Педагогтың өзі үшін ізденудің ерекшелігі:**

- әріптестер үшін ерекшелігі;
- оқушылармен шығармашылықпен жұмыс жүргізу бағытын дәрежесі;
- әлеуметтік тапсырыстар, ата-аналар сұраныстарының дәрежесі;
- білім беру жүйесіндегі шығармашылық ізденіске дем

3. Әлеуметтік- ерекшелігі берушінің әрекет дәрежесі;

- барлық аймақтың білім беру жүйелерін дамытудағы тәжірибелер ерекшелігі.

**Оқушылардың жұмысқа қабілеттілігін өсіру дәрежесі.**

- педагогтар мен оқушылар қызметінің тиімділігі;
- педагогикалық нәтижені аймақтық жағдайлар мен потенциалдық

мүмкіндіктеріне сай тұрақты жақсартуы;

- оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тұрақты күшейту;
- сыртқы себептерді азайту есебінен ішкі бағыттағы себептерді кеңейту;



- болашақ тенденцияларды ескергенде материалдық

4. Болашақтылығы, шығын дәрежесі, қолайлылығы.

**5. Педагогтың оқушыға ықпал ету дәрежесінің өзгеруі:**

- педагогикалық нәжиженің сапалық, сандық көрсеткіштерінің динамикасы;
- оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне педагогикалық әрекеттердің сәйкестік икемділігінің дәрежесі;
- педагогтың өзінің оқушылардың ықпалын өзгерту дәрежесі;
- оқушыларды жеке тұлға ретінде инновациялық, шығармашылық тұрғыда қалыптастырудағы педагогтың міндеті.

5. Өзара әрекет тиімділігі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігі;

- жаңа әдістердің туындауы.

**Педагогтің шығармашылық қызмет үрдісіне:**

- педагогтің өз қызметінің нәтижесіне;
- оқушылардың қызметінің әр кезеңде нәтижеге жетуі;
- оқушылардың еңбектестік үрдісіне;
- оқушылардың педагог қызметін атқару үрдісіне;
- сезімдік- адамгершілікті жетілдірудің өзара нәтижелері;
- ақыл-ойдың өсуінің нәтижелері;
- өзіндік даму және өзіндік жетілу жолы;

6. Қанағаттанушылық шығармашылықты қалыптастыру бағытына.

**Педагогтің қызметі бойынша көрсеткіші:**

- пәнді оқыту көрсеткіші;
- басқа педагогтардың пән бойынша көрсеткішіне қатысы;
- туыстас пәндер педагогтарымен байланысы;

7. Нәтиженің тұрақтылығы.

- білім беру жүйесіне қатысы.

**Өзіндік шығармашылыққа ынталандыруы:**

- педагогикалық технологияны меңгерудегі шығармашылығының мүмкіндігі;
- педагогтің жеке қасиетіне сай әдістер мен технологияларға бейімделу мүмкінділігі;

8. Бейімділігі инновацияны пайдалану қызметіне бейімділігі,

- білім беру жүйесіндегі педагогтің қызметіне бейімділігі;
- әр түрлі жағдайға бейімділігі;

Педагогтің өз еңбегіне, сапалы көрсеткішіне зерттеу және талдау жасау біліктілігіне қарай шығармашылық мынандай деңгейлерге бөлінеді:

1. Ақпараттық – өндірушілік: педагог басқаның тәжірибесін ескере отырып, нәтижеге жету жолындағы педагогикалық міндеттерді шешеді, нақты ситуацияларды шешудің тиімділігін талдауды біледі.

2. Бейімділік-болжаушылық: педагог өзіне белгілі ақпараттан оқушылардың потенциалдық мүмкіндіктері мен өзіндік жеке қасиеттерін ескере отырып, өзара әрекет әдістерін, құралдарын, тәсілдерін іріктеп, өзгертіп пайдалана біледі. Бұл деңгейде пәнаралық байланыс, саралап оқыту, білім, білік дағдыларын меңгерту жұмыстары жүреді. Бұл педагогикалық шығармашылықтың I деңгейі.

3. Ұтымдылық: педагогтың құрастырушылық – болжаушылық қабілеті байқалады, яғни жаңашылдық, педагогикалық үрдісті мақсатты, ұйымдастыру, педагогикалық міндеттерді шешудің қалыптан тыс түрлерін қолдану, т.б. Бұл II деңгейі.

4. Зерттеушілік: педагог өзінің ізденісінің тұжырымдамалық негізін анықтай біледі, оларды еркін қисындырады. Оның нәтижесін зерттеу негізінде өзінің жүйесін дайындайды. Бұл педагог өзінің тәжірибесін жинақтай біледі. Бұл педагогикалық шығармашылықтың «жоғары» деңгейі.

5. Креативтік. (шығармашылықты елестете білу) – болжаушылық: педагог жоғары міндеттерді ұсыну және олардың шешудің әдістерін негіздеу қабілеттерін көрсетеді. Мұндай қызмет нәтижесінде өмірлік шығармашыл инновациялық тұлға қалыптасады. Бұл деңгейде

педагог қызметінде өзара әрекет жасау әдісі орын алады. Принцип бойынша бұл әдістерді оның оқушылары да меңгереді. Олар тұрақты жағдайда өз мүмкіндіктері бойынша өзіне-өзі іштей жарысқа түсу үрдісінде нәтижеге жетуге тырысады. Алғашқы екі деңгейде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім өзін іздейді, яғни ол өзіне: Мен не істей аламын? Қолымнан не келеді? Деген сұрақтарын қойса III деңгейде, Қалай жақсы істеуге болады? Қандай әдіс-тәсілдер, құралдар жоғары нәтиже береді? Деген сұрақтар басшылыққа алса, ал IV, V деңгейде өз іс әрекетіне шығармашыл-педагог: Мен кімді қалыптастырамын? Менің қызметімнің нәтижесі не? Сұрақтарын басшылыққа алады. Мұғалім сабағына қатысу және талдау жасау, бағыт – бағдар беру мектеп басшыларының қызметінің негізгі және маңызды кезеңі болуы тиіс.

